

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ЕУРАЗИЯ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ ТЕХНОЛОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
EURASIAN TECHNOLOGICAL UNIVERSITY



EURASIAN
TECHNOLOGICAL
UNIVERSITY

**Еуразия технологиялық университетінің 75 жылдығына арналған
«ҒЫЛЫМ МЕН ҚҰҚЫҚТЫҢ СИНЕРГИЯСЫ: ЗАМАНАУИ ҚОҒАМ
ҮШІН БІЛІМ ИНТЕГРАЦИЯСЫ»
(Ғылым күні аясында)
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ
12 сәуір 2024 ж.**

МАТЕРИАЛЫ

**Международной научно-практической конференции
(в рамках Дня науки)
на тему: «СИНЕРГИЯ НАУКИ И ПРАВА: ИНТЕГРАЦИЯ ЗНАНИЙ ДЛЯ
СОВРЕМЕННОГО ОБЩЕСТВА»,
посвященная 75-летию Евразийского технологического университета
12 апреля 2024 г.**

MATERIALS

**of the
International scientific and practical conference
(within the framework of Science Day)
on the topic: «SYNERGY OF SCIENCE AND LAW: INTEGRATION OF
KNOWLEDGE FOR MODERN SOCIETY»,
dedicated to the 75th Anniversary of the Eurasian Technological University
12th of April, 2024**

Алматы 2024

УДК 34+001
ББК 67+72
М34

Авторлар ұжымы

Еуразия технологиялық университетінің 75 жылдығына арналған «ҒЫЛЫМ МЕН ҚҰҚЫҚТЫҢ СИНЕРГИЯСЫ: ЗАМАНАУИ ҚОҒАМ ҮШІН БІЛІМ ИНТЕГРАЦИЯСЫ» (Ғылым күні аясында) тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның МАТЕРИАЛДАРЫ, 2024 жылғы 12 сәуір / з.ғ.к., ғылыми-зерттеу профессорының Ж.Б. Оспанованың жалпы редакторлығымен – Алматы: ЕТУ, 2024. - 297 б.

Коллектив авторов

МАТЕРИАЛЫ международной научно-практической конференции (в рамках Дня науки) на тему: «СИНЕРГИЯ НАУКИ И ПРАВА: ИНТЕГРАЦИЯ ЗНАНИЙ ДЛЯ СОВРЕМЕННОГО ОБЩЕСТВА», посвященная 75-летию Евразийского технологического университета 12 апреля 2024 г. / под общ. редакцией к.ю.н., профессора исследователя Оспановой Ж.Б. - Алматы: ЕТУ, 2024. – 297 с.

ISBN 978-601-7613-78-5

Жинақта Ғылым күні аясында және Еуразиялық технологиялық университеттің 75 жылдығына арналған «Ғылым мен құқықтың синергиясы: заманауи қоғам үшін білім интеграциясы» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары ұсынылған.

Конференцияның мақсаты – заң ғылымының түрлі салаларындағы теориялық және практикалық сипаттағы өзекті мәселелерді жан-жақты талқылау, ғылыми нәтижелермен және халықаралық тәжірибемен алмасу.

Жинақ жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелердің ғылыми, ғылыми және педагогикалық қызметкерлеріне, докторанттарға, магистранттарға, студенттер мен практиктерге жолданады.

Ұйымдастыру комитеті авторлар ұсынған мәліметтер үшін жауап бермейді.

В сборнике представлены материалы Международной научно-практической конференции на тему: «Синергия науки и права: интеграция знаний для современного общества», проводимой в рамках Дня науки и посвященной 75-летию Евразийского технологического университета.

Целью конференции является всестороннее обсуждение актуальных вопросов теоретического и практического характера в различных областях юридической науки, обмен научными результатами и международным опытом.

Сборник адресован научным, научно-педагогическим работникам вузов и научных учреждений, докторантам, магистрантам, студентам и практическим работникам.

Организационный комитет не несет ответственности за предоставленную авторами информацию.

ISBN 978-601-7613-78-5



МАЗМҰНЫ /СОДЕРЖАНИЕ/CONTENT

ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАР/НАУЧНЫЕ СТАТЬИ/SCIENTIFIC ARTICLES

СЕКЦИЯ 1.

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ИННОВАЦИЯ»

«НАУКА И ПРАВОВЫЕ ИННОВАЦИИ»

«SCIENCE AND LEGAL INNOVATIONS»

Әли Д.А. , Қазақстан Республикасында шетелдік жұмыс күшін құқықтық реттеудің ұғымы туралы.....	7
Әли Т.А. Татуластыру рәсімдерінің ұғымы және азаматтық құқықтық дауды реттеудегі орны.....	14
Абдуманапова А.К. Этические аспекты использования технологий в юридической сфере.....	19
Амангельдинова А.А., Төрегелді С.З. Электронный документооборот в Республике Казахстан: опыт и перспективы.....	23
Бусакова Ф.М. Роль технологий в обеспечении конфиденциальности данных клиентов.....	29
Ибрагимова Ф.Г., Амирова М.А. Problems of determining the legal nature of the civil liability of a legal entity.....	33
Кожантаева Ж.К. Некоторые проблемы предупреждения налоговых преступлений.....	38
Ким Л.Р. Современный взгляд на понятие «документ» и проблемные вопросы исследования документов в уголовном судопроизводстве.....	45
Мұратова А.Б. Адам саудасы мен заңсыз көші-қонның байланысы.....	49
Оспанова Ж.Б., Асхатов Е.А. Правовое регулирование применения и правил функционирования искусственного интеллекта.....	53
Сарбасов Б.А. Правовые позиции Конституционного суда Республики Казахстан: вопросы теории и практики.....	57
Сулейман Ш. Применение технологий искусственного интеллекта в образовании.....	67
Төрегелді С.З. Система государственного управления и государственной службы в Республике Казахстан.....	74
Утепов К.Т. Инновации в судебной системе Казахстана: к новым горизонтам правосудия.....	82

СЕКЦИЯ 2.
«ҚҰҚЫҚ БОЙЫНША ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ ЗАМАНАУИ
ТЕНДЕНЦИЯЛАР»
«СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ В НАУЧНЫХ ИССЛЕДОВАНИЯХ
ПО ПРАВУ»
«MODERN TRENDS IN SCIENTIFIC RESEARCH ON LAW»

Байжанова Қ.У., Байзакова Р.Б. О некоторых вопросах практики назначения уголовного наказания.....	87
Еринбетова Л.К., Ерікова Л.Н. Современные тенденции в научных исследованиях по праву.....	95
Жугралина Б.М. Правовое регулирование экологической безопасности в Казахстане.....	100
Исмаилова Д.Ш. Правовое обеспечение безопасности жизнедеятельности.....	105
Кенжибекова Э.П. Тергеу және сот әрекеттерін жүргізу барысындағы аудармашының құқықтық мәртебесі.....	111
Климова Л.А. Қоғамдағы құқық бұзушылықтың негізгі түрлері және оның алдын алу шаралары.....	116
Момышева Ф.С., Туғанбаев Р.С. Заңды жауапкершілік және оның ғылыми әдебиеттегі түсіндірмесі.....	119
Омирова М.С. Ғаламтор желісін пайдалану арқылы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың заманауи криминалистикалық сипаттамасы».....	125
Сатыбалдинов Д.Д. Тергеу органдары мен жедел-іздістіру қызметкерлері арасындағы өзара әрекеттестікті ақпараттық қамтамасыз етудің заманауи тенденциялары.....	128
Сатыбалдинов М.Т. Жол-көлік оқиғаларының заманауи қылмыстық-құқықтық сипаты.....	135
Сералиева А.М., Казиева А.Н., Әбдіразақ А.Қ. Issues of chiping as a method of ensuring economic security of the population.....	139
Султанов С.И. Қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамдарының ерекшеліктері.....	148
Тлебаева Г.М., Еринбетова Л.К. Электронное голосование: проблемы и перспектива развития.....	154
Торгаутова Б.А., Исследования в области юриспруденции: проблемы, перспективы.....	159

СЕКЦИЯ 3.
«ҚҰҚЫҚ САЛАСЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ»
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ В ПРАВОВОЙ СФЕРЕ»
«SCIENCE AND EDUCATION IN THE LEGAL SPHERE»

Абдумананова А.К. Legal pedagogy in the age of science: bridging theory and practice for effective education.....	165
Айтжан Б.Е. Құқықтық пәндерді оқытудың тиімді әдістері.....	167
Альжанов А.Н. Азаматтық заңнаманың өзекті мәселелері.....	169
Ауешова Б.Т. Мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы заңнаманың аспектілері.....	173
Балғожаева Ж.Т., Алламбаев Ж.Ж. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің шетелдік тәжірибесі және азаматтардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық санасын арттыру.....	177
Батырбекова Б.К. Азаматтық құқықта зияткерлік меншік құқығын қорғаудың жалпы ерекшеліктері.....	182
Батырханұлы Т. Құқықтық пәндерді оқыту мен зерттеудегі әлеуметтік жауапкершілік: әулиет мектебін енгізу мәселелері.....	187
Бауберикова А., Кулажанова А.Н. Проблемы борьбы с механизмами финансирования терроризма.....	189
Бекбатыр Қ. Салық міндеттемелерін орындау тәртібін құқықтық реттеу мәселелері.....	195
Бисембаева Ж.М Жаһандық экологиялық проблемаларды шешу жолдары және қазақстандағы экологиялық қауіпсіздік мәселелері мен құқықтық негізі.....	201
Жайлыбаев М.Е. Азаматтардың әлеуметтік-еңбек құқықтарын қорғаудың құқықтық тетіктері.....	204
Ізтұрғанова Г.Қ. Білім беру жүйесін озық технологиямен дамыту мәселелері.....	206
Калембеков А.С. Халықаралық қауіпсіздік және оны қамтамасыз етудің өзекті мәселелері.....	210
Кенесова А. Муниципалды омбудсмен: шетелдік тәжірибе және оның қазақстанда қабылдауы.....	213
Кулажанова А.Н. The effectiveness of law as a scientific category.....	220
Манасов К.Х. Қазіргі кезеңдегі қазақстан республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі.....	224
Мусаева А.Я. Сущность, социальная и юридическая значимость брака.....	228
Назаратаева З.Б. Международно-правовое регулирование статуса беженцев.....	235
Саудабаев Е. Уголовно-правовая характеристика экономической контрабанды.....	240
Таңатаров Б.Е. Адвокатураның тәуелсіздігі және адвокаттық қызмет кепілдіктерін дамыту мәселелері.....	251

Төлепбек Ә.М. Қазақстан Республикасы атқарушы билік органдарының жүйесі: құрылымдық нысандарының ерекшеліктері және реформалау тәжірибесі.....	255
Төлеубеков А.Т. Қазақстан Республикасы парламенті бақылау функциясының конституциялық-құқықтық негіздері.....	260
Тұрлыханқызы Қ., Вартанян А.М. Жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыскерлердің кінәлі әрекеттеріне байланысты еңбек шартын бұзу.....	267
Укибаева К.Е. Шартсыз міндеттемелердің пайда болу негіздері.....	273
Усенбаева А.У. Қазіргі білім берудегі инновациялық технологиялар.....	277
Утенова А.А. Кәмелетке толмағандар қылмыстылығының алдын алудың құқықтық аспектілері.....	281
Чигантаев К.С. Қылмыстық қудалауды жүргізетін органдарға прокурорлық қадағалау жүргізудің жүйесі, тәртібі, құқықтық негізі.....	289
Шахаева Г.Б. Қазақстан Республикасы бұқаралық ақпарат еркіндігінің конституциялық-құқықтық негіздері.....	294

СЕКЦИЯ 1.
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ИННОВАЦИЯ»
«НАУКА И ПРАВОВЫЕ ИННОВАЦИИ»
«SCIENCE AND LEGAL INNOVATIONS»

ӘӨЖ 331.556.4

Әли Д.А., «Құқық» мектебінің 1 курс магистранты,
Еуразия технологиялық университеті, Алматы қ.
dina.almazovna1441@mail.ru

Ғылыми жетекші: **Төлеубеков А.Т.**,
заң ғылымдарының кандидаты, PhD, қауымдастырылған профессор,
Еуразия технологиялық университеті, Алматы қ.
a.toleubekov@etu.edu.kz

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ШЕТЕЛДІК ЖҰМЫС КҮШІН
ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ ҰҒЫМЫ ТУРАЛЫ**

Аннотация

Мақала шетелдік жұмыс күшін құқықтық реттеудің ұғымы мәселелеріне және оны Қазақстан Республикасында іске асыру ерекшеліктеріне арналған. Мақалада Қазақстан Республикасының шетелдіктерге қатысты кейбір нормативтік актілеріне талдау жасалған.

Түйінді сөздер: шетелдік, құқықтық реттеу, жұмыс күші, жұмыспен қамту, көші-қон.

UDC 331.556.4

Ali D.A., 1st year master's student of the school of Law,
Eurasian Technological University, Almaty,
dina.almazovna1441@mail.ru

Scientific supervisor: **Tuleubekov A.T.**,
Candidate of Law, PhD, Associate Professor,
Eurasian Technological University, Almaty
a.toleubekov@etu.edu.kz

**ON THE CONCEPT OF LEGAL REGULATION OF FOREIGN LABOR
IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

Abstract

The article is devoted to the concept of legal regulation of foreign labor and the specifics of its implementation in the Republic of Kazakhstan. The article analyzes some normative acts of the Republic of Kazakhstan in relation to foreigners.

Key words: foreign, legal regulation, labor force, employment, migration.

Демографиялық шаралардың ішінде халықтың миграциясы маңызды орын алады. Қоғамдағы дұрыс билік ету және қолайлы әлеуметтік-экономикалық саясат жүргізу үшін миграциялық ағындардың мөлшері мен мигранттардың құрамын бағдарлай және миграцияны тудыратын жағдайлар мен миграцияның салдарын қарастыра білу қажет.

Қазақстанда шетелдік жұмысшы күшін реттеу XX ғасырдың 90-жылдарының басындағы ел экономикасының күрделі әлеуметтік- экономикалық дамуымен қатар жүрді. Қазақстан экономикасының соңғы 10 жылда орнықты даму траекториясына шығуымен шетелдік жұмысшы күшін тартуға қатысты анағұрлым тиімді көші-қон саясаты байқалады. Негізінен бұл ҚР мүдделі индустриялық - инновациялық дамуының мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында жоғары білікті мамандарды тартумен байланысты болды.

Осылайша, еңбек көші-қоны қазіргі кезде өзекті проблемалардың қатарында. Әрбір елдің осы үрдісті қадағалау және дамыту мақсатында, ең бірінші, өз елінің көші-қон саясатын қарастырады.

Қазақстан Республикасының көші-қон саясаты азаматтарымыздың құқықтарын қорғауға бағытталған. Қазақстан Республикасының экс- Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Сындарлы он жыл» еңбегінде көші-қон саясатының ең алдымен, өз азаматтарымыздың құқықтарын сақтауға күш жұмсау керектігі көрсетілген¹. Ұлттық, еңбек нарығын, біздің азаматтардың экономикасын қорғау жөніндегі ойлары кейінгі уақытта, Қазақстан Республикасының көші-қон саясаты туралы тұжырымдамасында, аймақтық саясат туралы тұжырымдаларында және өзге де нормативтік актілерде орын алды.

Көші-қон саясатының басты мақсаты - көші-қон жағдайларын қадағалау, тұрақты демографиялық дамуды қамтамасыз ету, еліміздің мемлекеттік қауіпсіздігін күшейту және көшіп қонушылардың мүдделерін жүзеге асыру үшін жұмыс жасау².

ҚР еңбек көші-қонын реттеу саласындағы нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру үшін озық шетелдік тәжірибені зерделеу қажет. Орталық Азия елдерінен Қазақстанға келген мигрант жұмысшылардың әлі күнге дейін саны белгісіз. Қазір оларды «гастарбайтер» деген терминмен атайды. Халықаралық көші-қон ұйымының санағы бойынша Қазақстанда жарты миллионнан бір миллионға дейін мигрант жұмысшы жан бағып жүр. Олардың үштен екісі Өзбекстаннан, 25% Қырғызстаннан, қалғандары Тәжікстан және ТМД-ның тағы басқа елдерінен келген.

Кейбір мекемелер алдағы жылдары мигранттар саны 3 миллионға дейін жетеді және олардың 200–300 мыңға жуығы заңды түрде тіркеліп жұмыс жасайды деп болжайды. Тәуелсіз сарапшылардың мәліметтері бойынша ресми келген еңбек мигранты Қазақстанда отын-энергетика секторында жұмыс істейтін кәсіпорынға қазақстандық мамандарға қарағанда 5 есе және одан көп қымбатқа түседі. Бұл – негізінен жоғары білікті мамандар мен ірі компанияларда басшылық орындарда жұмыс істейтін басшылар.

Заңсыз мигранттар саны дәл анықталмаған және жылдан - жылға өзгеріп отырады. Соңғы он жыл ішінде, ҰЕҰ мәліметі бойынша, реттелмейтін мигранттар саны жылына 300 мыңнан 750 мың адамға дейін жеткен және шетелден келген заңды жұмыс істейтін жұмысшы күшінен бірнеше есе көп болған. Еңбек мигранттары негізінен ҚР құрылыста, саудада, қызмет көрсету саласында, ауыл шаруашылығында, үй шаруасында қызмет көрсету секторында жұмыс істейді. Квотаның төмен мөлшері мен оны алудағы проблемалар жұмыс берушілерді шетелдік жұмысшы күшін заңсыз пайдалануға мәжбүрлейді, бұл ретте заңнама мен еңбек мигранттарының құқықтары бұзылады.

Барлық жерде мигранттар құқықтарының бұзылуы фактілері бар. Еңбек мигранттарының жұмыспен қамтылуының жеткіліксіз тиімділігі еңбек көші-қонын реттеудің халықаралық және ұлттық нормативтік-құқықтық базаны талдау, сондай-ақ мигранттардың әлеуметтік және еңбек, мәдени құқықтарын іске асыру практикасын зерделеу міндеттерін қояды. Талдау негізінде ҚР, Кеден Одағына/БЭК-не және ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің мигранттардың әлеуметтік- экономикалық және еңбек құқықтарын қорғау

¹ Назарбаев Н.А. Сындарлы он жыл – Атамұра, 2003

² Ермбетова Қ. Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының қалыптасуы-Ұлт көшбасшысының қолтаңбасы/Қ. Ермбетова // Алматы ақшамы, 2012ж., 14 бет.

жөніндегі көші-қон саясатын, еңбек мигранттарын қорғау жөніндегі халықаралық практиканы ескере отырып, жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірленетін болады¹.

Қазақстанға көршілес, тарихи тағдырлас елдердегі кедейлік еңбек ресурстарының эмиграциялық қозғалысына, оны саналы және заңды түрде ұйымдастыру жұмыстарына зор проблемалық сипат беріп отыр. Кәсіби және қаржылық шектеушілік еңбек көші-қонын жеткілікті реттелмеген құбылыс етіп, оның салдарлары жасырын, заңнан тыс жатқан қозғалыстардың, еңбек мигранттарының тұрмыс - тіршілікке қауіп-қатер құбылыстарының туындауына негіз беріп келеді. Сол себепті еңбек миграциясы тек экономиканы дамыту және кедейлікті азайту факторы емес, ең алдымен ұлттық қауіпсіздік мәселесі ретінде бағалануда, соған сай қабылдаушы мемлекет тарапынан тиісті шараларды қолданылуына әкелуде.

Еліміздегі саяси тұрақтылыққа байланысты Қазақстан территориясына әртүрлі себептерге байланысты қоныс аударушылар саны күннен-күнге арта түсуде. Ел билігі 2009 жылдың 4 желтоқсанында босқындар туралы заң қабылдауға мәжбүр болып, ол заң 2010 жылдың қаңтар айының 1-нен бастап күшіне енді. Мұндай заң жобасын қабылдаудың қажеттілігі – маңызды мәселенің бірі, себебі, 2006 жылы Қазақстанда жұмыс істеген БҰҰ өкілдері Астананы босқындар жайлы нақты заң жобасының жоқтығы үшін сынға алды. Қазіргідей әлемнің әр түкпіріндегі қарулы қақтығыстар санының арта түсуі жағдайында аталған мәселені реттеудің барған сайын қиындай түсері анық.

Ресми статистикаға сәйкес, Қазақстанда 400 мыңнан астам шетелден келген еңбек мигранттары бос жұмыс орындарын толтыруда. Халықты еңбекпен қамту және әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметтеріне сүйенсек, Қазақстан Республикасында соңғы уақытта 30 мың еңбек мигранты жұмыспен қамтылған. Соның ішінде Астана қаласына жұмыс табу мақсатымен 5 мыңнан астам шетел азаматтары келген.

Бүгінгі күні шетелдік еңбек мигранттарын Қазақстанның барлық қаласында, барлық салада кездестіруге болады. Оларды жедел қызмет көрсету, құрылыс, сауда саласында кездестіруге болады. Еңбек мигранттарына байланысты қазақтардың пікірлері біркелкі емес. Шетелден келетін еңбек мигранттар қазақтарға бәсеке тудыруы мүмкін, себебі тұрғылықты халық бара бермейтін бос жұмыс орындарына баруда. Сонымен қатар шетелден келетін еңбек мигранттарының көбі біліктілігі жоқ, аз ақшаға қызмет көрсететіндер, егер білікті мамандар келіп отандық өнімді дамытса, Қазақстан экономикасы білікті мамандармен толығыр еді.

Сол себепті, көші-қон жағдайының ахуалын және даму перспективасына талдау жасау: біріншіден, көші-қон мәселелерін реттеу басымдықтарды; екіншіден, өтпелі уақытта оларды шешуші негізгі жолдарын, тетіктерін және көші-қон жағдайларын дұрыстау туралы бағдарламаны дайындауды және оны ұзақ уақытқа перспективаға әлеуметтік-экономикалық тұрақтылық пен мемлекетіміздің тұрақты дамуы сатысына жүзеге асыруды тағайындауға жағдай жасалады.

Еңбек көші – қонын реттеу басты және жергілікті іске асырушы органдармен жүргізіледі. Басты және жергілікті іске асырушы органдар шетелдік жұмыс күшін келтіру мен пайдалануға бақылау жасайды:

1. Отандық еңбек нарығын қорғауды.
2. Бос жұмыс орындарына қазақстандық азаматтардың алынуына бірінші мүддені жүзеге асыру.
3. Қазақстан Республикасының территориясына көшіп келген еңбекші көшіп қонушылар туралы хабарлап отыруды, жұмыс берушілердің шетел қызметкерлерін нысаналы жүзеге асыру, еңбек келісім-шарттары ережелерін бұзбауын қамти отырып, еңбек көші-қон мәселелерін дұрыстауды өзара іс-қимылды нығайту жөніндегі мәселелерді іске

¹ Келісханұлы А. Көші-қонға енгізілген өзгерістер қаншалықты нәтиже беруде?//А. Келісханұлы // Заң газеті, 2014ж., 25 бет

асыруы қажет. Заңсыз еңбек көші-қонына қарай тойтарыс жөніндегі процестерді іске келтіру және шетелдік жұмысшылардың жұмысы аяқталғаннан кейін елімізден уақытылы кетуіне және пайдаланып жүрген заңнамаларды бұза отырып жұмысқа орналасқан шетелдіктерді жер аударуды тексеріп қадағалауды ұйымдастыру.

Мемлекет басты және жергілікті іске асырушы органдар арқылы инфрақұрылым мен әлеуметтік саланы дамытудағы жауапты өз мойнына алады. Жеке меншік сектордың бәсекелестік қабілеті бар кәсіпорындарына жұмыс күшін тарту, жұмысшыларды алу, оларды көшіру және үймен және еңбектің орынсыз процестері ретінде жеңілдіктердің барлық түрлерін беру кәсіпорын есебінен іске асырылатын болады.

Қазақстан Республикасы халықаралық шарттар енгізген шектеулер аясында өзінің экономикалық құқықтарын, ішкі еңбек рыногын қоса, қорғау мақсатында шеткі көші-қонды реттеуді іске асыратын болады.

Шетелдік жұмыс күшін келтіру кезінде Қазақстан Республикасы өзінің гео-саяси және экономикалық құқықтарын басшылыққа ала отырып, жоғары білімді, маңызды еңбекші - мигранттарды және ішкі еңбек нарығында қажет болып отырған кәсіптер мен жұмысшыларды бірінші кезекте қабылдауды іске асыратын болады¹.

Қазақстан Республикасы дербестігін иеленгеннен бері, еңбек көші-қон қатынастарын реттейтін заңнама мен өзге нормативтік құқықтық актілер толық толықтырылулардан өтті. Осы құқықтарды реттейтін негізгі принциптер 1995 жылғы Конституцияның 21-бабында орын тапты: «Қазақстан Республикасы территориясында заңды түрде жүрген әрбір тұлғаның, заңда арнайы аталған басқа жағдайларда, оның аумағында еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты орынды жеке басының қалауынша өзгертіп тастауға құқығы бар»².

Әркімнің Республикадан басқа мекендерге жол тартуына құқығы бар. Республика тұлғаларының Республикаға кедергісіз қайтып оралуына құқығы бар. Сондай-ақ, Конституцияның 24-бабына сәйкес: «Әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар». Сондай-ақ, Конституцияның 24-бабында былай делінеді: «Әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауға құқығы бар. Міндетті еңбекке соттың шешімі арқылы немесе қауәп қатер жағдайда немесе соғыс жағдайында ғана рұқсат етіледі». Демек, шетелдік жұмысшылар немесе азаматтығы жоқ жұмысшылар Қазақстан территориясында еркін өмір сүруге және қалаған бір еңбек қызметі түрімен айналысуға құқылы дегенді білдіреді. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 2-тарауының 14-бабында: «Республика территориясында еркін өмір сүруге және тұрғылықты тұратын мекен таңдауға, республикадан тыс елдерге өз қалауы бойынша шығып кетуге және оның территориясына қайтып келуге; заң құжаттарында тыйым салынбаған кез келген жұмыс түрімен айналысуға; тәуелсіз жеке басы не басқа тұлғалармен және заңды тұлғалармен келісе отырып, заңды тұлғалар құру, заң құжаттарында тыйым салынбаған кез келген мәміле жасасып, міндеттемелерге қатысу құқығы болады» деп айтылған³. Еркін өмір сүру нормасы Қазақстан Республикасының «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» Заңының 16-бабында бекітілген: «Шетелдіктер Қазақстан Республикасының шетелдіктердің болуына рұқсат етілген аумағында еркін жүріп-тұра алады және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпке сәйкес тұрғылықты жер таңдай алады. Жүріп-тұрудағы және тұрғылықты жер таңдаудағы шектеулер, бұл мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті, халықтың денсаулығы мен адамгершілігін сақтау, Қазақстан Республикасының азаматтары мен басқа да адамдардың құқықтары мен

¹ Резникова, О. Постсоветская трудовая миграция / О. Резникова // Мировая экономика и международные отношения. - 2009. - № 3, 20 бет.

² Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз.

³ Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы №268-ХІІІ Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім).

заңды мүдделерін қорғау үшін қажет болғанда Қазақстан Республикасының бұған уәкілеттік берілген органдарының актілерімен белгіленеді» деп көрсетілген¹.

Аталып көрсетілгендей, шетелдік жұмысшылардың еңбек қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясымен ғана емес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» Заңымен; Еңбек Кодексімен; Кәсіпкерлік кодексімен; Әлеуметтік кодекспен және де өзге де заңдар мен заңға дербес емес актілермен қарастырылады.

Қазақстан Республикасының «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» Заңында дипломатиялық пен консулдық тұлғалардың басшыларына және жұмысшылардың артықшылықтары мен иммунитеттері көзделмеген. Осы заңға сәйкес, шетелдік тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдары мен халықаралық шарттары белгілеген негіз бен тәртіпте Қазақстан Республикасында қалаған еңбек түрімен шұғылдана алады. Шетелдік тұлғалар жекелеген еңбек орындарына орналаса алмайды немесе еңбек қызметінің қалаған бір түрімен, егер бұл еңбек орындарына орналастыру немесе сондай қызмет түрімен айналысу Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, Қазақстан Республикасының азаматтығына қатысты байланыста болса, шұғылдана алмайды.

Шетелдік тұлғалар еңбек қарым қатынастарында Қазақстан Республикасының тұлғаларымен бірдей құқықтарды жүзеге асырады және сол сияқты тиісті сақтандыруда болады.

Қазақстан Республикасында өмір сүріп жатқан шетелдік жұмысшылар Қазақстан Республикасының азаматтарымен бірдей тең жағдайларда тынығуға құқылы.

Шетел азаматтары еңбек түрін Қазақстан Республикасы территориясында жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасына кіру үшін алдын ала рұқсатты және шетелдік жұмыс күшін тарту рұқсат алынатын лицензияны алуы қажет. Шетел елдеріне кіру тәртібі осы мемлекеттің заңнамаларымен қарастырылады. Біршама мемлекеттерге шетел азаматтарының келуі жұмысқа орналасу туралы рұқсат алуына тәуелді болып келеді.

Мұндай келісімдер Франция, Ұлыбритания, АҚШ, Австрия т.б. елдерінде кездеседі және бар. АҚШ, Австрия, Швеция және бірқатар елдерде шетел азаматтарының келуіне жыл сайынғы квоталар және тиісті жұмыс көзін іздестіріп келушілерге квоталар тағайындалады².

Қазақстан Республикасында шетелдіктердің кіру тәртібі Қазақстан Республикасының «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» Заңында орын тапты. 22-бапта: «Егер Қазақстан Республикасының тиісті тараппен келісімінде өзгеше тәртіп белгіленбесе немесе Қазақстан Республикасының Үкіметі өзгеше тәртіп белгілемесе, шетелдіктер жарамды шетелдік паспорттар немесе оны алмастыратын құжаттар бойынша Қазақстан Республикасының келу визалары болған кезде Қазақстан Республикасына келе алады» деп айтылған. Шетелдіктің Қазақстан Республикасына келуіне келесі жағдайларда тыйым салынады:

- 1) ұлттық қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіп пен халықтың денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету мүддесі үшін;
- 2) егер оның іс-әрекеті конституциялық құрылысты күштеп өзгертуге бағытталса;
- 3) егер ол Қазақстан Республикасының егемендігі мен тәуелсіздігіне қарсы шықса, оның аумағының бірлігі мен тұтастығын бұзуға шақырса;
- 4) егер ол ұлтаралық, конфессияаралық және діни араздықты қоздырса;
- 5) егер бұл Қазақстан Республикасы азаматтарының және басқа да адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қажет болса;

¹ «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2337 Заңы.

² Байжанова Б. Ж. Иностранная рабочая сила на рынке труда Республики Казахстан: состояние и проблемы [Электронный ресурс] / Б. Ж. Байжанова. - Электрон. текстовые дан. // Аль-Пари. - 2007. - №3-4.

6) егер ұлттық қауіпсіздік органдарында оның экстремизмге немесе террористік іс-әрекетке қатыстылығы туралы мәліметтер болса, сондай-ақ оның әрекеттерінде сот қауіпті түрде қайталанған қылмыс бар деп таныса;

7) егер ол Қазақстан Республикасында алдыңғы болған кезеңде қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін өзіне қолданылған жазаны өтемеген болса;

8) егер жеке табыс салығы бойынша декларацияны табыс ету Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайда, Қазақстан Республикасында алдыңғы болған кезеңде ол мұндай декларацияны табыс етпесе;

9) егер ол, этникалық қазақтарды, Қазақстан Республикасында немесе Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасында туған немесе бұрын оның азаматтығында болған адамдарды және олардың отбасы мүшелерін қоспағанда, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі айқындайтын тәртіппен Қазақстан Республикасында болу және одан кету үшін қажетті қаражатының бар екендігі туралы растауды ұсынбаса;

10) егер ол келу туралы өтінішхат жолдаған кезде өзі жөнінде жалған мәліметтер хабарлаған болса немесе қажетті құжаттарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде табыс етпесе;

11) онда Қазақстан Республикасына келу үшін қарсы айғақтар болып табылатын аурулары болған кезде;

12) егер ол бұрын "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" 1991 жылғы 20 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабы бірінші бөлігінің 8) тармақшасында көзделген негіздер бойынша Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтса;

13) егер ол бұрын "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" 1991 жылғы 20 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 20-1-бабында көзделген негіздер бойынша Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылса.

«Халықтың көші-қоны туралы» Заңына сәйкес шетелдік тұлғалар мен азаматтығы жоқ шетелдіктердің Қазақстан Республикасы территориясында қалаған кәсіппен және кәсіби қызметін жүзеге асыру ережесі және Қазақстан Республикасы тұлғаларының шетелдегі тәртібі Қазақстан Республикасының Үкіметімен қарастырылады және уәкілетті органдармен олардың жергілікті қызметінің рұқсаты мен тексерісі арқылы жүзеге асады¹. Еңбек көші-қонын қадағалауды артықшылық ішкі, ұлттық еңбек нарығын қорғауға арналған. Бірақ, Қазақстан Республикасының территориясына заңды түрде келген еңбекші мигранттарды еңбек нарығындағы мәселеге байланыстырып шығаруға рұқсат берілмеген.

Шетелдік тұлғалар мен азаматтығы жоқ шетелдіктер жүзеге асыратын еңбек түрінің кейбір қазметтері «Көші-қон туралы» Заңындағы еңбек көші-қонына сәйкес келмейді. Бұл қызмет түрлеріне төмендегілер кіреді:

- Қазақстан Республикасы территориясында әскери қызмет бөлімшелеріндегі қызмет;
- дипломатиялық миссиялар мен халықаралық ұйымдардың арасындағы қызмет;
- Қазақстан Республикасына оқу барысымен немесе өндірістік тәжірибесімен келгендер;
- мемлекетаралық шарттарға, сондай-ақ, Қазақстандық және шетел ұйымдарының арасында жасалған еңбек қызметі туралы контрактілеріндегі еңбек түрлері;
- Қазақстан Республикасында ресми түрде тіркелген діни басқармаларды кәсіби қызметі;
- Қазақстан Республикасында аккредиттелген бұқаралық құралдары, радио және теледидар өкілдері;
- Қазақстан Республикасына келетін қайырымдылық және ізгілік көмек беру;
- шетелдік компанияларға тиесілі теңіз және өзен кемелері, әуе, теміржол және автомобиль көлігі экипаждарының мүшелері қызметтері.

¹ «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі № 477-IV Заңы.

Аталып көрсетілген мысалдардан басқа Қазақстан Республикасының Үкіметі еңбек көші-қоны болып есептелмейтін басқа да еңбек қызметі түрлерін бекіте алады.

Көші-қон туралы Заңнамада шетел азаматтарының Қазақстан Республикасы территориясында еңбек қызметі қарастырылған. Иммигрант - Қазақстан Республикасына уақытша немесе тұрақты тұруға келген шетелдік тұлғаның немесе азаматтығы жоқ болып табылатын жеке тұлға. Қазақстан Республикасына еңбек көші-қоны бойынша, бірақ азаматтықты өзгертуді мақсат тұтпай келген шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар, егер мемлекеттік келісімдермен басқадай ереже көрсетілмеген болса, Қазақстаннан басқа аймақта тұрақты мекені болуға тиіс.

Қорыта айтсақ, тәуелсіздігін алған соң, Қазақстанға шетелдік жұмыс күшін тартудың тәртібіне байланысты бірнеше нормативтік актілер қабылданды. Осыған орай, заңнама жиі өзгерістерге ұшыраған соң шетел жұмыс күшін тартудың тәртібінде рұқсатты алу процедурасына қойылатын талаптар жеңілдетілді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Назарбаев Ә.Н. Сындарлы он жыл – Атамұра, 2003.
- 2 Ерімбетова Қ. Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының қалыптасуы-Ұлт көшбасшысының қолтаңбасы/Қ. Ерімбетова // Алматы ақшамы, 2012.-20 қараша.
- 3 Келісханұлы А. Көші-қонға енгізілген өзгерістер қаншалықты нәтиже беруде?/А. Келісханұлы // Заң газеті , 2014.- 30 сәуір.
- 4 Резникова, О. Постсоветская трудовая миграция/ О. Резникова // Мировая экономика и международные отношения. - 2009. - № 3.
- 5 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз // <http://adilet.zan.kz>
- 6 Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы №268-ХІІІ Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім) // <http://adilet.zan.kz>
- 7 «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2337 Заңы // <http://adilet.zan.kz>
- 8 Байжанова , Б. Ж. Иностранная рабочая сила на рынке труда Республики Казахстан: состояние и проблемы [Электронный ресурс] / Б. Ж. Байжанова . - Электрон. текстовые дан. // Аль-Пари. - 2007. - №3-4.
- 9 «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі № 477-IV Заңы // <http://adilet.zan.kz>

ӘӨЖ 347.91

Әли Т.А., «Құқық» мектебінің 1 курс магистранты,
Еуразия технологиялық университеті, Алматы қ.
taskyyn@mail.ru

Ғылыми жетекші: **Төлеубеков А.Т.**,
заң ғылымдарының кандидаты, PhD, қауымдастырылған профессор,
Еуразия технологиялық университеті, Алматы қ.
a.toleubekov@etu.edu.kz

ТАТУЛАСТЫРУ РӘСІМДЕРІНІҢ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ДАУДЫ РЕТТЕУДЕГІ ОРНЫ

Аннотация

Мақала татуластыру рәсімдерінің ұғымы мәселелеріне және оны Қазақстан Республикасында іске асыру ерекшеліктеріне арналған. Мақалада Қазақстан Республикасында татуласу рәсімін азаматтық-құқықтық дауларды реттеуде қолдану және оның қолданылу аясына талдау жасалған.

Түйінді сөздер: сотқа дейінгі рәсім, татуластыру рәсімдері, азаматтық дау, татуласу келісімі, медиация, партисипативтік рәсім.

UDC 347.91

Ali T.A., 1st year master's student of the school of Law,
Eurasian Technological University, Almaty,
taskyyn@mail.ru

Scientific supervisor: **Tuleubekov A.T.**,
Candidate of Law, PhD, Associate Professor,
Eurasian Technological University, Almaty
a.toleubekov@etu.edu.kz

THE CONCEPT AND PLACE OF CONCILIATION PROCEDURES IN THE SETTLEMENT OF A CIVIL LEGAL DISPUTE

Abstract

The article is devoted to the concept of conciliation procedures and the specifics of its implementation in the Republic of Kazakhstan. The article analyzes the application and scope of the conciliation procedure in the settlement of civil disputes in the Republic of Kazakhstan.

Key words: pre-trial procedure, conciliation procedures, civil dispute, conciliation agreement, mediation, participatory procedure.

Татуластыру рәсімдері – соңғы жылдары өркениетті елдерде кеңінен қолданылып, жанжалдарды сотқа жеткізбей үшінші тараптың араласуымен шешудің нақты жолына айналған жаңа сала¹. Көптеген елдерде татуластыру рәсімдері туралы заңдар қабылданып, бітімгершілік салты заңдық сипатқа түсіріліп, қоғамдық өмірден өзінің орнын да алған. Алайда татуластыру рәсімдері – жеке адамдар ойлап тапқан ғылымның жаңа саласы емес,

¹ Мета Герда, Похмелкина Г. Медиация – искусство разрешать конфликты. Знакомство с теорией, методами и профессиональными технологиями. - М.:Изд-во «Verte», 2004. С. 215.

сан ғасырлар бойы келе жатқан, екі жақты (тарапты) бітістірудің жүйеге түсірілген моделі ғана. Оның белгілерін, әдіс-тәсілдерін кез келген ұлттардың қоғамдық, әлеуметтік өміінен кездестіруге болады.

Қоғам болғаннан кейін адамдардың арасында мүдделер қайшылығы да болады. Ол кейде қарапайым түсінбестіктен де туады, ал кей жағдайда сан түрлі пендешілікпен, бәсекелестіктен, адамдар мен топтардың арасындағы көзқарас алшақтығынан да пайда болады. Осындай жағдайда кикілжіңге барған екі жақты дастарқанның басына отырғызып, мәмілеге алып келу үшінші тараптың – арашашылардың, бітімгерлердің міндеті. Халық кейде «екі адамның арасына есі кеткен түседі» десе де, «арашашы», «бітімгер» болу – құрметті де қасиетті жұмыс. Қазіргі Медиатордың жұмысы осыған саяды.

Бітімгершіліктің әдіс-тәсілдері бірдей болғанымен әр елдің татуластыру әдістері әртүрлі. Ол сол елдің ішкі өміріне, тарихына, ұлттың ерекшелігіне, адамдардың менталитетіне байланысты. Туғанына әр басқан қадамы заңмен айқындалған батыс мемлекеттерінің татуластыру рәсімдерін сол қалпында өзгертпестен еліміздің заң жүйесіне еңгізу тиімді нәтиже беруі екі талай. Біздегі бітімгершілік жұмыстың айырмашылығы – медиатордың беделінде, оның қоғамда алатын орнында¹. Сондықтан да бітімгершіліктің үш түрі немесе үш кезеңі бар деп айтуға негіз бар.

Біріншісі, ағайынды адамдардың арасындағы кикілжіңді тоқтатып, татуластырушы. Бұл рөлді сол дауласушы ағайындардың туысқандарының ішіндегі жақындардың барлығы құрметтейтін адам орындайды. Айта кету керек, көп жағдайда бұлар дауласушы тараптың тым жақын ағайыны емес, алыстан қосылатын сырт ағайыны болып келеді. Қазақ дәстүрінде оларды кейде «көлденең ағайын» немесе «ара ағайын» деп те атайды. Бұл жерде де сан ғасырлық отбасы қатынасын реттеуде жиналған тәжірибе жатыр. Жақын ағайын арашашы болса, кейін екі жақтың біреуінің ренішіне қалуы мүмкін, ал алыс ағайынмен сирек араласқаннан кейін ондай реніш кейіннен араласпауға алып келмейтіні анық. Бірақ ара ағайынның бұл мәселенің сыртқа тарамауына, өздерінің арасында ғана қалуына кепілдік екені сөзсіз.

Ағайынды екі адамның арасындаға дауға солармен бірге туған бауырлары түспейді, сол ұрпақтың құрметіне бөленген нағашы, жиендерінен бір адамның араласуы мүмкін. Әдетте оның араласуы көп жылдық дауға нүкте қойып, екі туыстың арасындағы жақындықты қайта орнатады. Бұл кезеңде бітімшінің халыққа танымал би болуы міндетті емес. Оны дауласушы тараптың туысқандары ғана танып, ақылы мен тәжірибесін сыйласа жеткілікті. Ара ағайын бітімгершілік жасағандағы тағы бір ерекшелік – бұл бітімнің негізінде нақты үкімнің болмауы. Үкімді те қана билер шығара алады. Ал ара ағайын екі жақтың кемшіліктері мен өзекті мәселелерін көрсете келе, дұрыс бұрыстығына баға бере келе, татулықты қайта жаңғыртыға алып келеді.

Екінші кезең – екі атаның немесе екі ауылдың арасындағы дауды шешудің жолдары. Бұл жердегі бітімшілік жұмысын сол аймаққа аты шыққан, жергілікті халықтың құрметіне бөленген билердің бірі жүргізеді. Әрине, оның дауласушы екі тараптың біріне жақындығы, туысқандығы болмағаны дұрыс. Дегенмен, кейде, билік айтушының дауласушы жақтардың біріне алтыншы не жетінші атадан бір жақындығы болуы да ғажап емес, ондай жағдайда бірінші орынға екі жақтың сол биге жүгінуге деген келісімі шығады. Бұл кезеңде бітімшіліпен бірге билік айтылып, үкім шығуы да мүмкін. Егер екі тарап өзара келісіп, биге ризашылықтарын білдіріп, дау шешілді деп тапса, үкім айтылып айып төленбейді, демек бидің жұмысы – бітістірумен, тұрақтылықты сақтаумен ғана шектеледі. Қазақ өмірінде бұндай билік – ең жоғарғы деңгейдегі билік болып табылады. Үкім айтып, айып салу, айып салу, біреуін екіншісіне жеңдіріп беру – бітімгершілікке жете алмаған уақытта қолданылатын соңғы сөз деп айтуға болады.

¹ Балтабаева С. Дала заңынан дара заңға дейін. Заңгер, 2015 №2 (163), 64-676.

Үшінші кезең – екі елдің арасындағы дауға билік айту болып табылады. Дала дәстүрінде қазіргі Біріккен Ұлттар ұйымы сияқты халықаралық қауымдастықтар болмаса да, мемлекеттер мен хандықтардың арасына түсетін арабидің рөлін атқаратын ұлы тұлғалар болған. Оларды тек қана өз елі біліп, құрметтеп қоймай, көрші елдер де ақыл-кеңесіне бас иіп, сөзіне, бітіміне тоқтап отырған. Қазақ-қытай, қазақ-қырғыз, қазақ-жоңғар, т.б. елдердің арасында қазақтың шешен билері сан мәртебе ақыл-кеңес айтып, қарсы жақты сөзден ұстап, өзінің мақсатына қылыш найзаның күшімен емес, бір ауыз сөзбен-ақ жетіп отырған. Бұл жерде екі мәселе бар екенін ұмытпауымыз керек. Біріншіден, басқа елдің басшысының алдында өз елінің мүддесін балдан тәтті, удан ащы тілімен қорғап жеңіске жету болса, екіншіден, екі елдің арасына араша түсіп, қанды қырғынды болдырмау мақсатына жұмыс істеу.

Екі тараптың арасындағы дау-жанжалдарды шешу, кикілжіңдерді тоқтату, ортақ мәселеге келу – әрбір халықтың, ұлттық дәстүрінде, салтында, әдет-ғұрпында терең орын алған.

Тәуке ханның «Жеті Жарғысында» көшпелі қоғамдағы туындаған дауларды реттеудің нақты ережелері бекітілгенін бүгінде оқып біліп жүрміз. Яғни «Жеті Жарғы» заңына сәйкес дауды шешу және көшпелі адамға үкім шығару ханның өзі болмаса талапкер мен жауапкер тұратын аймақтың ақсақалы не билеушілердің қолында болды¹. Сондай-ақ егер айыпты адам арадағы биден күдіктенген жағдайда қазыны ауыстыруды өтіне алатындығы жазылғын. Бұл заңның ерекшелігі қазақ сахарасында ешқашан мемлекет түбегейлі билікті билерге беріп қоймағаны қазіргі тілмен айтқанда нағыз демократияның үлгісі ретінде танылады. Себебі де сол айыпталушыға да өз талаптарын ұсынуға мүмкіндік берілуінде еді.

Әрине, жоғарыда аталған дауды реттеу әдістері ежелгі қазақ даласында қолданылғаны белгілі. Алайда 21-ғасырға аяқ басқан Қазақстан үшін ондай дауды реттеу тәсілдері көнерген. Құқықтық санасы халықтың және өркениетті елдердің арасында озық деңгейлі заң жобаларын өзімізге енгізу заман талабы, заманауи құрылғы екені анық. Көп ғасыр бойы қалыптасқан сот институтына альтернативті дауды реттеу әдістері жаңа заманымызда бой түзеп келеді. Соңғы он жылдықта АҚШ-тың, Францияның сондай-ақ басқа да батыс мемлекеттерінің заңнамасына енгізілген дауды альтернативті реттеу әдістері бізге де келіп жетті.

Қазақстан Республикасы судьяларының 6-ы съезінде соттар қызметінің заңнамалық және процессуалдық нормаларын жүйелі түрде жетілдіру маңыздылығын, азаматтық сот өндірісін жаңғырту қажеттігін, азаматтық істерді қарау тәртібі процесстің тараптары үшін ыңғайлы әрі тез, оларды бітістіруге және заманауи технологияны кең қолдануы тиіс екендігі жайлы, Үкіметке Жоғарғы Сотпен бірлесіп жаңа Азаматтық-процестік кодексі жобасын әзірлеуді тапсырған болатын. Қолданыстан шыққан Азаматтық-процестік кодексі өзіне жүктелген межеден табыла білді. Жаңа кодекс қабылданғанға дейін ол азаматтық даулардың тез, сапалы, талассыз шешілуіне ықпал жасап келді. Алайда, азаматтық дау-дамайлардың көбеюі, судьялар жүктемесінің өсуі, істерді жедел қарау тетіктерінің ескерілмеуі кодексті жаңартудың қажеттілігін тудырған болатын. Жоғарғы Сот жаңа кодексті барлық талаптарға сай дайындау барысында сот саласында еңбек ететін судьялардың да тәжірибелері, пікірлері, ұсыныстары шетте қалмады. Өйткені заңнаманың кем-кетігін судьялардан артық ешкім білмейтіндігі анық.

Сонымен қатар сот тәртібінде қарауға жататын даулар санын қысқарту, оларды шешудің баламалы тәсілдерін енгізу, отандық сот төрелігін қалпына келтіру мүмкіндігін беретін татуласу рәсімдерін және медиацияны дамыту маңыздылығын атап көрсеткен болатын. Осыған орай, кодексте алға қойылған міндеттерді орындауда дауларды реттеудің соттан тыс және сотқа дейінгі тәртібіне, соттағы татуласу рәсімдеріне көңіл бөлінді.

Істердің жеке санаттары бойынша дауларды сотқа дейін реттеудің міндеттілігі көзделген. Осыған байланысты кейбір заңдарға өзгертулер енгізілді. Бұл әркімнің сот

¹ «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия /Бас редактор Ә.Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998ж.

қорғауына құқығы туралы Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабының 2-тармағына қайшы келмейді¹.

Дауды сотқа дейін реттеу тараптарға дауды (жанжалды) қысқа мерзімде, материалдық және моральдық аз шығындармен шешуге мүмкіндік береді. Тараптар шарттарда дауды медиатормен, нотариуспен немесе адвокатпен сотқа дейінгі реттеу міндеттілігін қарастыра алады.

Татуласу түсінігі философия, социология, психология және басқада әлеуметтік ғылымда түп негізі бір мағынаны білдіреді. Татуласу теориядада және практикадада құқыққа жақын. Құқықтық реттеуде адамдар арасын тіпті мемлекеттер арасын татулыққа үгіттеу, және татуласу келісіміне жету маңызды дүние. Бейбітшілік пен татулық қоғамға үлкен пайдасын тигізеді, оған қоса мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік дамуна зор үлесін қосады.

«Татуласу» түсінігінің түп сөздік мағынасы «бейбітшілік» сөзінен шығады. Яғни «Бейбітшілік» дегеніміз - өзіне теріс пікірдегілермен келісу, қарсы дүниелерге сабырлық таныту, арадағы жанжал, ұрыс-керісті тоқтатып бейбіт шешімге келу деген мағынаны білдіреді².

Жекелеген адамдар немесе халықтар арасындағы дау-дамайларды заманауи талаптарға сай татуласу арқылы реттеудің түрлері әр заман философтарының еңбектерінде кездеседі. Татуласу идеясы ең алдымен Ж.Ж. Руссо, И.Кант, Г.Гегель, Г.Спенсер, М.Вебер - сынды ұлы философтардың туындыларында негізін тапқан. Мысалы, Г. Гегель - дауласушы тарап «ар сотына» жүгінгені дұрыс, себебі үкім шығарушы судья заң талабын орындап тікелей заттай айғақтарды талап етпей тараптардың ойын жекелей ұғына білуі керек - дейді. Ал атақты орыс философы В.С.Соловьев татуласуды мәдени дамудың негізгі баспалдығы ретінде санайды.

Ал құқықтық тұрғыдан алғанда, татуласуды - өзінің бойына бірнеше құқықтық саланы (азаматтық, азаматтық процессуалдық құқық) қамтыған заңи институт ретінде санасақ болады. Аталған нормалар қазіргі таңдағы заңнамадағы әртүрлі татуластыру рәсімдерін (татуласу келісімін, медиация рәсімін, партисипативтік рәсімді) реттейді. Сол себебі, татуласуды- қоғамдық қарым - қатынасқа психологиялық және құқықтық элементті бойына сіңіріп әсер етуші кешенді институт ретінде санасақ болады.

Татуласу рәсімін қолдану дауларды шешпейді, керісінше оларды реттейді. М.А.Рожкова, Н.Г.Елисеева және О.И.Скворцовалардың пікірінше дауды шешу бейтарап, мемлекеттің атынан үкім шығарушы соттың жүзеге асыратын әрекеті. Ал дауды реттеу - екі жаққа тиімді, ешбір наразылықсыз келісімге қол жеткізу болып табылады. Бұл жерде маңыздысы келісімге тараптар өздері келуі мүмкін, немесе бейтарап үшінші тұлғаға (адвокат, медиатор) жүгіну арқылы татуласуы мүмкін. Татуласу институты қазіргі таңда кең етек алып, ғалымдардың пікірі дара жолға түспегенмен, татуласудың негізгі мақсаты, а тқарар міндеті айқын. Олар: дауласушы жақтардың арасын жақындату, екі жаққа да тиімді оңтайлы шешімді табу, дауласушы тараптың арасындағы қарым-қатынасты сақтап қалу. Аталған мақсаты мен ол қазіргі таңдағы заң нормаларына сүйене, екі жақты міндеттеуші күші бар үкім шығарушы мемлекеттік соттардан айырмашылығы жер мен көктей³.

Ал енді біздің алға қойған мақсатымыз татуласу рәсімін азаматтық-құқықтық дауларды реттеуде қолдану және оның қолданылу аясын анықтау.

¹ Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995 жылы 30 тамыз.

² Чернышова Т.В. Понятие и виды примирения в праве // Журнал российского права. – 2010. – №12. – С. 116.

³ Рожкова М.А., Елисеев Н.Г., Скворцов О.Ю. Договорное право: соглашения о подсудности, международной подсудности, примирительной процедуре, арбитражное (третейское) и мировое соглашения / Под общ. ред. М.А. Рожковой. М.: Статут, 2008. – С. 219.

Азаматтық - құқықтық даулар - бұл азаматтық құқықтың субъектілерінің арасындағы туындайтын жанжалдар. Мысалы, жер, қаржылық, отбасы, неке, еңбек т.б мәселесінде туындайтын даулар. Азаматтық құқықтық дауларды реттеудің 3 негізгі түрі бар. Олар: мемлекеттік сотқа жүгіну, аралық сотқа жүгіну және де татуласу. Татуласу рәсімдері сот процессінде және альтернативті түрде жүргізілуі мүмкін. Сот процессінде сот тараптар келісімге келген болса оны растау арқылы процессті жалғастыруды тоқтатып үкім шығарады, ал дауды альтернативті түрде реттеуге келсек тараптар медиаторға, адвокатқа жүгіну арқылы татуласу рәсімін сотқа дейін және сот процессінің кез-келген сатысында жүзеге асыра алады. Бұл мемлекетіміздің азаматтық іс жүргізу заңнамасында нақты бекітілген. Яғни, 2016 жылдың 1 қаңтарында күшіне енген Азаматтық процестік кодекске сәйкес сотта тараптардың татуласуы үшін шаралар қолданылады¹. Кодексте бекітілген жаңа тарауда татуластыру рәсімдерінің негізгі үш түрі көрсетілген. Олар, татуласу келісімі, медиатор арқылы татуласу және партисипативтік рәсім арқылы келісу. Арадағы дауды реттеуде осы әдістерді қолдану азаматтар ғана емес заңды тұлғалар арасындағы қатынастарды тиімді реттеуге септігін тигізбек.

Татуласу келісімі соттың мәжбүрлеуінсіз екі тараптың келісімге келуі нәтижесінде жасалады. Бұл келісім жазбаша нысанда жасалып, оған тараптар және егерде татуласу келісімін жасауға өкілеттігі бар басқа тұлға болса ол да қолын қою арқылы бекітіледі. Татуласу келісімін сот бекітеді.

Татуласудың келесі түрі медиация. Бұл қатынастар Азаматтық процестік кодекспен, сондай - ақ 2011 жылы қабылданған «Медиация туралы» Қазақстан Республикасының заңымен реттеледі². ҚР заңнамасына сәйкес медиация судья арқылы немесе тәуелсіз медиатор арқылы жүзеге асырылады. Медиация талабына сәйкес дауласушы тараптар сот кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін бірінші, апелляциялық, кассациялық сатылардағы соттарда дауды медиация тәртібімен реттеу туралы өтінішхат беруге құқылы.

Татуластыру рәсімдерінің соңғы түрі партисипативтік рәсім арқылы дауды реттеу соттың кез-келген сатысында, тараптардың өтінішімен сот кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін жасалынады. Бұл рәсімнің ерекшелігі дау адвокаттардың қатысуымен реттеледі. Аталған дауды татуласу рәсімдері арқылы реттеу әдістері азаматтарға таңдау құқығын бере отыра, араздықты қойып татуласуға мүмкіндік береді.

Татуласу рәсімдерін азаматтық-құқықтық дауларларды реттеуде қолдану еліміздің ішкі және сыртқы жағдайы үшін, және экономикасына да үлкен пайдасын тигізбек. Бейбітшілікті насихаттап жүрген Қазақстанға ішкі саясатына да татулықты насихаттау игі шара.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мета Герда, Похмелкина Г. Медиация – искусство разрешать конфликты. Знакомство с теорией, методами и профессиональными технологиями. - М.:Изд-во «Verte», 2004. С. 215.
2. Балтабаева С. Дала заңынан дара заңға дейін. Заңгер, 2015 №2 (163), 64-67б.
3. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия /Бас редактор Ә.Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы»Бас редакциясы, 1998, ISBN 5-89800-123-9.
4. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995 жылы 30 тамыз.
5. Чернышова Т.В. Понятие и виды примирения в праве // Журнал российского права. – 2010. – №12. – С. 116.
6. Рожкова М.А., Елисеев Н.Г., Скворцов О.Ю. Договорное право: соглашения о подсудности, международной подсудности, примирительной процедуре, арбитражное (третейское) и мировое соглашения / Под общ. ред. М.А. Рожковой. М.: Статут, 2008. – С. 219.

¹ «Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік Кодексі» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V Кодексі.

² «Медиация туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 401-IV Заңы.

7. «Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік Кодексі» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V Кодексі.

8. «Медиация туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 401-IV Заңы.

UDC 340

Абдуманова А. К., магистр юридических наук
Евразийский технологический университет, г. Алматы
a.abdumanapova@etu.edu.kz

UDC 340

Abdumanapova A.K., master of Laws
Eurasian Technological University, Almaty
a.abdumanapova@etu.edu.kz

ЭТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ТЕХНОЛОГИЙ В ЮРИДИЧЕСКОЙ СФЕРЕ

Аннотация

Эта статья рассматривает этические аспекты использования технологий в юридической сфере. Обсуждаются преимущества технологий, такие как увеличение эффективности работы и повышение доступности правосудия, а также выделяются этические вызовы, включая приватность данных и прозрачность алгоритмов искусственного интеллекта.

Ключевые слова: цифровые технологии, юридическая сфера, этика, приватность данных, искусственный интеллект, эффективность, прозрачность алгоритмов, сотрудничество.

ETHICAL ASPECTS OF USE TECHNOLOGIES IN THE LEGAL FIELD

Abstract

При этом смешиваются понятия национальной, государственной и общественной безопасности. Наиболее проблемным определением в современной науке является, на наш взгляд, понятие «безопасность личности», так как, несмотря на отмеченное выше стремление ученых обеспечить чистоту понятий, включающих родовое слово «безопасность», ряд исследователей берут на себя смелость идентифицировать «безопасность личности» как понятие, равнозначное или поглощаемое категорией «общественная безопасность». Сказанное выше позволяет сделать вывод о том, что проблемы безопасности требуют более глубокого внимания со стороны юристов ввиду того, что проблемы безопасности, в целом, в первую очередь как родовое понятие, представляет собой целый пласт общественных отношений в недостаточной степени, отрегулированный нормами казахстанского права. Но на данном этапе развития законодательного регулирования вопросов безопасности можно предложить следующее понятие безопасности, сформированное в современном правовом поле.

Содержание безопасности жизнедеятельности можно оценить следующим образом «...безопасность - есть деятельность людей, общества, государства, мирового сообщества народов по выявлению (изучению), предупреждению, ослаблению, устранению (ликвидации) и отражению опасностей и угроз, способных погубить их, лишить фундаментальных материальных и духовных ценностей, нанести неприемлемый (недопустимый объективно и субъективно) ущерб, закрыть путь для выживания и развития».

Нормативно – правовые основы безопасности жизнедеятельности стали следующие нормативно – правовые акты:

- Конституция Республики Казахстан;
- принципы и нормы международного права, международные договоры Республики Казахстан;
- конституционные законы Республики Казахстан;
- законы Республики Казахстан;

- иные нормативные правовые акты РК;
- законы и иные нормативные правовые акты органов местного самоуправления, принятые в пределах их компетенции в области безопасности.

Цель безопасности жизнедеятельности как науки будущего должно стать сохранение здоровья и жизни человека в техносфере, защита его от опасностей техногенного, антропогенного, естественного происхождения и создание комфортных условий жизнедеятельности.

Актуальность обеспечения безопасности населения обусловлено тем, что в последнее время количество чрезвычайных ситуаций имеет тенденцию к увеличению, возрастают материальный ущерб и потери среди населения, ухудшаются условия жизнедеятельности людей в целом. За этим стоят такие причины, как ослабление системы государственного управления и контроля за обеспечением безопасной жизнедеятельности в обществе, а также глобальные тенденции снижения эффективности деятельности социально – экономических систем в большинстве стран мира. Текущая ситуация в Казахстане поставила многие государственные органы перед лицом вновь открывшихся обстоятельств, связанных с обеспечением безопасности. Практическое решение задач обеспечения безопасности населения позволит раскрыть новые научные подходы к решению актуальных правовых проблем в данном направлении.

Сказанное выше позволяет ученым - правоведам осознать необходимость дальнейшей разработки, основных теоретико - правовых вопросов обеспечения безопасности населения и государства в условиях ограничительных мер, которые требуют повышенного внимания в период чрезвычайного положения, введенного в результате эпидемий, катастроф природного характера и других форс – мажоров.

В обеспечении безопасности и порядка важную роль играют органы внутренних дел и органы ЧС. Данные органы взаимосвязаны с различными организациями и органами государства, а также выполняют работу по предотвращению нарушений общественного порядка и наказаний за такие нарушения.

В завершении статьи отметим, что в современных условиях развития мировой экономики особое значение приобретает развитие правовых отношений при обеспечении безопасности. Гарантия обеспечения безопасности человека и гражданина стала одной из главных целей современного государства и основополагающим принципом развития законодательных норм. В рамках сказанного выше можно сделать следующие выводы:

1. Нормативно-правовая база обеспечения безопасности жизнедеятельности регламентирует обязанности и права государственных институтов власти и граждан, закрепляет и регулирует функциональное предназначение всех органов власти в области защиты от ЧС, определяет степень и меру ответственности.

2. Природная среда непосредственно влияет на безопасность жизнедеятельности человека, поэтому природоохранное законодательство направлено на ее охрану, предупреждение вредного воздействия хозяйственной или иной деятельности, оздоровление и улучшение качества окружающей природной среды.

3. Пропаганда знаний в области защиты населения и территорий от ЧС обеспечивается органами управления, входящими в МЧС РК, совместно с общественными объединениями, осуществляющими свою деятельность в области защиты и спасения людей, органами государственной власти, органами государственной власти в РК, органами местного самоуправления, организациями. Для пропаганды знаний в области защиты населения и территорий от ЧС могут использоваться средства массовой информации, а также специализированные технические средства оповещения и информирования населения в местах массового пребывания людей.

4. Пропаганда знаний в области защиты населения и территорий от ЧС обеспечивается органами управления, входящими в МЧС РК, совместно с общественными объединениями,

осуществляющими свою деятельность в области защиты и спасения людей, государственными органами государственной власти, органами государственной РК, органами местного самоуправления, организациями. Для пропаганды знаний в области защиты населения и территорий от ЧС могут использоваться средства массовой информации, а также специализированные технические средства оповещения и информирования населения в местах массового пребывания людей.

Библиографический список

1. Фомин А.А. Юридическая безопасность - особая разновидность социальной безопасности: понятие и общая характеристика // Государство и право. 2011. - № 2. - С. 72 - 80.
2. Антипов А. Право убежища как гарантия личной безопасности // Ведомости уголовно - исполнительной системы. - 2017. - № 1. - С. 20 - 23.
3. Редько Т.Н. Общая теория государства и права. Академический курс в 2 - х тт. // Под ред. М.Н. Марченко. - М., 2016. - Т. 2. - С. 51 - 56.
4. Захаров А.Л. Межотраслевые принципы права. Автореф. дис. ... канд. юрид. наук. - Казань, 2016. - С. 12.
5. Эбзеев Б.С., Айбазов Р.У., Краснорядцев С.Л. Глобализация и государственное единство России. - М., 2018. - С. 8.
6. Даль В.И. Толковый словарь живого великорусского языка: В 4 тт. / Под ред. И.А. Бодуэна де Куртенэ. - М., 2000. - Т. 1. - С. 167.
7. Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка: 80000 слов и фразеологических выражений / Российская академия наук. Институт русского языка им. В.В. Виноградова. - М., 1999. - С. 41.
8. Устав Организации Объединенных Наций (вместе с «Правилами процедуры генеральной ассамблеи») // Сборник действующих договоров, соглашений и конвенций, заключенных СССР с иностранными государствами. Вып. XII. - М., 1956. - С. 14 - 47.
9. Декларация тысячелетия Организации Объединенных Наций (принята в г. Нью - Йорке 08.09.2000 Резолюцией 55 / 2 на 8 - м пленарном заседании 55 - й сессии Генеральной Ассамблеи ООН). [Электронный ресурс]: www.un.org.
10. Постановление Правительства РК от 22.11.1991 № 1920 - 1 «О Декларации прав и свобод человека и гражданина» // СААП 1991. - № 52. - Ст. 1865.
11. Конвенция о защите прав человека и основных свобод (заключена в Риме 04.11.1950; с изм. и доп. от 11.05.1994) // СААП. 1998. - № 20. - Ст. 2143.
12. Конвенция о ядерной безопасности (принята в г. Вене 17.06.1994 на Дипломатической конференции Международного агентства по атомной энергии)
13. Договор о коллективной безопасности (вместе с «Протоколом об исправлении текста Договора о коллективной безопасности, подписанного в Ташкенте 15.05.1992» и Нотой МИД Республики Беларусь от 24.05.1995. - № 12 / 4913 - н)
14. Резолюции Генеральной Ассамблеи ООН от 05.12.1986 и 07.12.1987 «О создании всеобъемлющей системы международного мира и безопасности»
15. Резолюция от 01.12.1988 «Всеобъемлющий подход к укреплению международного мира и безопасности в соответствии с Уставом ООН»
16. Закон Республики Казахстан от 6 января 2012 года № 527 - IV О национальной безопасности Республики Казахстан по состоянию на 01.01.2022 г.)

ӨОЖ 343.13

Кенжибекова Э. П., заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.
e.kenzhubekova@etu.edu.kz

UDC 343.13

Kenzhibekova E. P., candidate of legal science, associate professor
Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty
e.kenzhubekova@etu.edu.kz

ТЕРГЕУ ЖӘНЕ СОТ ӘРЕКЕТТЕРІН ЖҮРГІЗУ БАРЫСЫНДАҒЫ АУДАРМАШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

Аннотация

Бұл мақала аудармашының қылмыстық процеске қатысуының процессуалдық мәселелері қарастырылады. Сондай-ақ, қылмыстық процестегі аудармашының құқықтық жағдайы егжей-тегжейлі қарастырылады. Қылмыстық сот ісін жүргізу тілі қағидасының жүзеге асырылу мақсатында қылмыстық іс жүргізу заңнамасы бірқатар конституциялық және қылмыстық процессуалдық кепілдіктер бекітіліп берілгені анықталады. Яғни, кейбір ғалымдардың айтуынша, қажетті жағдайларда аудармашының міндетті түрде қатысуы аудармашы жасаған процессуалдық құжаттарды тиісті деңгейде беру мен міндетті түрде аудармашының қатысуы тиіс деп көрсетіледі.

Түйін сөздер: тергеу әрекеттері, сот әрекеттері, аудармашы, құқықтық мәртебе, процессуалдық жағдай, кепілдіктер, процессуалдық құжаттар, дәлелдемелер, сот ісін жүргізу тілі, конституциялық кепілдіктер.

LEGAL STATUS OF THE TRANSLATOR DURING INVESTIGATION AND JUDICIAL PROCEEDINGS

Abstract

This article deals with the procedural issues of the translator's participation in the criminal process. Also, the legal status of the interpreter in the criminal process is considered in detail. In order to implement the principle of the language of criminal court proceedings, it is determined that a number of constitutional and criminal procedural guarantees have been established in the legislation of criminal proceedings. That is, according to some scientists, the mandatory presence of the translator in necessary cases is indicated by the provision of procedural documents made by the translator at the appropriate level and the mandatory presence of the translator.

Key words: investigative actions, court actions, translator, legal status, procedural situation, guarantees, procedural documents, evidence, language of court proceedings, constitutional guarantees.

Қазақстан Республикасының Конституциясы жалпы танылған қағидалар және халықаралық құқық нормаларына сай еліміздің тарихында адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын ең жоғарғы құқықтық деп бөліктермен қатар, олардың құқықтар мен бостандықтарын сақтау мен қорғау мемлекеттердің міндетті деп көрсетті ¹.

¹ Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30тамыз (2007.21.05. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Осыған орай адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының тікелей жүзеге асырылуына кепілдік береді. Олар заңнамалар мәнінің мазмұны мен оның қолдану аясын, заң шығару, және жергілікті басқару биліктерінің қызметтерін анықтаумен қатар, сот төрелігін қамтамасыз етеді. ҚР Конституциясында белгіленген басты құқықтардың бірі, ол өз ана тілін пайдалану құқығы, арақатынас жасауда, тәрбиелеуде, білім алу және мәдени дамуға алатын орны орасан зор.

Атақты процессуалист Н.Н Розин, былай деген: әртүрлі тілде сөйлейтін және аралас – ұлттар тұратын жергілікті жерлері көп мемлекет үшін соттың жүргізілу тілі туралы мәселе ерекше мәнге ие болады. Яғни оның пікірінше, «теориялық тұрғыдан алғанда екі жүйенің: *біріншісі* – ол жергілікті сақтау тілі, - яғни жергілікті халық сөйлейтін тілді сотта іс қарау барысында қолдану болса, *екіншісі* ол біртұтас мемлекеттік тілдің болуы деп атап көрсетуі Жергілікті сөйлеу тілі сот төрелігінің міндеттелуіне толығырақ жауап беруі және оның шаралары жергілікті халық үшін қол жетімді және түсінікті болады. Оның ең басты қажеттілігі төменгі сот сатыларының анық болуы ерекшелендіреді. Бірақ ол тәжірибеде кездесетін қиындықтарға әкеп соғады. Егер де жергілікті тұрғындар ерекше тілде сөйлейтін болса, олардың тілін білетін судьяларымен мемлекет толық қамтамасыз ете алмаулары мүмкін. Ал екіншісі жағынан бұл жүйе іс жоғарғы сатыға ауысқан немесе сот актілерінің мәтінін мемлекеттік тілде аудару барысында елеулі қиындықтарға әкеп соқтыруы әбден мүмкін мемлекеттің барлық соттарында және барлық соттарында және барлық сот актілерін жасауда қолданылатын тілдің біртұтас жүйесі жоғарыда аталған кемшіліктерден арылған және де ол істерді жоғары сатыға бергендігі қиындықтармен ұштаспайды. Бірақ, ол өз кезегінде соттарды жергілікті тұрғындардан оқшаулауы, яғни сот қызметкерлерінің тәжірибелік мақсаттарына жете алмауларына әкеп соқтыруы мүмкін¹.

Аталған жүйелердің әрқайсысының өз ерекшеліктері мен кемшіліктері де болады. Сондықтан да, заңнама, мынадай аралық нысандарды ұсынады: негізгі тіл ретінде мемлекеттік тіл, ал жергілікті жерлерде тұрғын халықтың санына қарай жергілікті халықтың тілін қазақ тілімен қатар қолдануға рұқсат етілген.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілдері – барлық мемлекеттік билік органдарына қолданылады және барлық іс жүргізуде сот өндірістерінде, соттардағы іс жүргізушілікте және өзге де құқық қорғау органдарында қолданылатын ресми тіл болып табылады².

Осы айтылған негізде ҚР ҚПК-нің 30-бабына сай қылмыстық сот ісін жүргізу мемлекеттік тілде жүргізіледі, ал қажет болған жағдайда сот ісінде мемлекеттік тілмен бірдей орыс тілі немесе басқа да тілдер қолданылады. Қылмыстық процесті жүргізетін орган істі орыс немесе өзге тілдерде жүргізу қажет болған жағдайларда сот ісін жүргізу тілін өзгерту туралы дәлелді қаулы шығарылады.

«Тіл» - деген ұғымның өзі және оның терминалогиядағы орны жөнінде алдымен анықтап алу қажет. Жалпы оны бес мағынада қарастыруға болады:

Мемлекеттік тіл–ол кез-келген мемлекеттің органдары, мекемелері, кәсіпорындары мен ұйымдары жұмыс істейтін сот өндірісі жүргізілетін, жоғарғы оқу орындары мен арнайы оқу орындарында, мектептерінде дәрістер өткізілетін тілді айтамыз.

Осыған орай, аталған қағиданың қамтамасыз етілуі мақсатында сот және терегеу әрекеттерін жүргізуге аудармашыны қатыстыру қарастырылған.

Қылмыстық сот ісін жүргізу тілі қағидасының жүзеге асырылу мақсатында қылмыстық іс жүргізу заңнамасы бірқатар конституциялық және қылмыстық процессуалдық кепілдіктер бекітіп берген. Яғни, кейбір ғалымдардың айтуынша, қажетті жағдайларда аудармашының

¹ Мищенко А. Ю. Понятие переводчика и его роль в уголовном судопроизводстве // Пробелы в российском законодательстве. - 2023. - № 6. – С. 244 –246.

² Қазақстан Республикасындағы тіл туралы 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-І Қазақстан Республикасының заңы 2008. 21.11.

міндетті түрде қатысуы аудармашы жасаған процессуалдық құжаттарды тиісті деңгейде беру мен міндетті түрде аудармашының қатысуы тиіс деп көрсетіледі¹.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы сот жалпы отырыстарының қаулыларына сай «Сот төрелігін жүзеге асыру барысында соттардың Конституцияның кейбір мәселелерін қолдану» мәселесіне байланысты іске қатысушылардың өтініштері бойынша шағымдар келтіру, өз ана тілдерінде түсініктемелер мен жауаптар беруге, өтініштер жариялауға және сотта сөз сөйлеу құқықтарының қамтамасыз етілуіне міндетті болып табылады. Дегенмен, қылмыстық сот өндірісінде адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуын жүзеге асыру әліде өңделуді талап етеді және заңнамамен отандық құқыққолдану тәжірибесіне оларды қорғаудың сенімді және қол жетімді қорғау механизмдерін енгізу талап етіледі. Баршамызға белгілі, күнделікті өмірлік құқықтар мен бостандықтардың белсенді жүзеге асырылуы үшін сенімді ішкі мемлекетаралық әрекеттесулер мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының қамтамасыз етілуіндегі кепілдіктер механизмі.

Қылмыстық сот өндірісінің тілі принципінің таралу механизмі болып қылмыстық іске аудармашының қатысуы табылады. Аталған құқықты қылмыстық сот өндірісі қатысушылары үшін тиісті деңгейде қамтамасыз ету, ол қылмыстық сот өндіріс қатысушылары үшін тиісті деңгейде қамтамасыз ету, ол қылмыстық сот өндірісінің тілі қағидаларының бір құрамдас бөлігі болып табылады².

Қазіргі таңдағы заңнама іске аудармашының міндетті түрде қатысуының екі негізін қарастырады, егер:

- 1) қылмыстық іс бойынша қатысушы сот өндірісі жүргізілетін тілді білмейтін болса;
- 2) іске қатысушы тұлға қылмыстық іс бойынша өндірістің жүргізілу тілін жеткіліксіз деңгейде білетін болса.

Қылмыстық іс жүргізу заңнамасы алғаш рет заңды деңгейде аудармашының құқықтық мәртебесін анықтаумен қатар, қылмыстық сот өндірісіне жеке мүдделі емес және тәуелсіз қатысушы ретінде бекітіп көрсеткен³.

Қазақстан Республикасы қылмыстық процесстік кодексінің 8 - тарауында үш негізгі процессуалдық функцияларға сәйкес келмейтін іс жүргізу қатысушылары енгізілген аудармашы (ҚПК-нің 59-бабы), мына аталып өтілетін өзге де қатысушылардың, яғни, куә (56-бап), сарапшы (57-бап), маман (58-бап) және куәгерлердің (60-бап) қатарына жатқызылған. Осыған орай, аудармашы, айыптау, қорғау шаралары және сотпен бөлек процесстің жеке қатысушысы деп танылып кең өкілеттіліктерге ие болады. Аудармашы сот төрелігіне әрекеттесе отырып, процессуалдық функцияларды жүзеге асырады.

Қылмыстық процесстік кодексі 59-бабының 1-ші бөлігіне сай аудармашы қылмыстық іс жүргізу заңнамасында көрсетілген жағдайларда аударуға қажетті тілді меңгерген және еркін сөйлей алатын қылмыстық сот өндірісіне қатысуға тартылған тұлғаны айтамыз. Дегенмен, оның кәсіби немесе аудармашы мамандығының болуы міндетті емес. Егер процессті жүргізетін тұлғалар, сот өндірісіне қатысатын қатысушының араласу тілін білетін болса, онда олар аудармашы бола алмайды немесе әртүрлі процессуалдық функцияларды қолданатын болса, онда оларға қарсылық білдірілуі тиіс (ҚПК-ң 61 бабы, 2-бөлігі). Аудармашы ҚПК-ң 61, 69-баптарында көзделген негіздер бойынша процесске қатыса алмайды және қарсылық білдіруге жатқызылады. Сонымен қатар, егер де ол, куә болса, іс бойынша кез-келген қатысушысының туысы, жақын туысы болса, немесе істің барысына белгілі жағдайлармен мүдделі болса қатыстырылмайды және қарсылық білдірілуге жатады. Сондай – ақ, процесстің қатысушылары өздері ұсынған тұлғалардың арасынан аудармашы

¹ Е.Е. Ерешев. Қылмыстық іс жүргізу. Жалпы бөлім: Оқулық. – Алматы: «Өлке» баспасы, 2006. 216 бет

² Вестник Института законодательства Республики Казахстан. № 3 (3) 2006 г. С. 72.

³ Принципы современного российского уголовного судопроизводства: монография / науч.ред. И.В. Смолькова, - М.:Юрлитинформ, 2015. – 384 с.

ретінде тағайындау туралы өтініштер жасай алады. Оған қарсылық білдіру негіздері болмаған жағдайда – ол аудармашы ретінде іске жіберіледі. Тұлғаны – аудармашы ретінде тағайындау туралы анықтаушы, тергеуші немесе судья қаулы, ал сот анықтама шығарады.

Аудармашыларға қатаң талаптар қойылуы тиіс. Себебі олардың білімдеріне орай адамның ар-намысы мен өмірі қылмыскерді жазалау немесе кінәлі емес адамды ақтау сияқты мәселелер шешіледі. Екі тілдің синтаксисі мен грамматикасын жеткілікті деңгейде білмеу заңды, медициналық, техникалық терминалогиялар аясындағы білімдері жеткілікті сөздік қоры, жазбаша немесе ауызша айтылған ойларды мәні бойынша дәл жеткізіп беруге тиісті. Сондықтан қылмыстық іс жүргізуде штаттық сот аудармашыларының қызметтерін пайдалану орынды, ал егер олардың қатысуы мүмкін болмағанда ғана – мамандарды өзге мекемелер мен ұйымдардан шақыртылуы тиіс деп атап көрсетеді¹.

Сот талқылауына аудармашының қатысу мәселесін шешпес бұрын, міндетті түрде оның іс бойынша жүргізілетін тілді қаншалықты білетіндігін және бір тілден екінші тілге аударудағы тәжірибесі мен амалдарының бар екендігін анықтап алу қажетті. Сөздердің, сұрақтар мен жауаптардың, сондай-ақ, құжаттардың дәлме-дәл аударылуына іс бойынша дәлелдемелерді бағалаудың дұрыстылығы тәуелді болады. Осыған орай, В.Кочеткова және В.Назаровалардың пікірлері бойынша, аудармашыға тілдің грамматикалық құрылымына назар аударудың және олардың аударатын сұрақтары, жауаптары мен құжаттары жөнінде түсініктемелер беруге құқылы емес екендіктерін түсіндіру қажет деп атап өтеді².

Аудармашы - дәлелдемелерді процессуалдық тұрғыдан бекітуде маңызды рөл атқарады. Алдын - ала тергеу барысында ол аударған құжаттары мен өзі қатысқан тергеу әрекеттерінің хаттамаларын қол қою арқылы куәландырады.

Сот өндірісі жүргізілетін тілді білмейтін қатысушыларға, өз ана тілдерінде жауаптар беруге, сотта сөз сөйлеуге немесе аудармашының көмегін пайдалануға құқылы екендіктері түсіндірілуі тиіс. Тілді білмейтін тұлғаға уақтылы аудармашының көмегі берілмесе ол сөзсіз қамтамасыз етіледі. Міндетті түрде мына мәселеге назар аударылуы тиіс, егер де, айыпталушы немесе тергеу әрекетіне қатысатын өзге де қатысушының сот өндірісі жүргізілетін тілді білмеуі белгілі болса, онда анықтаушы мен тергеуші іске аудармашының көмегінсіз немесе өз еркімен оның қатысуына қарсылық білдірсе де аудармашыны қатыстыруға міндетті болып табылады.

Дәлелдеуге аудармашының қатысуы дәлелдемелерді жинау мен зерттеу институтына тікелей байланысты болады.

Мұндай жағдайда тергеуші мен сот және айыпталушы мен куә арасында аралық буындар пайда болады. Барлық мәліметтер аудармашының санасы арқылы өтіп, олда сараланып, тек содан кейін ғана тергеушімен сотқа келіп түседі. Осынысымен өзге тілге аударылған алғашқы дәлелдеу құралы (жауаптар, қорытындылар) туынды болып келеді. Сондықтанда, іс үшін маңызды мәліметтер жойылып кетуі, бұрмалануы немесе жасалған мәліметтің пайда болған мәліметтің пайда болу қаупінің бар екендігі анықталады.

Аталғандарды аудармашының қатысуымен алған дәлелдемелерді бағалауда ескеру қажетті.

Аудармашыға оның құқықтары, міндеттері және мүмкін болатын жауапкершіліктері жөнінде – оған өз міндеттеріне кіріспес бұрын түсіндіріледі. Сот талқылауында аудармашыға оның құқықтары мен міндеттерін түсіндіру, төрағамен сотқа келушілерді тексерумен және сот мәжілісі сот талқылауының дайыдық бөлімінде жүзеге асырылады.

¹ С.К. Жүрсімбаев Қазақстан Республикасының құқыққорғау органдары: Оқулық. – Алматы: «НУРПЕСС» баспасы, 2010. – 360 бет.

² В.Н. Кочеткова, С. В. Назарова. Стиль составления процессуальных документов. Киев. – 2019. - 152 с.

Тергеу және өзге де процессуалдық әрекеттердің жүргізілуіне аудармашының қатысуы сол хаттамаларда бекітілуі және де өзге қатысушылар сияқты аудармашы да оның мазмұнымен танысып болғаннан кейін қол қояды.

Аудармашы міндетті: тергеуші, анықтаушы, анықтау органдары, прокурор және судьяның шақыртуы бойынша келуге; тергеу және өзге процессуалдық әрекеттер барысында дұрыс аудармалар жасауға, сондай-ақ процессуалдық құжаттарды аударуға; аудармашы есебінде қылмыстық іске қатысуына байланысты өзіне белгілі болған алдын-ала тергеудің мәліметтерін жариялауға міндетті.

Жалған аударма жасағаны үшін және алдын-ала тергеудің мәліметтерін жарияламағаны үшін ҚР ҚПК-не сай қылмыстық жауапкершілік көзделген. ҚК-ң 307 – бабында жалған жауап берген үшін, сарапшы мен маман қорытындысы немесе дұрыс дұрыс аударылмағаны үшін жауаптылық көзделген, ал ҚК-нің 310-бабында алдын-ала тергеудің мәліметтерін жарияғаны үшін жауаптылық көзделген. Осы ережелерді ережелерді ескере келе аудармашы есебінде ереже бойынша ҚР ҚПК-нің 307 және 310 баптары бойынша қылмыстық жауаптылық пайда болатын 16-жасқа толған тұлға болуы тиіс.

Яғни, Қазақстан Республикасы қылмыстық заңының 307-бабындағы ескертуге орай, аудармашы қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жатқызылады; егер де ол, анықтама, тергеу немесе сотта іс қарау барысында соттың үкімі немесе шешімі шыққанға дейін жалған дұрыс емес аударма жасалғандығы жөнінде өз еркімен жариялаған болса. Аудармашыға жалған дұрыс емес аударма жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтың бар екендігі жөнінде тергеушімен ескертілмесе, сондай-ақ, айыпталушыға қарсылық білдіру құқығының бар екендігі жөнінде айыпталушыға ескертілмеген болса, онда ол қылмыстық процессуалдық заңнаманы елеулі түрде бұзуға әкеп соқтырады.

Библиографиялық тізім

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жыл. 2007 жылғы енгізілген өзгертулер мен толықтырулармен. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі// [Электрон ресурс] <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000> (өтініш берілген күн: 06.04.2024)
2. Мищенко А. Ю. Понятие переводчика и его роль в уголовном судопроизводстве // Пробелы в российском законодательстве. - 2023. - № 6. – С. 244 –246.
3. Қазақстан Республикасындағы тіл туралы 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-І Қазақстан Республикасының заңы 2008. 21.11.
4. Е.Е. Ерешев. Қылмыстық іс жүргізу. Жалпы бөлім: Оқулық. – Алматы: «Өлке» баспасы, 2016. 216 бет.
5. Вестник Института законодательства Республики Казахстан. № 3 (3) 2006 г. С. 72.
6. Принципы современного российского уголовного судопроизводства: монография / науч.ред. И.В. Смолькова, - М.:Юрлитинформ, 2022. – 384 с.
7. С.К. Жүрсімбаев Қазақстан Республикасының құқыққорғау органдары: Оқулық. – Алматы: «НУРРПЕСС» баспасы, 2020. – 360 бет.
8. В.Н. Кочеткова, С. В. Назарова. Стиль составления процессуальных документов. Киев. – 2019. – 152 с.

ӘОЖ 340.1

Климова Л.А., заң ғылымдарының магистрі,
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.
lileka-92@mail.ru

UDC 340.1

Klimova L.A., master of law degree
West Kazakhstan innovation and Technology University, Uralsk
lileka-92@mail.ru

ҚОҒАМДАҒЫ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Аннотация

Бұл мақалада құқық бұзушылықтардың түрлері және оның алдын алу шаралары баяндалған және құқық бұзушылық түрлерінің бір-бірінен ерекшеліктеріне басты назар аударылған.

Түйінді сөздер: Құқық бұзушылық, қылмыс, теріс қылық, әкімшілік құқық, еңбек құқығы, азаматтық құқық, халықаралық құқық.

THE MAIN TYPES OF OFFENSES IN SOCIETY AND MEASURES TO PREVENT THEM

Abstract

This article describes the types of offenses and measures to prevent them, and the main attention is paid to the features of the types of offenses from each other.

Keywords: offense, crime, misdemeanor, administrative law, labor law, civil law, international law

Көптеген жылдар бойы барлық мемлекеттер құқық бұзушылықпен күресіп келеді. Бүгінгі күні бұл мәселе заң ғылымында бұрынғыдай соншалық күрделі, әрі қарама-қайшылықты болып келеді. Сондықтан француз социологы Эмиль Дюркгейммен келіспеуге болмайды, ол қылмыс кез келген салауатты қоғамның элементі болып табылады деп санады. Яғни ешбір қоғам құқық бұзушылықты түп тамырымен жойып жібере алмайды. Құқық бұзушылық әрқашан болады, тек оны бәсеңдетіп, бірқалыпты болуына әрекет ету керек. Сондықтан құқық бұзушылықпен күресудің жаңа теориялық тұжырымдамаларын үнемі тұжырымдау, жаңа әдістер мен рәсімдерді құрастыру қажет.

Құқық бұзушылықтың алдын алу үшін бұл ұғымның мағынасы мен түрлерін білу қажет. Сонымен, құқық бұзушылық деген не? Құқық бұзушылық – бұл әрекетке қабілетті тұлғаның құқық нормаларының ұйғарымдарына қайшы келетін, басқа тұлғаларға залал келтіретін және заң жүзінде жауапкершілікке тартылуыға әкеліп соғатын қылмысты әрекеті. Ал қылмыс – бұзушылық оны құқықтық емес мінез-құлық қағидаларын бұзудан өзгешелейтін қатаң белгіленген белгілермен сипатталады. Құқық бұзушылық – бұл адамның әрекет етуіне немесе әрекетсіздігінен байқалатын қылық. Құқық бұзушылыққа ой, сезім, ниет жатпайды, себебі олар адамның қылығының белгілі бір актісінде байқалмайынша, құқықпен реттелмейді. Егер адам құқық нормаларында қарастырылған белгілі бір әрекетті жасау керек болып, бірақ жасамаса (мысалы, өміріне қауіп төніп тұрған адамға көмек көрсетпегенде), онда

бұл әрекетсіздік болып табылады.¹

Барлық құқық бұзушылықты екі топқа бөлу қабылданған – қылмыс және теріс қылық. Оларды бөлудің, біріншіден қоғамдық зияндылықтың сипаты мен дәрежесі, екіншіден, субъективті фактор, бұл шешуші шамада құқыққа қайшылық ретінде сол немесе басқа іс-әрекетті мойындауға әсер етеді. Қоғамдық зияндылықтың сипаты мен дәрежесі нысан құндылығымен, құқыққа қайшы қастандықпен, жағдаймен, уақытпен, (зорлық немесе зорлық емес) тәсілдермен, өлшеммен және келтірілетін зиян сипатымен және т.б. анықталады.

Теріс қылықтар – қылмыстармен салыстырғанда қоғамдық қауіптің аз дәрежесімен сипатталатын құқық бұзушылық, ол қоғамдағы құқықтық тәртіптің жеке жақтарына қастандық жасайды. Теріс қылықты құқық салаларында қолданарлық түрде, сондай-ақ олар теріс қылық енгізетін қарым-қатынас түрлері бойынша және солар үшін қолданылатын жаза түрлеріне қарай топтауға болады.

Тәртіптік теріс қылық – қызметтік қарым-қатынастар аумағында жасалатын құқық бұзушылық және ол ең алдымен қызмет бойынша бағынушылық қатынастың тәртібін бұзады. Тәртіптік теріс қылық адамдардың белгілі ұжымдарының қызмет тәртібіне қастандық жасайды, ол еңбек, қызмет немесе оқу тәртібін әлсіретеді де, тәртіптік теріс қылықты тудырады. Тәртіптік жазаның мерзімі – бір жыл.²

Әкімшілік құқық бұзушылық (теріс қылық) - заң бойынша бекітілген қоғамдық тәртіпке, мемлекет органдарының атқару және орналастыру қызметі саласындағы қарым-қатынасқа қастандық жасайтын, қызметтік міндеттерді жүзеге асырумен байланысты емес құқық бұзушылық. Әкімшілік теріс қылықтар, мысалы, өртке қарсы қауіпсіздік ережелерін, мемлекеттік немесе жеке кәсіпорындарда санитарлық гигиенаны бұзу болып табылады. Әкімшілік деликтер, қоғамдық зияндылық немесе қауіп белгілеріне ие бола отырып, зияндылығының аз дәрежелілігімен қылмыстан айтарлықтай айырмасы болады.

Азаматтық теріс қылықтар (деликтер) – мүліктік және сондай-ақ мүліктік емес аймақта жасалатын құқық бұзушылық, ол адам үшін рухани құндылық болып табылады. Азаматтық құқық бұзушылық — ұйымдарға және жеке азаматтарға келісім бойынша міндеттерін орындамаудан, азаматтың ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін мәліметтер таратудан тұратын мүліктік зиян келтірумен бейнеленеді. Азаматтық құқық бұзушылық, зиянның орнын толтыру, бұзылған құқықты мәжбүрлеп қалпына келтіру немесе орындалмаған міндетін атқару сияқты санкцияларды қолдануға алып келеді.

Еңбек құқығын бұзу – еңбек міндеттерін бұзудан, орындамаудан тұратын және еңбек туралы заңның нормаларында болатын санкциялармен тыйым салынған еңбек құқығы субъектісінің құқыққа қайшы айыпты іс-әрекеті.

Халықаралық құқық бұзушылық – халықаралық құқық нормаларына немесе жеке басының міндеттемелеріне қайшы келетін әрекет немесе басқа субъектіге, халықаралық құқық субъектілерінің тобына немесе барлық халықаралық қауымдастыққа залал келтіретін халықаралық құқық субъектісінің әрекетсіздігі. Халықаралық деликтіге-дипломатиялық өкілдерге қатысты құқыққа қайшы әрекеттердің жолын кесу жөнінде шаралар қолданбау, сауда міндеттемелерін бұзу және т.б. жатады.

Құқық бұзушылықты сөз еткенде қылмыс ұғымын да ұмытпау қажет. Себебі жалпы барлық елдегі болып жатқан құқық бұзушылықтың көпшілік бөлігі қылмыстық құқық бұзушылық. Қылмыстар дегеніміз- қоғамдық қауіпті, қылмыстық заңдармен тыйым салынған, адамгершілік тұрғыдан сотталатын, айыпты деп табылған, жазаланатын, мемлекеттік конституциялық құрылысына, оның саяси және экономикалық жүйесіне, азаматтардың құқықтары мен бостандық меншігінің бекітілген түрлеріне қастандық келтіретін немесе

¹ Құқық бұзушылық профилактикасы туралы Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 сәуірдегі № 271-IV Заңы.

² Теория государства и права: Учебник для вузов / Под ред. проф. В.М. Корельского и проф. В.Д. Перевалова. 2-е издание, измен. и доп. – М.: «НОРМА» 2000. -616 б.

құқықтық тәртіпті бұзатын, сондай-ақ, мемлекеттің, қоғамдық ұйымдар мен жеке тұлғалардың заңмен қорғалатын мүдделеріне зиян келтіретін іс-әрекеттер. Жеке адамға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтірмеген және зиян келтіру қаупін туғызбаған іс-әрекет немесе әрекетсіздік қылмыс болып табылмайды.¹

Әрбір құқық бұзушылық қоғамдық, мемлекеттік немесе жеке бастың мүдделеріне залал келтіреді, қоғамға зиянды нәтижелерге алып келеді. Зиян – материалдық және моральдық, өлшеулі және өлшеусіз, физикалық және рухани, маңызды және маңызды емес, қалпына келтірілетін және қалпына келтірілмейтін болады. Осылайша, қоғамдық қауіпсіздік құқық бұзушылық белгісі ретінде құқық бұзушылық жасау нәтижесінде жеке тұлғаның, қоғамның немесе мемлекеттің мүддесіне зиян келтіреді. Құқық бұзушылықтың ең жалпы түрі қоғамға зиян келтіретін және заңға сәйкес жазаланатын қоғамға қарсы әрекет ретінде сипатталуы мүмкін. Сол себепті де құқық бұзушылықтың алдын алу қажет.

Құқық бұзушылықтың алдын алу үшін азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін құқыққа қарсы қол сұғушылықтан қорғауды қамтамасыз ету, елдегі құқық бұзушылықтың деңгейін азайту, құқық бұзушылықтың алдын алу жүйесін жетілдіру, сондай-ақ оған ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау, жою, бас бостандығынан айыру орындарынан оралған, осыған орай туыстық байланыстарын жоғалтқан, сондай-ақ тұрақты тұратын жері және құжаттары жоқ адамдарды әлеуметтік бейімдеу және оңалту, құқық бұзушылықтың алдын алу жүйесі субъектілерінің және оған қатысушылардың қызметін үйлестіру, салауатты өмір салтын қалыптастыру, азаматтық құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті тәрбиелеу, құқық бұзушылық жасағаны үшін жазаның бұлтартпастығын қамтамасыз ету қажет.²

Құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін осы міндеттерді негізге ала отырып, белгілі бір жазаларда не шараларды қолдану қажет. Құқық бұзушылықтың алдын алу қызметін жүзеге асыру барысында құзыретті органдар құқық бұзушылық жөнінде істерді қарастырып, шешім қабылдайды. Құқық бұзушылықтың алдын алуды жүзеге асыратын органдар мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мемлекеттік ұйымдар. Құқық бұзушылық жөніндегі істі қозғау негізі жасалған істе құқық бұзушылық құрамының болуы болып табылады. Сондықтан құқық қолдану қызметін жүзеге асыру құқық бұзушылық ұғымын терең білмейінше мүмкін емес. Қажетті білім құқық бұзушылықты дұрыс біліктілеуге, іс бойынша заңды шешімдер қабылдауға, заңдылықты сақтауды қамтамасыз етуге, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға көмектеседі.

Құқық бұзушылықтың алдын алудың бірден бір тәсілі алдын алу шараларын жүзеге асыру болып табылады: халықтың неғұрлым қауқарсыз тобын әлеуметтік қорғау және экономиканы жалпы сауықтыру жөніндегі әлеуметтік-экономикалық шараларды; экономиканы, әлеуметтік саланы, құқық қорғау қызметін басқарудағы қателіктер мен кемшіліктерді жоюға бағытталған ұйымдастырушылық-басқару шараларын, сондай-ақ құқық бұзушылықтың алдын алуды нормативтік, ақпараттық, әдістемелік және ресурстық қамтамасыз етуді жетілдіруге бағытталған шараларды; қоғамдық санада құқыққа қарсы мінез-құқыққа және қоғамға қарсы іс-әрекеттерге төзбеушілікті қалыптастыратын азаматтардың бойында жалпы адамзат құндылықтарына бағытталған адамгершілік ұстанымдарын қалыптастыру, құқық бұзушылықты жасауға кедергі болатын ғылым мен техниканы; құқық бұзушылықтың алдын алу саласындағы заңнаманы жетілдіруді; құқық бұзушылық субъектілерінің қызметін құқықтық реттеуді; нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша криминологиялық сараптама жүргізу кіретін құқықтық шараларды қолдану арқылы іске асырылады.³

¹ Ағдарбеков Т. Мемлекет және құқық теориясы. Оқулық – Алматы: «HAS» баспа компаниясы, 2003. 320 б.

² Лазарев В.В. Липиев С.В. Общая теория государства и права. Учебник для вузов. М. «Спарк», 2000.

³ Общая теория государства права. Учебник под ред./ М.Н. Марченко и др. М., 1998. с. 580.

Құқық бұзушылықты зерттейтін әр түрлі анықтаулар бар. Жалпы қорытындылық түрде олар, өздеріне заңдық жауапкершілік алатын қоғамға зиянды әрекет еткен тұлғалар немесе тұлғаның құқыққа қарсы, өзін кінәлі еткен құқық бұзушылыққа ұласады.

Қорытындылай келе құқық бұзушылықтың алдын алу еліміздің басты міндеті. Халыққа құқық бұзушылық үшін жауапкершіліктің барын түсіндіру және оның алдын алу үшін шаралар қолдану қажеттілігін насихаттау қажет. Заң жүзіндегі жауапкершіліктің басты мақсаттары құқық тәртіптерін қорғау және азаматтарды құқықты құрметтеу рухында тәрбиелеу деп санауға болады.

Библиографиялық тізім

1. Құқық бұзушылық профилактикасы туралы Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 сәуірдегі № 271-IV Заңы.
2. Теория государства и права: Учебник для вузов / Под ред. проф. В.М. Корельского и проф. В.Д. Перевалова. 2-е издание, измен. и доп. – М.: «НОРМА» 2000. -616 б.
3. Ағдарбеков Т. Мемлекет және құқық теориясы. Оқулық – Алматы: «НАС» баспа компаниясы, 2003. 320 б.
4. Лазарев В.В. Липиев С.В. Общая теория государства и права. Учебник для вузов. М. «Спарк», 2000.
5. Общая теория государства права. Учебник под ред./ М.Н. Марченко и др. М., 1998. с. 580.

ӘОЖ 340.1

Момышева Ф.С., заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,
Құқық мектебінің деканы

Еуразиялық технологиялық университеті, Алматы қ.
f.momysheva@etu.edu.kz

Туғанбаев Р.С., Құқық мектебінің магистранты
Еуразиялық технологиялық университеті, Алматы қ.
ezuo12345@gmail.com

ЗАҢДЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ОНЫҢ ҒЫЛЫМИ ӘДЕБИЕТТЕГІ ТҮСІНДІРМЕСІ

Аннотация

Бұл мақалада құқықтық жауапкершілік түсінігі және оның құқық пен ғылымның әртүрлі салаларындағы маңызы қарастырылады. «Себептік» принципі сипатталған, соның негізінде келтірілген зиян үшін жауапкершілік анықталады. Мәтінде заңды жауапкершіліктің моральдық жауапкершілікпен тығыз байланысты екендігі және құқыққа қайшы әрекет болған жағдайда әділеттілікті қамтамасыз етуге көмектесетіні көрсетілген. Талқыланатын салаларға өнім үшін жауапкершілік, медициналық қателіктер, қоршаған ортаны қорғау құқығы, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік, зияткерлік меншік құқығы және қылмыстық құқық жатады. Мәтінде заңды жауапкершілік жеке тұлғалар мен ұйымдардың өз әрекеттері мен келтірілген зиян үшін жауапкершілікке тартылуын қамтамасыз етуге көмектесетін маңызды ұғым екенін атап көрсетеді.

Түйін сөздер: құқықтық жауапкершілік, құқықтық жауапкершілік тұжырымдамасы, корпоративтік жауапкершілік, моральдық жауапкершілік, мәдени нормалар, әлеуметтік нормалар, моральдық нормалар, қылмыстық құқық, Азаматтық құқық, ғылыми әдебиеттер.

UDC 340.1

Momysheva F.S., candidate of legal science, associate professor,
Dean of the School of Law
Eurasian Technological University, Almaty
f.momysheva@etu.edu.kz

Tuganbaev R.S., graduate student of the school of law
Eurasian Technological University, Almaty
ezuo12345@gmail.com

LEGAL LIABILITY AND ITS INTERPRETATION IN THE SCIENTIFIC LITERATURE

Abstract

This article discusses the concept of legal responsibility and its significance in various fields of law and science. The principle of "causation" is described, on the basis of which responsibility for the harm caused is determined. The text indicates that legal responsibility is closely related to moral responsibility and can help ensure justice in the event of wrongdoing. Areas discussed include product liability, medical malpractice, environmental law, corporate social responsibility, intellectual property law, and criminal law. The text emphasizes that legal liability is an important concept to help ensure that individuals and organizations are held accountable for their actions and any harm caused.

Keywords: legal responsibility, the concept of legal responsibility, corporate responsibility, moral responsibility, cultural norms, social norms, moral norms, criminal law, civil law, scientific literature.

Занды жауапкершілік дегеніміз - адамның немесе ұйымның өз әрекеттері (әрекетсіздігі) және олардан туындайтын кез келген салдар үшін жауапкершілікті өз мойнына алу бойынша занды міндеттемесі. Занды жауапкершілік – бұл құқыққа қарсы әрекет жасағаны үшін кінәлі адамға мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдану құқықтық категория ретінде қарастырылады. Бұл ұғым ғылыми әдебиеттерде кеңінен зерттеліп, түсіндірілді.

Құқықтық салада жауапкершілік көбінесе жауапты тұлғаның әрекеті мен келтірілген зиян арасында себеп-салдарлық байланыстың болуын талап ететін «себеп-салдарлық» принципі негізінде анықталады. Яғни, занды жауапкершілікке тарту үшін жауапты тарап зиян келтіруде елеулі рөл атқарған болуы керек¹.

Ғылыми зерттеулерге қызығушылық, жаңашылдық және білімге ұмтылу себеп болады. Дегенмен, осы асыл ниеттермен қатар зерттеушілер мен ғалымдардың да өз істерінің әділ, әдепті, нақты болуын қамтамасыз ету заңдық жауапкершілікте. Бір маңызды аспект - деректердің тұтастығы, дұрыс атрибуция және зерттеу хаттамаларын сақтау сияқты әртүрлі этикалық ойларды қамтитын зерттеуді жауапты жүргізу (RCR). Университеттер мен ғылыми-зерттеу институттары жауапты зерттеу тәжірибесін ынталандыратын саясаттар мен нұсқауларды жиі белгілейді².

¹ Кабанова И. Е. Қоғамдық субъектілердің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі: теория мен практика мәселелері: монография / жауап. басылым. М. А. Егорова. М.: Әділет Ақпараты. - 2018 ж. - 398 б.

² Ұлттық денсаулық сақтау институттары (NIH) - "жауапты зерттеулер жүргізу" / / <https://oir.nih.gov/sourcebook/ethical-conduct/responsible-conduct-research-training> / өтініш берген күні: 13.06.2023.

Заңды жауапкершілік ұғымы ниет, білім және этикалық ойлар сияқты факторларды ескеретін кеңірек және субъективті ұғым болып табылатыдыктан моральдық жауапкершілік идеясымен тығыз байланысты. Заңды жауапкершілікті сот анықтаса, моральдық жауапкершілік жеке адамның ар-ожданы мен әлеуметтік нормаларына байланысты.

Тұтастай алғанда, заңды жауапкершілік ұғымы құқықтық және ғылыми салаларда маңызды, өйткені ол жеке тұлғалар мен ұйымдардың өз әрекеттері мен келтірілген кез келген зиян үшін жауап беретініне кепілдік береді.

Жоғарыда келтірілген мысалдардан басқа, заңды жауапкершілік корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік, зияткерлік меншік құқығы және қылмыстық құқық сияқты салаларда да маңызды. Осы салалардың әрқайсысында заңды жауапкершілік жеке тұлғалар мен ұйымдардың өз әрекеттері үшін жауап беруін және заңсыз әрекеттердің әділеттілігін қамтамасыз етуге көмектеседі.

Мысалы, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік контекстінде заңды жауапкершілік компаниялардың қоршаған ортаға және қоғамға тигізетін әсері үшін жауапкершілікке тартылуын қамтамасыз етуге көмектеседі. Бұған қоршаған ортаны ластау, еңбек тәртібін бұзу немесе басқа да зиянды әрекеттер үшін жауап беретін ұйымдар қамтуы мүмкін. Авторлық және сабақтас құқықтар туралы заңнама жеке тұлғалар мен ұйымдардың зияткерлік меншік құқықтарының кез келген бұзылуы үшін жауапкершілікке тартылуын қамтамасыз етеді. Бұл жеке тұлғаларды немесе компанияларды авторлық құқықты бұзу, патентті бұзу немесе авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы заңның басқа да бұзушылықтары үшін жауапкершілікке тартуды қамтуы мүмкін¹.

Қылмыстық құқықта заңды жауапкершілік қылмыс жасаған адамдардың өз әрекеттері үшін жауапқа тартылуын қамтамасыз етуге көмектесетін негізгі ұғым болып табылады. Бұл кісі өлтіру, ұрлық немесе алаяқтық сияқты қылмыстар үшін адамдарды жауапкершілікке тарту және тиісті жазаны қамтамасыз етуді қамтуы мүмкін.

Тұтастай алғанда, заңдық жауапкершілік ұғымы құқықтық және ғылыми салаларда өте маңызды, өйткені ол жеке адамдар мен ұйымдардың өз әрекеттері үшін жауап беретініне және құқыққа қарсы іс-әрекеттер жағдайында әділеттілік орнайтынына сенімді болады.

Заңды жауапкершілік заңдар қолданылатын географиялық аймаққа қатысты, юрисдикцияға байланысты да әртүрлі болуы мүмкін.

Мысалы, ұйымдардың заңды жауапкершілігі басқа елдер, штаттар немесе провинциялар арасында әртүрлі болуы мүмкін. Сол сияқты, адамның заңды жауапкершілігіне олар орналасқан елдің немесе аймақтың заңдары мен ережелері әсер етуі мүмкін.

Кейбір жағдайларда заңды жауапкершілік бірнеше тарап арасында бөлінуі немесе таратылуы мүмкін. Мысалы, бірлескен және бірнеше жауапкершілік жағдайларында бір зиян үшін бірнеше тарап жауапты болуы және әрбір тарап залалдың толық сомасына дейін шығынды төлеуге міндеттелуі мүмкін. Бұл барлық жауапты тараптардың жауапқа тартылуын және жәбірленушіге келтірілген зиян үшін толық өтемақы алуын қамтамасыз етуге көмектеседі.

Заңды жауапкершілікке адам құқықтарын қорғау міндеті немесе қоғамның ең жақсы мүдделеріне сай әрекет ету міндеті сияқты этикалық ойлар да әсер етеді. Кейбір жағдайларда заңды жауапкершілік жай ғана заңды сақтаудан кеңірек болуы мүмкін және басқалардың мүдделеріне сай әрекет ету үшін моральдық міндеттемені қамтуы мүмкін.

Құқықтық жауапкершілік – бұл құқықтық және ғылыми салаларда жауапкершілік пен әділеттілікті қамтамасыз ету үшін маңызды күрделі және көп қырлы ұғым. Заңды жауапкершілікке әсер ететін әртүрлі факторларды түсіну арқылы жеке адамдар мен ұйымдар

¹ "Авторлық құқық және уақытша құқықтар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы № 6-І Заңы (01.05.2023 ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулармен).

өздерінің міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету және ықтимал құқықтық немесе этикалық проблемаларды болдырмау үшін шаралар қолдана алады¹.

Занды жауапкершілікке оның пайда болуының да әсер етуі мүмкін екенін атап өткен жөн. Мысалы, медициналық қызмет көрсетушінің занды жауапкершілігі олардың ауруханада, қоғамдық емханада немесе апат аймағында көмек көрсетуіне байланысты өзгеруі мүмкін. Сол сияқты, ұйымның занды жауапкершілігі ол жұмыс істейтін салаға, компанияның көлеміне және ол орналасқан юрисдикцияға байланысты өзгереді.

Сонымен қатар, құқықтық жауапкершілік ұғымына мәдени және әлеуметтік нормалар әсер етуі мүмкін. Мысалы, кейбір қоғамдарда ата-ананың балаға қамқорлық жасаудағы занды жауапкершілігі басқаларға қарағанда маңыздырақ деп саналады. Сол сияқты, компанияның қоршаған ортаны қорғау жөніндегі занды жауапкершілігі әртүрлі мәдениеттерде немесе аймақтарда әртүрлі қарастырылуы мүмкін.

Осылайша, академиялық әдебиеттерде зандық жауапкершілікті түсіндіру кезінде тұжырымдамаға әсер етуі мүмкін әртүрлі контекстік факторларды ескере отырып, нюанстық көзқарасты қолдану маңызды. Бұл белгілі бір жағдайда өзекті болуы мүмкін құқықтық, этикалық, мәдени және әлеуметтік факторларды мұқият қарастыруды талап етеді.

Мазмұндағы занды жауапкершілік уақыт өте келе күрт өзгеруі мүмкін, өйткені заңдар мен ережелер өзгертін қоғамдық құндылықтар мен басымдықтарды көрсету үшін дамиды. Мысалы, корпорацияның қоршаған ортаны қорғау жөніндегі зандық жауапкершілігі өнеркәсіптік қызметтің қоршаған ортаға тигізетін әсері туралы хабардарлықтың артуына байланысты бұрынғыға қарағанда қатаң болуы мүмкін.

Сонымен қатар, занды жауапкершілік, әсіресе белгілі бір зиян үшін кім жауапты екендігі туралы белгісіздік немесе келіспеушілік болған жағдайда даулы мәселе болуы мүмкін. Бұл келіссөздер, медиация немесе сот жүйесі арқылы шешілуі мүмкін құқықтық дауларға әкелуі мүмкін.

Тұтастай алғанда, занды жауапкершілік түсінігі академиялық әдебиеттерде өте маңызды, өйткені ол жеке адамдар мен ұйымдардың өз әрекеттері үшін жауап беруін және құқық бұзушылық жағдайында әділеттілікті қамтамасыз етуді қамтамасыз етеді. Занды жауапкершілікке әсер етуі мүмкін түрлі контекстік факторларды қарастыратын нюансты тәсілді қолдану арқылы біз әртүрлі жағдайларда туындайтын күрделі құқықтық және этикалық мәселелерді жақсырақ түсініп, шеше аламыз.

Сонымен қатар, занды жауапкершілікке нақты әрекет пен нақты зиянның арасындағы байланысты білдіретін себептілік ұғымы да әсер етуі мүмкін. Занды жауапкершілікті белгілеу үшін әрекет пен зиянның арасында нақты себеп-салдарлық байланыс болуы керек.

Мысалы, егер жүргізуші бағдаршамның қызыл түсіне өтіп, жол-көлік оқиғасын тудырса, оның әрекеті жарақатқа әкелгендіктен, ол жол-көлік оқиғасы салдарынан болған кез келген жарақат немесе мүлктік залал үшін занды түрде жауапты болуы. Сол сияқты, егер компания жақын маңдағы су жолына улы химикатты шығарса және химиялық заттар адамдарға немесе қоршаған ортаға зиян келтірсе, компания зиян үшін занды түрде жауапты болуы мүмкін, себебі оның әрекеттері зиян келтірді.

Дегенмен, себепті байланысты анықтау күрделі процесс болуы мүмкін, әсіресе белгілі бір зиянға көптеген ықпал ететін факторлар болған жағдайларда. Кейбір жағдайларда зиян факторлардың жиынтығының нәтижесі болуы мүмкін және қандай фактор негізгі себеп болғанын анықтау қиын болуы мүмкін.

Соңында, занды жауапкершілікке кінә немесе абайсыздық ұғымы да әсер етуі мүмкін екенін атап өткен жөн. Занды жауапкершілікті белгілеу үшін қарастырылып отырған тұлғаның немесе ұйымның немқұрайлы әрекет еткенін, яғни олар зиян келтірмеу үшін ақылға қонымды сақтық шараларын қолданбағанын көрсету қажет болуы.

¹ Ефремова К. В. Қызметкерлердің материалдық жауапкершілігі занды жауапкершілік түрі ретінде //Заманауи зерттеулердің хабаршысы.- 2021.- № 5-7 (43).-18-22 бб.

Қайталап айтатын болсақ, себеп-салдарлық және кінәлі ұғымдар заңды жауапкершілікке әсер ететін маңызды факторлар болып табылады және академиялық әдебиеттерде заңды жауапкершілікті түсіндіру кезінде осы ұғымға әсер етуі мүмкін әртүрлі факторларды ескеру қажет.

Заңды жауапкершілік категориясы посткеңестік кеңістіктегі құқықтық ғылыми әдебиеттерде маңызды орын алады, өйткені ол әртүрлі контексттерде жауапкершілік пен әділеттілікті қамтамасыз етуге көмектеседі. Біздің мемлекетіміз Қазақстан Республикасы роман-германдық құқықтық жүйеге, континенттік құқықтық отбасына жатады, бұл заңды жауапкершілік сот прецедентіне емес, ең алдымен жазбаша заңдар мен ережелерге негізделгенін білдіреді.

Қазақстан Республикасының Конституциясы әділ сотта қарау құқығына кепілдік береді және кінәсіздік презумпциясы принципін бекітеді. Қазақстан Республикасында заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы туралы норманы енгізу және қолдану көптеген мәселелерді шешуге мүмкіндік береді, мысалы:

- ынталандыру және құқықтық нормаларды сақтау;
- табиғи ортадағы шығындарды өтеуге және адам денсаулығына келтірілген зиянды өтеуге бағытталған өтемдік;
- профилактикалық, жаңа құқық бұзушылықтардың алдын алуды қамтамасыз ету және көптеген басқалар.

Қазақстанда денсаулық сақтау, бизнес және қоршаған ортаны қоса алғанда, әртүрлі салалардағы жеке тұлғалар мен ұйымдардың құқықтық жауапкершілігін зерттейтін зерттеулердің саны артып келеді.

Мысалы, Қазақстандағы медициналық қызмет көрсетушілердің заңды жауапкершілігі, оның ішінде медициналық қателіктерге, пациенттердің құқықтарына және ақпараттандырылған келісімге қатысты мәселелер бойынша зерттеу жүргізілді. Сол сияқты, Қазақстандағы бизнестің заңды жауапкершілігі, оның ішінде бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі, қоршаған ортаға әсері және еңбек құқықтарына қатысты мәселелер бойынша зерттеу жүргізілді.

Қазақстанның ғылыми әдебиеттеріндегі құқықтық жауапкершілікті түсіндіруге мәдени нормалар, әлеуметтік құндылықтар мен саяси басымдықтарды қоса алғанда, көптеген екіұшты факторлар әсер етеді. Қазақстан 1991 жылы Кеңес Одағынан тәуелсіздік алғаннан бері елеулі саяси және әлеуметтік өзгерістерді бастан кешірді және бұл өзгерістер елдегі құқықтық жүйе мен құқықтық жауапкершілікті түсіндіруге айтарлықтай әсер етті.

Заңды жауапкершіліктің тек екі түрі бар: мүліктік (қалпына келтіру құқығы) және жазалаушы (жазалау) жауапкершілік, ал қаржылық жауапкершілік азаматтық-құқықтық жауапкершілікпен қатар мүліктік жауапкершіліктің кіші түрі болып табылатын көзқарас болды¹. Ал бұл пікірді қолдаушылар көп.

Тұтастай алғанда, Қазақстандағы ғылыми әдебиеттер құқықтық жауапкершілікке бай және алуан түрлі көзқарас береді және құқықтық жауапкершілік тұжырымдамасын трансформациялауға әсер етуі мүмкін түрлі контекстік себептерді түсінудің маңыздылығын атап көрсетеді. Қазақстанның ғылыми әдебиеттеріндегі құқықтық жауапкершілікті түсіндіруге нюансты көзқарасты қолдана отырып, зерттеушілер мен практиктер елде туындайтын күрделі құқықтық және этикалық мәселелерді жақсы түсініп, шеше алады.

Қазақстандағы құқықтық жауапкершілікке байланысты маңызды мәселелердің бірі адам құқықтарын қорғау болып табылады. Қазақстан адам құқықтары жөніндегі бірқатар халықаралық шарттарға, соның ішінде азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге және азаптауға қарсы конвенцияға қол қойды және өзінің ішкі заңнамасын осы

¹ Мусаткина Александра Анатольевна, Қаржылық жауапкершілік заңды жауапкершіліктің бір түрі ретінде // Ресей құқығы журналы. 2005. №10 (106). URL: (өтініш берген күні: 29.31.2024).

шарттарға сәйкес келтіру жөнінде қадамдар жасады. Дегенмен, Қазақстанда адам құқықтарын қорғау, әсіресе сөз, жиналыс және баспасөз бостандығына қатысты алаңдаушылық әлі де бар.¹

Қазақстандағы құқықтық жауапкершілікке байланысты тағы бір маңызды мәселе-қоршаған ортаны қорғау. Қазақстан соңғы жылдары өнеркәсіптік қызмет, ормандарды кесу және шөлейттену сияқты бірқатар факторларға байланысты қоршаған ортаның айтарлықтай нашарлауын бастан өткерді. Қазақстанда қоршаған ортаны қорғауға қатысты кәсіпорындар мен жеке тұлғалардың заңды жауапкершілігі зерттелетін, сондай-ақ экологиялық нормалар мен құқық қолдану тетіктерін қатаңдатуды жақтайтын зерттеулер саны артып келеді.

Ақырында, әлеуметтік әділеттілік пен теңдікті ілгерілетудегі құқықтық жүйенің рөлі туралы пікірталас жалғасуда. Кейбіреулер құқықтық жүйе кедейлік, кемсітушілік және білім мен денсаулық сақтау қызметтеріне қолжетімділік сияқты әлеуметтік теңсіздік мәселелерін шешуде белсендірек болуы керек деп санайды. Басқалары құқықтық жүйе ең алдымен жеке адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталуы керек, ал кең әлеуметтік мәселелер үкімет пен азаматтық қоғамның жауапкершілігінде болуы керек деп санайды.

Адам құқықтары, қоршаған ортаны қорғау және әлеуметтік әділеттілік тұрақты зерттеулер мен пікірталастардың нысаны болып табылатын іргелі мәселелер болып табылады және заң академиялық орталарында заңды жауапкершілікті түсіндіруді жалғастыратын болады.

Қазақстандағы заңды жауапкершілікке қатысты тағы бір маңызды мәселе – сыбайлас жемқорлық. Қазақстан сыбайлас жемқорлықпен күресуге күш салды, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттік құру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдарды қабылдау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы халықаралық бастамаларға қатысу. Дегенмен, сыбайлас жемқорлық елімізде, әсіресе, мемлекеттік сатып алулар, құқық қорғау және сот жүйесіндегі күрделі мәселе күйінде қалып отыр. Қазақстандағы зерттеулер сыбайлас жемқорлыққа қатысты жеке тұлғалар мен ұйымдардың құқықтық жауапкершілігін, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың тиімділігін және реформаларды жүзеге асыру мәселелерін зерттеді.

Сонымен қатар, Қазақстанның ғылыми әдебиеттерінде Экономикалық даму мен инвестицияларға жәрдемдесудегі құқықтық жүйенің рөлі зерттелді. Қазақстан зияткерлік меншікке, келісімшарттарды мәжбүрлеп орындауға және банкроттыққа байланысты реформаларды қоса алғанда, қолайлы іскерлік орта құруға және шетелдік инвестицияларды тартуға бағытталған бірқатар құқықтық реформаларды жүзеге асырды. Алайда, экономикалық өсуге жәрдемдесу мен жеке адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау арасындағы тепе-теңдік, сондай-ақ тұрақты және әділ дамуды қамтамасыз етудегі құқықтық реформалардың тиімділігі туралы пікірталастар жеткілікті.

Ғылыми әдебиеттердегі құқықтық жауапкершілікті түсіндіруде елдің әртүрлі этномәдени ландшафты әсер етуі. Қазақстан бірқатар этникалық топтардың, соның ішінде қазақтардың, орыстардың, өзбектердің, украиндардың және басқалардың да отаны болып табылады, олардың әрқайсысының өзіндік дәстүрлері, тілдері мен құқықтық жүйелері бар. Қазақстандағы зерттеулер көп мәдениетті қоғамдағы бәсекелес құқықтық және мәдени нормаларды теңестіруге байланысты проблемаларды талдауды жалғастыруда.

Ғылыми әдебиеттер құқықтық және әлеуметтік мәселелердің кең ауқымын қамтиды және елдің ерекше мәдени және саяси жағдайын көрсетеді. Адам құқықтарын қорғау, қоршаған ортаны қорғау, сыбайлас жемқорлық, экономикалық даму және көпмәдениеттілік Қазақстандағы заңды жауапкершілікті түсіндіруді қалыптастыратын маңызды мәселелер және алдағы жылдарда да зерттеулер мен пікірталастардың өзегі болып қала береді.

¹ Алибекова А.М., «Сыбайлас жемқорлық қылмысы үшін қылмыстық жауаптылықтың кейбір аспектісі» Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының 2023 жылғы 30 маусым № 2 (80) «ХАБАРШЫ — ВЕСТНИК» журналы.- 14-18 бб.

Библиографиялық тізім

1. Қабанова И.Е. Қоғамдық субъектілердің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі: теория мен практика мәселелері: монография /басылым. М. А. Егорова. М.: Әділет Ақпарат. - 2018 ж. - 398 б.
2. Ұлттық денсаулық сақтау институттары (NIH) – «Жауапты зерттеулер жүргізу»//<https://oir.nih.gov/sourcebook/ethical-conduct/responsible-conduct-research-training/>өтініш берген күні: 13.06.2023.
3. «Авторлық құқық және уақытша құқықтар туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы № 6-І Заңы (01.05.2023 ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулармен).
4. Ефремова К. В. Қызметкерлердің материалдық жауапкершілігі заңды жауапкершілік түрі ретінде //Заманауи зерттеулердің хабаршысы.- 2021.- № 5-7 (43).-18-22 бб.
5. Мусаткина Александра Анатольевна, Қаржылық жауапкершілік заңды жауапкершіліктің бір түрі ретінде//Ресей құқығы журналы.2005. №10 (106). URL: (өтініш берген күні: 29.31.2024). – 142 б.
6. Алибекова А.М., «Сыбайлас жемқорлық қылмысы үшін қылмыстық жауаптылықтың кейбір аспектісі» Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының 2023 жылғы 30 маусым № 2 (80) «ХАБАРШЫ — ВЕСТНИК» журналы.- 14-18 бб.

ӨОЖ 343.933

Омирова М.С., Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс магистрі, полиция капитаны
Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы
Ғылыми-зерттеу институтының ІІО қызметін криминалистикалық қамтамасыз етудің
проблемаларын зерттеу орталығының ғылыми қызметкері, Қарағанды қ.
m.omirova@kpa.gov.kz

UDC 343.933

Omirova M. S., master of National Security and Military Affairs, police captain
Karaganda Academy of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan named after
B. Beisenov
Activities of the Department of Internal Affairs of the Scientific Research Institute
of Problems of Forensic Support, researcher at the research center, Karaganda
m.omirova@kpa.gov.kz

ҒАЛАМТОР ЖЕЛІСІН ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ЖАСАЛАТЫН ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ ЗАМАНАУИ КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Аннотация

Ақпараттық технологиялардың кең таралуы әлемдік жаһандану құрылымын ғана емес, сонымен қатар қылмыс әлемінің сипатын, соның ішінде қылмыс түрін де түбегейлі өзгертті. Бүгінгі таңда ғаламтор желісі өмірімізде маңызды рөл атқарады, тіпті қоғамның ажырамас бөлігі іспеттес. Мұндай ақпараттық-телекоммуникациялық желісі адамға өзінің жалпы қолжетімділігіне байланысты оны пайдалану бойынша көптеген мүмкіндіктер береді. Олардың көмегімен біз виртуалды қызметтер мен өнімдерге қол жеткізе аламыз. Дегенмен,

бұл алаяқтар үшін оңай олжа табуға тиімдірек болды. Осының негізінде, автор мақалада ғаламтор желісін пайдалану арқылы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың криминалистикалық сипаттамасын қарастырады.

Түйінді сөздер: ғаламтор желісі, әлеуметтік желі, интернет, ақпараттық технология, виртуалды кеңістік, қылмыс, қылмыстық құқық бұзушылық, интернет-алаяқтық, телекоммуникациялық және компьютерлік технологиялар, криминалистикалық сипаттама

MODERN FORENSIC FEATURE OF CRIMINAL OFFENCES COMMITTED THROUGH THE USE OF INTERNET

Abstract

The widespread spread of Information Technology has radically changed not only the structure of global globalization, but also the nature of the world of crime, including the type of crime. Today, the internet plays an important role in our lives, even as an integral part of society. Such an information and telecommunications network provides a person with many opportunities for its use due to its general availability. With their help, we can access virtual services and products. However, it was more profitable for scammers to find easy prey. Based on this, the author considers in the article a forensic description of criminal offenses committed using the internet.

Key words: internet network, social network, internet, information technology, virtual space, crime, criminal offense, internet fraud, telecommunications and computer technologies, criminalistic characteristics.

Қазіргі дамыған заманда телекоммуникациялық және ақпараттық технологияларды кеңінен қолдануға байланысты көптеген азаматтар, әсіресе жас ұрпақ, әлемдік ғаламтор деген виртуалды кеңістікте көп уақытын өткізеді. Ал байланыс жүйесі ұялы телефондар, планшеттер, дербес компьютерлер және басқа да құрылғылар түріндегі аппараттық құралдар, жүйелік және қолданбалы сипаттағы бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады. Интернет желісіне дербес компьютерді немесе ұялы телефонды интернет провайдерлер арқылы кабельдік байланыс орнатып, телефон байланысы желілерінің көмегімен қосу арқылы, сондай-ақ сауда орталығы мен өзге де ойын-сауық мекемесінің Wi-Fi роутері арқылы және сол сияқты осындай қызметтерді ұсына отырып, шығуға болады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында құзырлы орган өкілдеріне әп-сәтте алданып, сан соғып қалған жұртшылыққа жәрдем беруді жүктеді. Мемлекет басшысының өзі бұл мәселеге айрықша көңіл бөлсе, жағдайдың қаншалықты ушығып тұрғанын өзіңіз- ақ бағамдай беріңіз. Бас құжатта Президент: «Интернет және телефон арқылы жасалатын алаяқтық әрекеттерге айрықша назар аудару керек. Құқық қорғау органдары мұндай қатерлерді анықтап, қылмыскерлерді құрықтау үшін ақпараттық-сараптама жұмысын күшейтуі қажет. Сондай-ақ, азаматтардың құқықтық және қаржылық сауатын жүйелі түрде арттырған жөн», – деді¹.

Ғаламторсыз өмірді елестету мүмкін емес, себебі ол сөзбе-сөз қоғамның ажырамас бөлігіне айналды. Мұндай ақпараттық-телекоммуникациялық желісі адамға өзінің жалпы қолжетімділігіне байланысты оны пайдалану бойынша көптеген мүмкіндіктер береді.

Ақпараттық технологияның дамығаны сонша, ғаламтор желілерінің таралуымен әлемде болып жатқан оқиғалар туралы бірден білуге, түрлі форумдарда сөйлесуге, қызығушылықтары бойынша адамдарды табуға мүмкіндік туды. Ғаламтор желісі – бұл әлеуметтік желідегі қарым-қатынасты ұйымдастыруға арналған онлайн-қызмет немесе веб-

¹ Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы

сайт, мәтіндік ақпарат, аудио және бейне файлдармен алмасу, фотосуреттерді орналастыру, оларды көру, түсініктеме беру, түрлі белгілер, смайликтер қою, пікірлер жазу және тағы да сол сияқтылар болып табылады. Ғаламтор желісіндегі қарым-қатынастың ерекшелігі болып пайдаланудың ыңғайлылығы мен қарапайымдылығы, қызығушылық топтарын құру мүмкіндігі, көптеген қатысушылар танылады¹.

Осы тұрғыда жаңа қоғамдық қатынастардың пайда болуына және әртүрлі адресаттарға қол жеткізу еркіндігіне байланысты алаяқтар үшін оңай олжа болып табылатын жаңа қылмыс түрлері пайда болады, ал әлеуметтік желіде қылмыс жасау үлкен физикалық күш-жігерді қажет етпейді, интернетке шығатын тиісті құрылғының болуы жеткілікті². Сонымен қатар, бұл қатынастардың шекаралары жоқ, бұл әртүрлі заңсыз қылмыстық әрекеттерді жасаған адамдар үшін ерекше қызығушылық тудырады.

Қылмыстарды тергеу кезінде осындай ашылған қылмыстық істерді тергеу тәжірибесін, сот практикасын, тергеу тақырыбы туралы теориялық білімді пайдалану маңызды, олардың нәтижелері осы түрдегі қылмыстың криминалистикалық сипаттамасында жүйеленеді және жинақталады.

Интернет желісіндегі беттерді қарау кезінде құқыққа қайшы әрекеттерді жасау тәсілін, оның салдарын, іздерін белгілеу ұсынылады. Ең көп таралған әдістерге тоқталсақ, электрондық пошта арқылы немесе мазмұны мұра туралы ақпаратты көрсететін басқа байланыс арналары арқылы хат алмасу кезінде хаттарды алу, оны ресімдеуге және одан әрі алуға көмек көрсету мақсатында белгілі бір ақша сомасын аудару талап етіледі. Пароль, логин, төлем карталарының нөмірі, ПИН-код түрінде дербес деректерді (фишинг) алу, банктердің немесе төлем жүйелерінің атынан электрондық хаттарды алу, жалған пластикалық карта жасау және қолма-қол ақшаны алу үшін осы деректерді пайдалану мақсатында қылмыскерлер көшіретін жеке деректерді көрсететін хатқа жауап беру ұсынылады. Жалпы әдіс-көмек туралы хабарлама алу және әртүрлі апаттар туралы ақпаратты пайдалану, достарының бірінің пошта жәшігі бұзылып, оның атынан үш-төрт мың сомасында картаға ақша аудару сұралады, ал олар болжамды жәбірленушімен ұзақ уақыт хат жазысып, оның мәліметтерін алдын-ала сайтта зерттей алады. Мәселен, жауап беру кезінде абоненттен жауап SMS үшін де, егер көрсетілген нөмірге қоңырау шалынса, телефон арқылы сөйлесу үшін де белгілі бір ақша сомасы алынатын SMS хабарламаларды жіберу, ұйымдар арасындағы тауар-ақша қатынастары кезінде электрондық төлемдердің жалған деректемелерін пайдалану және басқалар³.

Белгілі бір әлеуметтік желінің әр қатысушысының өз парағы бар, онда әртүрлі ақпарат, жеке деректер, достар, топтар, қылмыстық сот ісін жүргізуге ықтимал қатысушылармен мәтіндік хабарламалар түріндегі қарым-қатынас шеңбері, сүйікті музыкасы, құқыққа қайшы ақпаратты ықтимал тіркейтін аудио және бейнежазбалар, тіркелгіге кіру және шығу уақыты бар.

Беттегі ақпаратты тікелей көруден басқа, сіз маманның көмегімен файл-хаттаманы, ақпараттың қасиеттерін, оның қызметтік деректерін, сайттағы орналасқан жерін, қай құрылғыдан жіберілгенін, URL мекен-жайын, IP-мекен-жайын, интернет-провайдерді, паракқа кіру тәртібі мен бағытын, логин мен парольді, домендік атауларды, жіберушінің мекен-жайын, сондай-ақ қылмыскердің орналасқан жері және т.б. тексере аласыз.

Жәбірленушінің жеке басын сипаттай отырып, әдетте, әлеуметтік желілерде өз аккаунты бар, қылмыскермен хат алмасуды жүзеге асыратын адамдар негізінен әлеуметтік желілердегі хат-хабарлар арқылы таныс. Әдетте, немқұрайлы, олардың әрекеттері жеке

¹ Соловьев В.С. Преступность в социальных сетях интернета / Криминологический журнал Байкальского государственного университета экономики и права. 2016. Т. 10, № 1. 60–72 б.

² Буцай Д.А. Проблемы расследования мошенничества в социальных сетях // Вестник науки. 2019. № 6(15). – 71-76 б.

³ Коровин Н.К. Особенности методики расследования хищений, совершенных с помощью сети интернет // Современная наука: актуальные проблемы теории и практики. Серия: Экономика и право. 2017. № 12. 122-124 б.

деректерді, сондай-ақ басқа есеп айырысу шоттарының пластикалық картасының деректемелерін, кодтарды, парольдерді, әлеуметтік желідегі хат алмасудағы парольдердің орналасуын сақтаудың заманауи қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейді. Мысалға, тауарды сатып алу кезінде ашкөздік, алдын-ала төлем жасай отырып, төмен бағамен сатып алуға деген ұмтылыс және т.б.

Интернет желісі арқылы түрлі құқыққа қайшы әрекеттерді тергеу кезінде маңызы бар әртүрлі мәліметтерді белгілеу мақсатында қажетті құқық қорғау органдарына әлеуметтік желілерге мониторинг жүргізу ұсынылады.

Осылайша, интернеттің әлеуметтік желілерінде жасалған қылмыстарды ашу мақсатында әдеттегі криминалистикалық сипаттаманың элементтерін тергеу кезіндегі жағдаймен талдау және салыстыру ұсынылады. Бұл ретте компьютерлік технологиялар саласындағы маманды тарту, іс үшін маңызы бар ақпаратты қарау және алу, файл-хаттамаларды, аппараттық журналдарды, қауіпсіздік журналдарын және басқа да қызметтік ақпаратты талдау, ғаламтор желісі арқылы таратылатын ақпараттың мониторингін іске асыру, түрлі құқыққа қайшы әрекеттерді анықтау қажет.

Библиографиялық тізім:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы
2. Соловьев В.С. Преступность в социальных сетях интернета / Криминологический журнал Байкальского государственного университета экономики и права. 2016. Т. 10, № 1. 60–72 б.
3. Буцай Д.А. Проблемы расследования мошенничества в социальных сетях // Вестник науки. 2019. № 6(15). – 71-76 б.
4. Коровин Н.К. Особенности методики расследования хищений, совершенных с помощью сети интернет // Современная наука: актуальные проблемы теории и практики. Серия: Экономика и право. 2017. № 12. 122-124 б.

ӨОЖ 343.985

Сатыбалдинов Д. Д., аға оқытушы

Халықаралық көлік-гуманитарлық Университеті, Алматы қ.
satybaldinov60@mail.ru

UDC 343.985

Satybaldinov D. D., Senior Lecturer

International University of Transport and Humanities, Almaty
satybaldinov60@mail.ru

ТЕРГЕУ ОРГАНДАРЫ МЕН ЖЕДЕЛ-ІЗДЕСТІРУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІКТІ АҚПАРАТТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ЗАМАНАУИ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

Аннотация

Бұл мақалада тергеуші мен анықтау органы ретіндегі жедел-ізвестіру қызметі (ЖІҚ) қызметкерлерінің өзара әрекеттестігінің заманауи тенденциялары қарастырылады.

Түйінді сөздер: ішкі істер органдары, тергеу органы, жедел-іздігіру қызметі, өзара әрекеттестік, заманауи тенденция.

MODERN TENDENCIES IN PROVIDING INFORMATION FOR INTERACTION BETWEEN INVESTIGATIVE AUTHORITIES AND EMPLOYEES

Abstract

This article examines the modern trends in the interaction between the investigator and the employees of the investigative service as an investigative body.

Key words: internal affairs bodies, investigation body, investigative service, interaction, modern trend.

Құқық қорғау жүйесін одан әрі реформалау аясында келешекте құқыққорғау органдарының міндеті қылмыскерді іздігіру, ұстау және сотқа дейінгі тергеу болуы тиіс. Қылмыс әрекеттерін дәлелдеу және сотқа жіберу тергеуге жүктелетіні мәлім. Осыдан көріп отырғанымыздай, ішкі істер органдарында (ІІО)-да жүргізіліп отырған реформа қаншалықты маңызды және осы реформа тергеуші мен анықтау органы ретіндегі жедел-іздігіру қызметі (ЖІҚ) қызметкерлерінің өзара әрекеттестігінің заманауи тенденциялары байқалады.

Қазіргі уақыттағы қылмыстылықтың жағдайы барлық құқық қорғау органдарының тығыз өзара әрекеттесу тенденцияға мәжбүрлейді¹.

Сотқа дейінгі тергеп тексеру міндеттерін орындау үшін тергеушінің ЖІҚ өзара әрекеттестік нысандарын одан әрі жетілдіру аса маңызды болып табылады. Бұл олардың алдында тұрған мақсаттарымен сипатталады. Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік кодексі (ҚР ҚПК)-нің 8-бабында «Қылмыстық процестің міндеттері қылмыстарды тез және толық ашу, оларды жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауапқа тарту, әділ сот талқылауы және қылмыстық заңды дұрыс қолдану болып табылады» делінген. Қылмыстық іс жүргізудегі аталған органдар арасындағы өзара әрекеттестіктің қажеттілігі, ең алдымен, қылмыстылықпен күрестегі жоғарыда аталған міндеттерді орындау үшін олардың әр түрлі өкілеттілікке ие болуымен, әр түрлі әдістер мен тәсілдерді қолданумен түсіндіріледі. Тергеушінің қызметі іс жүргізушілік құралдар мен тәсілдерді қолдану арқылы іс жүргізушілік нысанда жүргізіледі. Сонымен қатар, тергеуші жеке өзі немесе басқа органдардың көмегімен іздігіру іс-әрекеттерін жүргізеді.

Бірқатар анықтау органдары жедел іздігіру жұмысымен айналысады. Тергеушінің іс жүргізушілік күші мен анықтау органдарының жедел іздігіру мүмкіндіктерін біріктіру олардың қылмыстылықпен күрестегі міндеттерін шешу тиімділігін көтеруге рұқсат береді. Осыдан қылмыстарды тергеу мен ашуда тергеушінің анықтау органдарымен өзара әрекеттестігінің маңыздылығын көріп отырмыз.

Әлеуметтік құбылыс ретіндегі ақпарат айналымы ішкі істер органдарындағы жедел-іздігіру қызметкерлері мен тергеу органдарының арасындағы өзара әрекеттестікті қамтамасыз ету қызметінде елеулі орын алып, тұрақты ақпараттардың айналымы арқылы жүзеге асырылады. Ішкі істер органдарында қолданылып жүрген ақпарат жүйесін құрайтын ақпарат түрлері, оларға қойылатын талаптар әр түрлі болады, және негізінен құқықбұзушылықтарды анықтау, ал егерде осындай құқықбұзушылықтың салдарынан қылмыс жасалса, онда оны жедел-іздігіру іс-шаралары мен жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыру арқылы анықтау, олардың алдын алу және жолын кесу, олардың нәтижелерін қылмыстық процесте пайдалану үшін тіркеуді қамтамасыз етуге, тергеушінің өзі тергейтін қылмыстық істер бойынша жедел-іздігіру іс-шараларын жүргізу туралы жазбаша

¹ Қазақстан Республикасының Конституциясы 30 тамыз 1995 жыл.

тапсырмаларын орындауға бағытталады¹.

Қазіргі кездегі, әсіресе соңғы жылдары қоғамда болып жатқан саяси-әлеуметтік және экономикалық өзгерістер, заңи ғылымдар аясында да жарытылыстанулық білімдерді трансформациялауға әкеліп соқтыруды қажет етті. Сонымен қатар қылмыстық әрекеттердегі құрылымдардың, мазмұндарының және тетіктеріндегі өзгерістер, қылмыстылықпен күресу аясында соның ішінде жедел-ізвестіру қызметінде де жаңа мәселелерді тудырды.

Осындай жағдайларда тәжірибе ғылымға сүйеніп, жалпы және жеке теориядан жаңадан туындаған білім жетістіктерін, жауаптар мен ұсыныстарды алуға ұмтылады.

Қазіргі кезде, қылмыстылықпен күресуде, заттай дәлелдемелердің мағынасының өсу себебі тұлғалық дәлелдемелердің ролінің төмендеу тенденциясымен байланысты болып, оның себебі күдіктердің, сот өндірісі барысында сотқа дейін тергеу кезінде берген көрсетулерінен бас тартулары жиі кездесетін болды. Осындай жағдайда «тілсіз куәлардың - іздердің» қосымша ақпараттық мәнін қайта бағалаумен байланысты емес екенін біле тұра, тек оның ішінде мазмұндалған барлық ақпараттық дәлелдемелерді алуға міндеттейді, себебі осы мақсаттың шешілуі тек қана ғылыми-техникалық жетістіктерді пайдалану негізінде ғана мүмкіндік беретінін бағдарлайды.

Өзара әрекеттесудің тиімділігін арттыру - ақпараттық қамтамасыз ету деңгейімен байланысты болғанымен, ол өз алдына ақпараттық процеске бағынышты. Сондықтан әрекеттесудің негізін ақпараттық процес құрайды, өйткені кез келген қызмет келіп түскен ақпаратқа тәуелді. Әрекеттесу процесінің туындауына ақпарат негіз болады, ол осындай элементтер арасында тоқтаусыз айналымда болып, әрекеттесуді жүзеге асыруда негізгі орын алады. Осыған орай, «нашар ақпарат – нашар шешімге, жеткіліксіз ақпарат – жеткіліксіз тиімсіз шешімге әкеп соқтырады» деген сөз қалыптасқан.

Тарихқа үңілетін болсақ, көне заманнан бері адамзат, қылмыстарды адамдардың негативті әрекеттерімен байланыстырған. Осы жердегі ең басты мәселе ретінде, құқық бұзушылықтың жасалу жағдайын анықтау – оның өтіп кеткен уақытта болуымен байланысты. Бірақ осындай қиыншылықтарға қарамастан, тәжірибе жүзінде адамзат пен қоғамның танымдылығының негізінде керекті нәтижелерге жету амалдары ойластырылып табылып отырған. Осындай жолмен табылған амалдар, қоршаған ортадағы қылмыспен байланысты өзгерістерді бекіту және өңдеумен анықталған. Қоршаған ортадағы өзгерістер келе-келе іздер, таңбалар деп аталып, оны қолдану идеясы көне заманнан белгілі.

Ақпарат жаңа деректерді білдіретін, адамдардың қызметін ұйымдастыруда үнемі қабылданып, өңделіп, пайдаланылып отыратын мәліметтер мен хабарламаларды білдіреді. Ал, ішкі істер органдары қызметінің нәтижелері, өзгеріп отыратын жедел ахуал мен қабылданған шешімдерді орындау барысы туралы ақпарат басқару процесіндегі реттеу, есепке алу мен бақылау және т.б. функцияларды жүзеге асыруға негіз болады².

Өзара әрекеттесу кезіндегі ақпараттық жүйесіне кіретін ақпараттың келесідей түрлері бар. Алдымен, концептуалды ортаны анықтауды сипаттайтын ақпараттар (белгіленетін ақпарат). Бұл ақпарат, біріншіден басқару объектісі ретіндегі ішкі істер органдарының мақсаты мен міндеттерін анықтайды, екіншіден қызмет етуін шектейтін, олардың қызметі туралы ережелерді белгілейді. Оған мемлекеттің заңдары, жарлықтары, шешімдері мен қаулылары және басқа да уәкілетті құжаттар жатады.

Екіншіден, ішкі істер органдарының қызметі жүзеге асырылатын географиялық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және демографиялық жағдайларды сипаттайтын келесі ақпараттар:

– қызмет көрсетілетін, әкімшілік-аумақтық бөлінген аймақтың географиялық сипаттамасы (аймақты көлемі, климат жағдайы және б.) туралы ақпараттар;

¹ Бажанов С.В. Становление и развитие групповых методов расследования. – М: Инфра-М, 1997. – С.98.

² Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі – Алматы: ЮРИСТ, 2014. - 344 б.

- аймақта қалыптасқан саяси және экономикалық жағдай туралы ақпараттар;
- өндіріс пен өнеркәсіптің, ауылшаруашылықтың, құрылыс, байланыс және олардың дамуы туралы ақпараттар;
- халықтың саны, жас ерекшелігі, жұмыспен қамтамасыз етілуі, білім деңгейі, сотталғандардың саны туралы ақпараттар.

Осы ақпарат түрлерін статистика органдары, білім беру мен мәдениет, денсаулық сақтау, кәсіпорындар мен мекемелер береді.

Ішкі істер органдарында қолданылатын «талдау жұмысы» термині өзара әрекеттесудің тиімділігін арттыру, қабылданатын шешімдерін негіздеуге қажетті зерттеу, танымдық қызмет пен құбылыстарды білдіреді. Кез келген ішкі істер органдары әрекеттестікті ұйымдастырушылық немесе тактикалық проблемалар жедел ахуалды алдын ала зерттеудің негізінде шешіледі. Мысалы, оның көмегімен басқару субъектісі құқық тәртібі күйін, ішкі істер органдары ішкі жағдайы мен қызмет күйін біліп, қажетті басқару қызметі арқылы ықпал етуін қамтамасыз етеді. Талдау жұмысының мақсаты әрекеттесуді қамтамасыз ету мен оның ықпал ету тиімділігін бағалауға мүмкіншілік береді.

Талдау жұмысы түрлі ақпарат түрлерін кең көлемде алумен және зерттеумен байланысты. Оның мақсаты жалпы құбылыстар мен тенденцияларды анықтай отырып, түрлі басқару шешімдерін әзірлеп, оларды негіздеу. Ағымдағы және болашақтағы жоспарлаудың базасы бола отырып, талдау қолда бар күш пен құралдарды мүмкіндігінше тиімді пайдалануға, негізді нақты шаралар қолдануға мүмкіндік береді. Сонымен ақпараттық-талдау жұмысы практикалық мақсатты көздейді екен.

Жедел ахуалды ағымдағы (үздіксіз) талдау кезінде келіп түскен тәуліктік, бір апталық және бір айлық ақпаратты бағалаудың негізінде жүзеге асырылады. Оның мақсаты тиісті жоспарларға түзетулер мен толықтырулар енгізуге, күш пен құралдарды бөлуді өзгертуге, мақсатты бағытта белгілі бір шараларды өткізуге мүмкіндік беретін жедел басқарулық құрал деуге болады¹.

Тергеу органдары мен анықтау қызметі күйінің жекеленген проблемаларын дара талдау барысында, анықталған немесе бұрын тұрақталған тенденция ауытқыған немесе бұрын кездеспеген жағдайларда ақпаратты құрама немесе ағымдағы талдау кезінде түсінік беруге жеткіліксіз болған жағдайда жүзеге асырылады. Осы мәселе аталмыш жұмыстың күйінің ерекшеліктерін, оған объективті факторлардың ықпал етуін, қызметтің тиімсіздігін (мысалы, кәмілетке толмағандардың көп қылмыс жасау себептері, бұрын сотталғандар арасында сақтандыру жұмысының жеткіліксіздігі және б.) анықтау түрінде көрінеді.

Мақсаты бойынша ақпараттар іздеу, танымды, ұйымдастырушылық-басқарушылық болып бөлінеді. Сондай-ақ, ақпараттарды айыптаушы, ақтаушы, бейтарап деп бөлуге болады. Қылмыстық сот өндірісінде қатысушылары бойынша мысалы, тергеушімен, прокурормен, сотпен, маманмен, анықтама органының қызметкерлерімен жинақталған ақпарат-деп жіктейді.

Бірде-бір қылмыстық-құқықтық сипаттағы өндіріс жеке ақпаратсыз болмайды, оны айналып өтпейді. Ұйымдастырушылық, іздеу, таным, құқықтық және профилактикалық мақсатта оны қолдану мүмкіндігі шынында шексіз. Сезіктілерден айыптаушылардан, жәбірленушілерден, куәлардан алынған мәліметтер есебінен зерттеудегі анықталуға жататын әрекеттер белгіленеді, жедел-іздеулік және тергеулік версиялар құрылады. Қылмыстық іс қозғау, алдын-ала тергеу, сот-тергеуі кезеңінде жеке әрекеттер өндірісі, тактикалық әрекеттер және комбинациялар өндірісіне дайындық бағдарлары жасалып жүзеге асырылады. Көрсетілген адамдардың көрсетулеріндегі мәліметтер кінәлілердің қылмыстық ізіне түсуге, қылмыстарды ашуға байланысты іздеу, танымдық,

¹ Сотқа дейінгі тергеп тексеру. Қалиев А.Қ. т.б. Қарағанды. 2014 ж.

идентификациялық тапсырмаларды шешуге мүмкіндік береді¹.

Құқық қорғау органдарына ақпараттардың түсу жолдары әртүрлі, оларды иемденудің құрал және әдістерінің тізімі де кең. Мысалы, азаматтардың арыздарында көрсетілген мәліметтер және лауазымды адамдардың анықтама органына, сотқа дейінгі тергеу, сотқа үндеулері, қылмыс белгілері бар оқиғаларға елеулі қылмыстық-құқықтық тетікті жіберу үшін себеп болып табылады. Ол тұлғалар да ақпараттардың потенциалды қайнар көзі болып, қылмыстық әрекеттерге байланысты материалды ақпараттардың негізгі массиві және жедел өңдеу өндірісінде, тергеуге дейінгі тексеруде, алдын-ала тергеуде тергеушінің, анықтама органының жедел қызметкерлердің, іздеу-таным қызметінің басқа субъектілерінің бағытталған әрекеттерінің жемісі болып табылады.

Оқиға болған жерден бой тасалап кеткен қылмыскерлерді, қылмысты кездей соқ көрген куәларды, өздерінің болған тауқыметтерін қандай да бір себептерге байланысты хабарлаудан жасырып отырған жәбірленушілерді іздеп табу үшін көп күш және уақыт жұмсалады. Тек қана қаралып отырған ақпараттарды тасушылар анықталған соң, олардың иелігінде бар мәліметтерді сөйлеу және сөйлеусіз коммуникативті өзара байланыс әрекеттер арқылы алу, ойлау, жинау, беру, қолдану мүмкіндігі туындайды.

Аталған жағдайларда мәліметтер қайнар көзі болып:

- білетін адамдар (мамандар, мәлімдеушілер, анықтаушы адаммен байланыста болған басқа адамдар);
- заттар, материалдар, басқа да объектілер;
- трасологиялық, биологиялық және басқа табиғи бекітілген материалдық іздер;
- сымды және сымсыз байланыс құралдары (телефондар, факістер, радиостанциялар және т.б.);
- ізге түсіруі мүмкін факторлар (мінез-құлқы, әңгімелері, заттар құралдар, қандай да бір қызмет нәтижелері) жатады.

Мәліметтерді жинаудың қайнар көзі болып әртүрлі құжаттар да болуы мүмкін. Олардың шеңберіне:

- ресми құжаттар (жеке істері, медициналық карталар, баяндамалар, мәлімдемелер, анықтамалар);
- қызметтік қағаздар (келісімдер, есептер, ішкі телефон анықтамалары және т.б.);
- машиналық ақпараттарды тасушылар (ЭЕМ енгізілген мәліметтер банкісі);
- жеке қағаздар және мұражайлық құжаттар (жазу кітапшалары, достық және махаббат хаттары, күнделіктер және т.б.);
- жарамсыз болып тасталған қағаздар (қол жазу, машинкаға басылған қағаз жыртындылары),
- жариялымдар және басқа бұқаралық деректер (телесюжеттер, газет мақалалары, дәріс материалдары және т.б.);
- белгілі хаттар және өзіндік шығармашылықтар (қандай да бір ортаға, салаға жіберілген листовкалар, үндеулер және т.б.);
- телефондық дыбыс, үнжазу, пәтерлік әңгімелер, радиоәңгімелер, радиостанция жіберімдері, бейнематериалдар;
- телеграфтың, телетайптың, телефакстің қағазға шығарылған сызба және белгілік ақпараттар жатқызылады.

Келтірілген қайнар көздердегі ақпараттар процесуалды және процесуалды емес тергеу әрекеттерінің өндірісінде, жедел-іздеу шараларында, сот сараптамаларында, прокурорлық және басқа тексеру барысында алынады. Қылмыскерлерден сондай-ақ, жәбірленушілерден, куәлардан түскен ақпараттар әртүрлі негіздермен жіктеледі. Ұсынылу тәсілі бойынша ауызша жолмен берілетін ақпараттар және ауызша емес тәсілмен берілетіндер.

¹Адам мен қоғамның қауіпсіздігі үшін. Шпекбаев А.Ж. Астана, 2015 ж.

Ақпараттарды тасушылар түрі бойынша: қылмыскерлердің ақпараттары, жәбірленушілер ақпараттары, куәлар ақпараттары. Процессуалдық маңыздылығы бойынша: дәлелдемелік, бағдарлаушы, көмекші болып бөлінеді¹.

Қылмысты тергеуді жоспарлау ерекшеліктеріне тергеудің әрбір кезеңіндегі әдеттегі (типтік) тергеулік болжамдар мен типтік тергеулік жағдайларды есепке ала отырып тергеу әрекеттерін, жедел іздестірушілік және басқа да шараларды тиімді жүргізу ретін анықтау жатады.

Тергеудің алғашқы кезеңіндегі типтік тергеулік жағдайлар:

- қылмыскердің жеке басы анықталмаған;
- қылмыскер қылмыс үстінде ұсталған;
- қылмыстық іс жедел іздестірушілік шаралар кезінде анықталған мәліметтер бойынша қозғалғанда;
- кінәсін мойындап келген жағдай;
- қылмыстық іс ресми материалдар бойынша (мысалы, ревизия деректері бойынша) қозғалғанда.

Жеке әдістеме элементі ретіндегі жоспарлаудың ерекшелігі құқық бұзушылықтың нақты түрін тергеу бойынша іс-шараларды ұйымдастыруды жеңілдетеді. Тергеулік жағдайды талдау нәтижесінде және нақты санаттағы қылмыс іс бойынша құрылатын типтік болжамдарды ескере отырып алынған түпнұсқалы мәліметтердің мазмұнына қарай тергеуші тергеудің бастапқы кезеңінде өз іс-қимылдарын жоспарлайды, сондай-ақ осыларға сүйене отырып жедел іздестіру және ұйымдастырушылық-техникалық шаралардың байланыс нысандары мен жүргізу ретін анықтайды².

Дегенмен, қылмыстарды тергеуді ұйымдастырудың элементтеріне нақты қылмысты тергеудің мақсаттары мен міндеттерін айқындау, ол міндеттерді шешудің жолдары мен тәсілдерін және жүргізілу ретін анықтау, қолда бар құралдар мен күштерді орнықтыру жатады. Бұл элементтердің жүзеге асырылуы қылмыстарды ұйымдастырудың келесідегідей әдістері мен амалдары арқылы орындалады, яғни:

- қылмыс туралы мәліметтерді тексеру,
- тергеуді жоспарлау,
- құқық қорғау және басқа да органдардың өзара әрекеттестігін қамтамасыздандыру,
- тергеушілер тобының қызметін ұйымдастыру,
- тергеушінің құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған жұмысын ұйымдастыру,
- қылмыстық істің құжаттамасын рәсімдеу.

Жалпы қылмыстарды тергеудің бірінші кезеңі құқық қорғау органдарына келіп түскен қылмыс туралы мәліметтерді тексеруден басталады. Бұл кезең аталмыш мәліметтер, арыздарды сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай реестріне тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

Қылмыс туралы мәліметтерді тексеру кезеңінде тергеуші төмендегідей сұрақтарды шешу қажет.

а) Келіп түскен деректер бойынша нақты құқық бұзушылықтың орын алғандығын анықтау. Бұл орайда мәліметтерде көзделген іс-әрекеттің әкімшілік, азаматтық құқық бұзушылықтарға немесе қылмысқа жатпайтын басқа да іс-әрекеттерге қатыстылығын жоққа шығару қажет;

ә) Қылмыс орын алған жағдайда, ол құқық бұзушылықтың Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің ерекше бөлімінде көзделген қылмыстардың нақты

¹Баев О.Я. Тактика следственных действий: учебное пособие. – М. Юр – 2015. – 436 с.

² Кучерук С.А. Тактика и взаимодействие органов следствия и дознания как основа деятельности при раскрытии и расследовании преступлений в особо сложных условиях. Автореф. дисс.... канд. юрид. наук. Краснодар. 2002. 15 с.

қай түріне жататындығын анықтау;

б) Құқық бұзушылықтың нақты түрінің қай дәрежесіне жататындығын анықтау. (құқық бұзушылықтың ҚР ҚК-нің белгілі бір бабының нақты бөліміне немесе тармағына жататындығын анықтау);

в) Құқық бұзушылықтың тергелу ретіне қатысты сұрақтарды шешу, яғни, құқық бұзушылықтың жасалған орнына, қылмысқа қатысушылардың жеке тұлғасына және тағы басқа мән-жайларға байланысты қандай және қай аймақтың құқық қорғау органы қарауы тиістігі анықталады (мысалы, ланкестік қылмыс ұлттық қауіпсіздік комитетінің қарауына жатады немесе Қарағанды облысында жасалған қылмыс сол облыстың құқық қорғау органының қарауына жатады).

Аталмыш сұрақтарды шешу үшін заңмен үш күндік мерзім берілген. Қажет болғанда ҚР ҚПК-нің 184-бабының талаптарына сәйкес тергеу бөлімінің бастығы бұл мерзімді он күнге дейін, айырықша жағдайларда отыз күнге дейін созырады. Көрсетілген мерзім ішінде тергеуші келіп түскен мәліметтерді тексерудің төмендегідей әдістерін қолданады: тергеулік қарау, оның ішінде оқиға болған жерді қарау, мәйітті қарау және т.б.; сараптамалық зерттеулер өткізу; тиісті органдарға сұраунамалар жолдап, олардан жауап күту; оқиғаға қатысты азаматтардан сұраунама алу және анықтау органдарына жеке тапсырмалар беру.

Қылмыстарды тергеуді ұйымдастырудың негізі оны тиімді жіне сауатты жоспарлауда. Әдетте тергеудің жоспары логикалық (тергеулік болжамдарды құру), процессуалдық (міндетті процессуалдық әрекеттерді өз мерзімінде өткізу) және тактикалық (тергеулік болжамдарды тексеру амалдары мен ретін анықтау) негіздерді ескеріле келе құрылады.

Сонымен, тергеуші мен анықтау органы ретіндегі жедел-іздістіру қызметі қызметкерлерінің өзара әрекеттестігінің заманауи тенденциялары, әртүрлі мәселелерді шешу, аталмыш қызметті жүзеге асыру барысында қажетті ақпаратпен қамтылып, жылдам және сауатты да тиімді әрекеттер негізінде құқыққорғау органдарының мақсаттарына жетуге мүмкіншілік береді деген сенімдеміз.

Библиографиялық тізім:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30 тамыз 1995 жыл.
2. Бажанов С.В. Становление и развитие групповых методов расследования. – М: Инфра-М, 1997. – С.98.
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі – Алматы: ЮРИСТ, 2014. - 344 б.
4. Сотқа дейінгі тергеп тексеру. Қалиев А.Қ. т.б. Қарағанды. 2014 ж.
5. Адам мен қоғамның қауіпсіздігі үшін. Шпекбаев А.Ж. Астана, 2015 ж.
6. Баев О.Я. Тактика следственных действий: учебное пособие. – М. Юр – 2015. – 436с.
7. Кучерук С.А. Тактика и взаимодействие органов следствия и дознания как основа деятельности при раскрытии и расследовании преступлений в особо сложных условиях. Автореф. дисс.... канд. юрид. наук. Краснодар. 2002. 15 с.

ӨОЖ 343.985.7

Сатыбалдинов М. Т., аға оқытушы
Еуразия технология Университеті, Алматы қ.
satybaldinovmarat7@gmail.com

UDC 343.985.7

Satybaldinov M. T., Senior Lecturer
Eurasian Technology University, Almaty
satybaldinovmarat7@gmail.com

ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАЛАРЫНЫҢ ЗАМАНАУИ ҚЫЛМЫСТЫҚ- ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТЫ

Аннотация

Бұл мақалада жол-көлік оқиғаларын сотқа дейін тексерудің қылмыстық-құқықтық сипаттау тенденциялары қарастырылады.

Түйінді сөздер: жол көлік оқиғасы (ЖКО), жол қозғалыс Ережелері (ЖҚЕ), Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексі (ҚР ҚК), жүргізуші, көлік, техникалық ақаулар, себептілік-салдар.

MODERN CRIMINAL NATURE OF TRAFFIC ACCIDENTS

Abstract

This article examines trends in the criminal-legal description of pretrial investigation of traffic accidents.

Key words: road traffic accident, traffic rules, the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan, driving, transport, technical defects, causality and consequences.

Көлік құралдары санының ұлғаюы, жүк тасымалдау көлемінің тұрақты өсуі, пайдаланатын көлік құралдарының техникалық сипаттамаларының салыстырмалы төмен деңгейі, жол қозғалысына қатысушылардың тәртіпсіздігі (жүргізушілер тарапынан да, жаяу жүргіншілер тарапынан да) және басқа да бірқатар факторлар, біздің елдің жолдарында авариялардың өсу тенденциясына әкеп соқтырады.

Көлік құралдарын пайдалануды және қозғалыс қауіпсіздігі ережелерін қылмыстық бұзу мәселелері, ғылыми тұрғыдан ішкі істер министрлігінің жол полиция комитеті (ЖПК), көлік институттарында және басқа да тиісті ғылыми мекемелерде зерттелуде.

Жол-көлік оқиғаларды қылмыстық құқық және криминалистика саласының В. Е. Жарский, В. И. Жулев, Б. Л. Зотов, И. Г. Маландин, Ю. Г. Корухов, Б. Е. Боровский, Г. Г. Зуев, Б. М. Нұрғалиев, Г. А. Мозговых және басқада ғалым, профессорларлар жан жақты зерттеп, елеулі еңбектерінде қарастырған.

БҰҰ деректерінің статистикалық мәліметтері көрсетіп отырғандай, адамзат және оның денсаулығы үшін, әлем бойынша жол көлік оқиғалары ең қауіпті қатер санында. Жол көлік құралдармен жасалған оқиғалар салдарынан келтірілген залал басқа көлік түрлерінің барлығын бірге қосқанда (ұшақ, кеме, поезд және т.с.с.) көп болып отыр. Әлемдік денсаулықты сақтау ұйымының (ӨДҰ) мәліметтері бойынша, жыл сайын жол-көлік оқиғаларының салдарынан 1,3 миллионға жуық адам қаза болады, тағы 50 миллионға жуығы жарақаттар алып, мүгедек болып қалады¹.

¹ https://kaz.inform.kz/news/zhyl-sayyn-zhol-kolik-okigalarynda-1-3-millionga-zhuyk-adam-kaza-bolady-alemdik-statistika_a2212996/

Жыл сайын біздің елде 18 мыңнан астам жол-көлік оқиғасы орын алып соның салдарынан 2,5 мыңға жуық қазақстандық қаза болады ал 23 мыңға жуығы жарақат алады. Статистикаға сәйкес, елімізде 2022 жылдың 9 айында 10,2 мыңға жуық апат орын алды, соның салдарынан 15 мыңнан астам адам зардап шекті.

Бұл туралы ҚазАқпарат Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетіне сілтеме жасап хабарлайды¹.

Жол-көлік оқиғаларын сотқа дейін тексеруді, жол полиция қызметі және оның арнайы анықтау бөлім қызметкерлері мен қажет болса тергеушілер де жүзеге асырады.

Егер, авто-мото немесе электр-көліктерінің қатысуымен, жол қозғалыс қауіпсіздігі ережелер талартаптарын орындамаудың салдарынан, адам жарақаты немесе өлім мен материалдық шығын орын алса, оны – жол көлік оқиғасы (ЖКО) дейміз.

Көлік құралының жолда жүруі кезінде және оның қатысуымен болған, денсаулыққа зиян келтіруге, адам өліміне, көлік құралдарының, құрылыстардың, жүктердің зақымдалуына немесе өзге де материалдық залалға әкеп соққан оқиға - жол-көлік оқиғасы².

Алайда, олардың барлығы емес, тек қана осындай оқиғаның салдарынан елеулі қауіпті нәтиже, жәбірленушінің ден саулығына ауыр дәрежедегі зиян келтіру немесе абайсызда кісі өлімі орын алса – жол-көліктік қылмыс болып табылады. Оның ішінде ең жиі тарағаны көлік құралдарын пайдалану кезіндегі жол қозғалыс ережелерін, қылмыстық бұзумен байланысты, Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің, әрі қарай ҚР ҚК-нің 345 бабы бойынша сараланады.

Осындай қылмыстардың қатарына:

- жол - көлік оқиғасы болған жерді қалдырып кету: ҚР ҚК-нің 347 бабы,
- көлік құралдарын жөндеу мен эксплуатацияға техникалық ақаулармен шығару ҚР ҚК-нің 348 бабы,
- көлік құралдары қозғалыс қауіпсіздігі ережелерін бұзу ҚР ҚК-нің 350 бабтарына сайлары жатады. Сонымен бірге ЖКО азаматтық, әкімшілік немес тәртіптілік құқықтық жауапкершіліктерінде туындайды³.

ЖКО тергеу, жол қозғалыс ережелері туралы білімдерді, жан-жақты, сауатты және дұрыс саралаумен ерекшеленеді. Жол қозғалыс Ережелері (ЖҚЕ), заң актісі ретінде ҚР ЖҚЕ бұзу мен оның зиянды салдары арасындағы байланыстарды анықтауға мүмкіншілік береді. ЖҚЕ бұзу мен оның нәтижесінде болған зиянды салдары арасындағы байланыстың болмауы жол-көлік оқиғаны жасаған адам, қылмыстық емес, әкімшілік (тәртіптік) жазаға тартылуы мүмкін.

Кейбір әдебиеттерде «себептілік-салдар байланыстық мәселесі» техникаларды қолдану кезіндегі қылмыстарда, теориялық қана емес, сонымен бірге тәжірибелік те мәнісі бар екені туралы айтылған. Мысалы үшін жол-көліктік қылмыстарда ЖҚЕ бұзу мен оның нәтижесіндегі салдары арасындағы себептілік байланысты анықтау белгілі қиыншылық тудырады. Осымен байланысты кейбір кездерде соттық қателер де жіберілуі мүмкін.

ЖКО жасалуға дейінгі және оның даму кезіндегі аралық уақыт ішіндегі себептердің әсері бірдей емес. ЖКО-ның әр-бір фазасында оның ең негізгісін бөліп белгілеу, сонымен қатар осы себеп келесі фазада көмекші де болуы мүмкін. ЖКО талдау кезінде себептілік-салдар байланысын анықтау керек, өйтпесе оқиғаның алғашқы себебін анықта мүлдем мүмкін болмайды. Осындай кезде ЖКО дейінгі жағдай анықталғаны да бірден бір мәні бар. Көп жағдайларда ЖКО себебі оның алдында туындайды.

Әлемдік статистика материалдары бойынша ЖКО себептері төмендегіше реттелген:

- адамның қате әрекеттері 60-70%;
- жолдардың сапасының төмендігі және жол талаптарына сай келмеу салдары 20-30%;

¹ АСТАНА. ҚазАқпарат

² Қазақстан Республикасының жол жүру Ережелері 2024 жыл.

³ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ.

– көліктің техникалық ақаулары салдары 10-20% ¹.

ҚР ПМ жол полиция жүйесінің тіркеулік Ережелерінің санаттарымен байланысты ЖКО олардың кейінгі құқықтық салдарына қарамастан оқиға сипаты бойынша негізгі тоғыз түрге бөлінеді:

1) көлік құралдарының соқтығысуы – кем дегенде екі жүріп келе жатқан көлік құралдары өз ара немесе темір жол көлігімен соғысып қалған кездегі жағдайлар;

2) көліктің аударылуы, төңкерілуі – жүріп келе жатқан көлік құралының белгілі бір себептермен заңды тұрақтылығын жоғалтып, аударылуы, төңкерілуі;

3) қозғалмай тұрған көлікке соқтығу – жүріп келе жатқан көлік тоқтап тұрған көлікке, прицеппе, жартылай прицепке соғысқаны;

4) қозғалмайтын кедергілерге соғысу – жүріп келе жатқан көлік жылжымай тұрған кедергілерге соқтығысу (көпір тірегіштеріне, столбыларға, талдарға, құрылыс материалдарға, қоршауларға және т.с.с.);

5) жүргіншілерді басу – жүріп келе жатқан көлік жаяу адамды соғып немесе басып кеткенде, немесе ол өзі жол көлігіне аяқ астынан қақтығысуы. Қылмыстың осы түріне көліктің үстінен түскен заттар (ағаштар, бөренелер, кірпіштер және т.с.с.) адамдарды жарақаттаса жатады;

6) велосипед айдап келе жатқан адамды басу – жүріп келе жатқан көлік велосипед айдап келе жатқан адамды басып кеткенде немесе ол өзі жол көлігіне қақтығысуы;

7) жануарларға жегілген арбаларды /тужевой/ басу – жүріп келе жатқан көлік жануарларға жегілген арбаны басып кеткенде немесе арбаның өзі жол көлігінің жылжып тұрған бөлшектеріне соғысуы;

8) жануарларды басу – көлік құралы жүріп келе жатып, жануарларларды, үй құстарын басып кету, немесе көліктің жылжып тұрған бөлшектеріне соғылып соның салдарынан залал келтіруі;

9) басқа да ЖКО – жоғарыда көрсетілген оқиғалардан тыс жағдайлар (мысалы жол жұмыстарын дұрыс жүргізбеу нәтижесінде автокөліктердің шұңқырларға түсуі, трамвай өз рельсінен шығып кетуі және т.с.с.).

Жол – көлік оқиғаларының болуы мүмкін **себептері:**

1) Жүргізушілердің жол қозғалыс ережелерін, көлік құралдарын пайдалану кезіндегі айдау амалдарын бұзуы (мысалы, жүру жылдамдығын жоғарылату, жүру жолының қарсы жағына шығу, жүру дистанциясын дұрыс бағаламау, озу ережелерін сақтамау, кенетсіз күрт бұрылу, аяқ асты тоқтау, адамдар мен жүкті тасымалдау ережелерін бұзу, жолға алдын ала ахауы бар көлікпен шығу, жеткіліксіз тәжірибе, шаршап, ауырып немесе мас күйде көлікті жүргізу және т.с.с.). Әсіресе қауіптісі - автокөлікті мас күйде жүргізу, өйткені мұндай жағдайда жүргізушінің реакциясы төмендеп, сақтығы азаяды, жол жағдайын дұрыс қабылдамай, оны дұрыс бағаламайды.

2) Жүргіншілердің жол жүру ережелерін, жолаушылардың көлікке отыру мен түсу және пайдалану ережелерін бұзуы (мысалы, жүргіншінің жүру белгілері қойылмаған жерлерден өтуі, жол жүру белгілерін орындамау, күтпеген жерден балалардың жолға шығуы немесе жолда ойнауы және т.с.с.). Кейде қылмыстық жауапкершілікке жаяу жүргіншілерде тартылады.

Мысалы, 2012 жылдың 17-ші мамырында Павлодар қаласы көшелерінің бірінде Газель автомашинасының жүргізушісі азамат Н. сағатына 35 шақырым жылдамдықпен Индустриальная көшесіне қарай келе жатады. Күтпеген жерден Н. автокөлігінің алдына екі-үш метр аралықта қарсы жақтағы аялдамаға тұра жүгірген М. деген азаматша жол үстіне шыға келеді.

Мұндай жағдайда тежегішті басып үлгермеген Н. автокөлігін шұғыл бұрып, жол

¹ Официальный сайт Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан / [Электронный ресурс] / Режим доступа: <<http://pravstat.prokuror.kz/rus>> Последнее посещение 24.09.2018.

бойындағы темір-бетон бағанаға соқтығысады. Бағанаға соғылған автокөлік кері қарай итеріліп барып, жаяу жүргінші К. деген әйелді басып кетеді. Әйел сол жерде қайтыс болады. Апат жағдайын туғызған М. Деген азаматшаға қылмыстық іс қозғалып, ол сот үкімімен үш жылға бас бостандығынан айырылды¹.

3) Техникалық қызмет көрсету мен көліктерді жолға шығару ережелерін, сондай-ақ жол үстіндегі жағдайды бақылап отыру ережелерін бұзу (мысалы, көлік құралының жүру бөлшектерінің ақауларын дер кезінде жөндемеу немесе сапалы жөндемеу).

Жол көлік оқиғасына байланысты қылмыстық істерді тергеу барысында ЖКО бір емес, бірнеше себеп-салдардың нәтижесінде болатындығын да (мысалы, екі автокөліктің соқтығысу кезінде, жүргізушінің біреуі жылдамдықты асырып озу ережесін бұзған, ал екінші жүргізуші маневр жасау мен бір қатардан екінші қатарға ауысу ережелерін бұзған) ескеру қажет.

Тергеушінің міндеті, ЖКО зиянды салдарының әкеп соқтыруға себеп болған шарттар мен факторларды, олардың пайда болу кезеңділігін, көлік құралының техникалық жағдайын, жүргізушінің (жүргізушілердің) әрекеттері, жәбірленушінің және басқа да с.с. факторларды ескере отырып нақты ЖКО фактісін дұрыс және заңды дәрежелілеу².

ЖКО бойынша істегі дәлелдеудің негізгі шарты, ЖКО механизмін толық зерттеп оның ішіндегі элементтерін ажырата білумен байланысты. Анығырақ айтқанда, жол апатына криминалистикалық тұрғыдан қарау, көліктерде, жол үстінде, жарақат алған адамда қандай іздер қалыптасты, авария қандай жағдайда туындады. ЖКО болдырмау үшін жүргізуші қандай шара қолданды. Міне осының бәрі ЖКО механизмiне жатады.

Тергеушінің міндеті - жол бойында, бүлінген көлік құралында, жолдың бетінде, сол сияқты басқа да объектілерде және оқиғаны көрген куә адамның айтуынша ЖКО болған жерде қандай іздер, белгілер, таңба, қандай көрініс болды соны анықтау, яғни ЖКО-ның механизмін белгілеу.

ЖКО механизмін белгілеу - дегеніміз ЖКО қашан басталды, қанша уақытқа созылды, қашан аяқталды, оның болуына не себеп болды, соны анықтау.

Жол-көлік оқиғасы бойынша істегі дәлелдеудің негізгі шарты ЖКО-ның механизмін толық айырып, ажырата білу болып табылады.

Сонымен қатар;

а) жол-көлік оқиғасына қатысушылар қандай көлік құралы, қай жерде, жүргізушісі кім, оның жас шамасы сияқты басқа да қажетті мәліметтер;

ә) жол-көлік оқиғасы болған жер және уақыты - мұнда жол, көше, елді-мекен, аумақ, ауа райы (куәнің айтуымен) ескеріледі;

б) кімнің жәбір шеккені - жолаушылармен жүргізушілердің саны және олар қандай жарақаттар алды;

1991 жылы алып КСРО аяқ астынан ыдыраған кезінде Қазақ Кеңестік Социалистік Республика КСРО-ның шикізат перифериясына айналып үлгірген еді. Республиканың демографиялық құрамы ол кезде мүлде басқа. 1989 жылғы халық санағына қарасақ Республикада қазақтардың үлесі 39,6%, орыстардың үлесі 37,4% құраған. 1989 жылға қарай қазақтардың 63% орыс тілін меңгерген. Қалада тұратын қазақтардың 30% ана тілін ұмытып, тек орыс тілінде сөйлейтін жағыдайға жеткен. Оған қоса, Республиканың бүкіл экономикалық, саяси және саяси тіршілігі қалыптасқан әдетіне орай орыс тілінде жүрді. Мысал ретінде, 1991 жылы қазақ балдарының бар болғаны 34% пайызы қазақ тілді мектептерге қатынасқан. Республиканың сол кездегі астанасы Алма-Ата қаласында қазақ тілінде бір-ақ № 12 мектеп болған. КСРО-ның соңғы жылдарында қазақ тілінің қолданыс аясы тұрмыстық деңгейімен шектелді¹.

Осындай контекстте тәуелсіздік алған Қазақстан тіл саясатын мұқият жүргізуге тиісті болды.

Жоғарыда көрсетілген объективті себептерге байланысты сол кездегі Үкімет жаңа мемлекеттің іргесін сөкпеу үшін, және шаңырағы берік болуы үшін саясатын орыс тілінде жүргізуді жалғастырды. Еңбегі сіңген заң ғалымдарымыз ойларын орыс тілінде жазып, еңбектерін орыс тілінде жариялап келді.

Қазақстандағы заң қабылдау процесі қалай ұйымдастырылған? Бұл сұрақтың жауабын табу үшін біз Қазақстан Республикасының құқықтық актілер туралы заңнамасын шолуымыз қажет, атап айтқанда, (1) 1998 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілер туралы Заңы және 2016 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Құқықтық актілер туралы Заңы.

1998 жылы қабылданған ҚР Нормативтік құқықтық актілер туралы Заңының алғашқы редакцияларын көрсек, кейінгі редакциялармен салыстырғанда, қабылданатын актілердің сапасына қойлатын критерийлер қамтылмаған, мемлекеттік және орыс тіліндегі нұсқауларының сәйкестігі туралы бірде бір сөз айтылмаған. Заңның 4 тарауы нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сараптама жүргізілу туралы баяндалады, атап айтқанда Заңның 22 баптың 1 тармағында Нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша тиісінше ғылыми сараптама **жүргізілуі мүмкін** деп көрсетілген. Яғни барлық заң жобалары, олардың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нұсқаларының сәйкестігі сараптама арқылы тексерілуі міндет болмаған.

Заңның 22 бабының 2 тармағында сараптамаға келесі критерийлер берілген: Сараптама:

1) жобаның сапасын, негізділігін, уақытылылығын, дұрыстығын жобада Қазақстан Республикасының Конституциясында баянды етілген адам және азамат құқықтарының сақталуын бағалау;

2) нормативтік құқықтық актінің ықтимал тиімділігін айқындау;

3) жобаның нормативтік құқықтық акт ретінде қабылдануының ықтимал теріс салдарларын анықтау үшін жүргізіледі.

Заңның 22 бабында нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік және орыс тіліндегі нұсқауларының сәйкестігі туралы сөз айтылмаған, критерийлер баяндалмаған.

¹ Братусь С.Н. Юридические лица в советском гражданском праве (понятие, виды, государственные юридические лица). - М.: Юридическое издательство министерства юстиции СССР. 1947.- 363 с.

Уақыт өте нормативтік құқықтық заңнама өзгерістер мен толықтырулар арқылы түзеліп басталды. Атап айтқанда 1998 жылғы заңның 2012 жылғы редакциясында 22 баптың 1 тармағы келесідей баяндалған – Нормативтік құқықтық актілердің реттейтін құқық қатынастарына қарай осы актілердің жобалары бойынша ғылыми (сыбайлас жемқорлыққа қарсы, құқықтық, **лингвистикалық**, экологиялық, қаржылық және басқа да) сараптама жүргізілуі мүмкін. Нақтылақ айтқанда, бұдан әрі заң жобалары **лингвистикалық** сараптамадан өтуі мүмкін еді. Оның өзі де бір прогрес деп қабылдауға болады.

Заңнаманы жетілдіру барысында Заңның 2016 жылғы редакциясының 22 бабы 1-1 тармағымен толықтырылды - Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары әзірлеген және Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізуге жататын заң жобалары **бойынша қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндердің тең түпнұсқалығы бөлігінде ғылыми лингвистикалық сараптаманы уәкілетті ұйым жүргізеді**. Демек, қабылданатын барлық нормативтік актілер бұдан әрі лингвистикалық сараптамадан міндетті түрде өтетін болады¹.

2016 жылы жаңадан қабылданған Құқықтық актілер туралы Заңы мемлекеттік және орыс тіліндегі заң жобаларының сәйкестігін қамтамасыз ету жағынан көптеген критерийлер мен талаптар қамтыды. Атап айтқанда, *24 бап*

- Нормативтік құқықтық акт мәтінінің мазмұнына және жазылу стиліне қойылатын талаптар; 33 бап - Нормативтік құқықтық актілердің ғылыми лингвистикалық сараптамасы; Нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, келісу және мемлекеттік тіркеу қағидалары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң шығару жұмысының қағидалары.

Өкінішке орай еліміздегі қатынастардың басым бөлігін реттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының 90 пайызы жоғарыда айтылып кеткен критерийлер заң шығару процесіне енгізілмеген кезінде қабылданып кетті. Атап айтқанда, еліміздегі қатынастардың басым бөлігін реттейтін заңнамалық актілер мыналар:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1993 жылы;
2. Қазақстан Республикасының Су кодексі 1993 жылы;
3. Қазақстан Республикасының Орман кодексі 1993 жылы;
4. Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы заңы 1993 жылы;
5. Қазақстан Республикасындағы Сәулет және қала құрылысы туралы заңы 1993 жылы;
6. Валюталық реттеу туралы заң 1993 жылы;
7. Банктар туралы заң 1993 жылы;
8. Азаматтық кодекстің Жалпы бөлімі 1993 жылы қабылданды;
9. Азаматтық кодекстің Ерекше бөлімі 1998 жылы қабылданды;
10. Қазақстан Республикасының іс жүргізу кодексі 1999 жылы қабылданды².

Қорытындай, келесі ойды түйуге болады. Қазақстанда қалыптасқан зың жүйесі қос тілде жүргізіледі. Орыс тілі де-факто жетекші заң тілі, қазақ тілі оның қосалқы туындысы. Еліміздегі қатынастардың басым бөлігін реттейтін заңнама 1990 жылдары қалыптасып үлгерді, сол үшін заңнаманың мемлекеттік тіліндегі нұсқасын жетілдіру, заңтану ойын, ғылымын дәріптеу үшін, қазақ халқына қазақ тіліндегі түсінікті сайрайтын заң беру үшін Конституциядан бастап нормативтік актілердің иерархиясына сай төменге қарай заңнаманы қайта қарастыру жұмысы басталуы керек деп ойлаймыз.

¹ Венедиктов А. В. Правовая природа государственных предприятий / Проф. А.В. Венедиктов. - 2-е изд. – Ленинград: Прибой, 1928 (госуд. тип.им. Евг. Соколовой). - 184 с.

² Сулейменов М.К. Развитие гражданского законодательства в Гражданском кодексе Республики Казахстан/ «Развитие гражданского законодательства (состояние и перспективы его развития)»: материалы научно-теоретической конференции. – Астана, 22 февраля 1999 г.- 327 с.

Библиографиялық тізім

1. Ынтымаков С.А. Мекеменің азаматтық-құқықтық жауапкершілігіне қатысты мәселелер // Международный научно-общественный журнал «DOGMA». – 2020. – № 1(11).
2. Братусь С.Н. Юридические лица в советском гражданском праве (понятие, виды, государственные юридические лица). - М.: Юридическое издательство министерства юстиции СССР. 1947.- 363 с.
3. Венедиктов А. В. Правовая природа государственных предприятий / Проф. А.В. Венедиктов. - 2-е изд. – Ленинград: Прибой, 1928 (госуд. тип.им. Евг. Соколовой). - 184 с.
4. Сулейменов М.К. Развитие гражданского законодательства в Гражданском кодексе Республики Казахстан/ «Развитие гражданского законодательства (состояние и перспективы его развития)»: материалы научно-теоретической конференции. – Астана, 22 февраля 1999 г.- 327 с.

ӘОЖ 349.3(574)

Ауешова Б. Т., з.ғ.к., доцент

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті,
«Құқықтану» кафедрасының, Ақтау қаласы
e-mail: baueshova@mail.ru

UDC 349.3(574)

Aueshova B.T.

Candidate of Law, associate professor of the Department "jurisprudence"
Caspian technologies named after Sh. Yessenov
University of engineering and engineering, Aktau city
e-mail: baueshova@mail.ru

МҮГЕДЕКТЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢНАМАНЫҢ АСПЕКТІЛЕРІ

Аннотация

Мақалада автор әлеуметтік қорғау жүйесінде мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру жөніндегі шаралар жүйесі және халықтың әлеуметтік осал топтарын атаулы әлеуметтік қолдау, оның ішінде мүгедектерге әлеуметтік көмек көрсету жүйесі ерекшелігін зерттейді.

Кілт сөздер: әлеуметтік қорғау, мүгедек, қадір-қасиет, құқық, нормативтік құқықтық акт.

IN THE SPHERE OF SOCIAL PROTECTION OF PERSONS WITH DISABILITIESASPECTS OF LEGISLATION

Abstract

In the article, the author examines the specifics of the system of measures for state social insurance in the system of social protection and the system of targeted social support for socially vulnerable segments of the population, including social assistance to disabled people.

Keywords: social protection, disability, Dignity, law, regulatory legal act.

Халықты әлеуметтік қорғау әрбір бағдарланған мемлекеттің ажырамас функциясы болып табылады. Әлеуметтік қорғау жүйесі қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықты қолдайды, жедел даму кезеңінде оның орнықтылығын сақтауға немесе бір жүйеден екіншісіне түрлендіруге ықпал етеді.

2006 жылғы 13 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясының мүгедектердің құқықтары мен қадір-қасиетін қорғау және көтермелеу туралы Конвенцияны қабылдауы әлемдік қауымдастық ауқымында маңызды оқиға болды. БҰҰ Бас хатшысы БҰҰ-на мүше мемлекеттерді Конвенцияны ратификациялауға және оның орындалуын қамтамасыз етуге шақырды. Осы конвенция қабылданға дейін мүгедектердің құқықтары ешқашан бірыңғай халықаралық-құқықтық құжатта бекітілмеген. 1987 және 1992 жылдардағы онжылдық шолулар барлық күш-жігерге қарамастан, көптеген елдерде мүгедектер тең мүмкіндіктер алмай, қоғамнан оқшауланып қалғанын көрсетті.

Біздің республикамызда әлеуметтік қорғау жүйесінде мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру жөніндегі шаралар жүйесі және халықтың әлеуметтік осал топтарын атаулы әлеуметтік қолдау, оның ішінде мүгедектерге әлеуметтік көмек көрсету жүйесін ерекшелеуге болады. Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау Қазақстан Республикасының Конституциясымен, «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» ҚР Заңымен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі¹.

Қазақстан Республикасының мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы Қазақстан Республикасының мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және мүгедектерді әлеуметтік қорғау, олардың өмір сүруіне және қоғамға кірігуіне тең мүмкіндіктер құруының құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық шарттарын қамтамасыз етеді².

Қазақстанның заңнамасы көбінесе мүгедектерді әлеуметтік қорғау мен оңалтуға бағдарланған және осы проблемаға негізінен ескі тәсіл тұрғысынан келеді, яғни мүгедектерді қажетті әл-ауқаттың қарапайым деңгейін алуға тиіс халықтың осал тобы ретінде қарастырады. Осыдан қоғамның толық құқылы мүшесі ретіндегі мүгедектерді әлеуметтендіру мәселесінде жүйеліліктің болмауы туындайды.

Егер мүгедектердің құқықтары туралы тұжырымдамалық құжаттар көбінесе халықаралық стандарттарға ілесу қажеттігін ескерсе, ұлттық заңнама мұнымен толықтай келіспейді. Мүгедектердің құқықтарын қорғау жөніндегі көптеген нормативтік құқықтық актілер ескірген және кейбір бөліктерінде қарама-қайшылық бар, мүгедектердің құқықтары туралы нормалар жүйеленбеген.

Мүгедектердің құқықтары мен бостандықтарын сақтауды кепілдендіретін нормаларды жүзеге асыру проблемасы сақталып отыр. Заңнама талаптары бірқатар себептер бойынша үнемі орындала бермейді: заңдарды орындау бойынша заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің, нақты және анық жүзеге асыру тетіктерінің, бірыңғай бақылаушы органның болмауы, қаржы ресурстарының тапшылығы.

Қолданыстағы нормативтік құқықтық актілер көбінесе әлеуметтік және экономикалық құқықтарды қорғауға, жазатайым оқиғалар, аурулар, тұқым қуалайтын аурулар сияқты мүгедектіктің нақты жағдайларының салдарларын жоюға бағдарланған. Халықаралық стандарттар болса барлық әлеуметтік, экономикалық, институттандыру және саяси кедергілерді жою қажеттігіне мән береді, олар мүгедектік проблемасын күрделендіре түседі

¹ «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі № 39 Заңы. // adilet.zan.kz

² «Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті» мемлекеттік мекемесінің ережесі mangystau.enbek.gov.kz/

және сонымен бірге мүгедектігі бар тұлғалардың әлеуметтік және экономикалық өмірге араласуға мүмкіндіктерін шектейді.

Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенция бойынша міндеттемелерді орындауға бағытталған заңдық, экономикалық, әлеуметтік және басқа нақты шараларды әзірлеген кезде мына фактіні ескеру қажет: Конвенция қолда бар ресурстары барынша пайдалану кезінде экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарға қатысты ережелерді біртіндеп жүзеге асыруға рұқсат етеді. Азаматтық және саяси құқықтарға қатысты міндеттермелер Конвенция күшіне енген сәттен бастап толықтай орындалуға тиіс. Бекітуге әзірлік процесіне талдау жүргізу кезінде экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі міндеттемелерді азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі міндеттемелерден бөліп қарауға ұмтылу пайдалы болады.

Конвенция ережелеріне сәйкес болу үшін заңнамаға кемсітуге жалпы тыйым салу, ыңғайлы құрылғыны беруге міндеттілік, пайымдылық айқындамасының өлшемдері, сондай-ақ мүгедектердің іс жүзінде теңдігін көтермелеу үшін тұрақты немесе уақытша оң шаралар енгізілуі тиіс. Жүргізілген талдаулар келесілерді көрсетеді: Қазақстанның заңнамасы мүгедектік белгісі бойынша кемсіту ұғымының белгі ретіндегі ыңғайлы құрылғы тұжырымдамасын, сондай-ақ әртүрлі құқықтарды жүзеге асыру кезінде оны берудің жалпы міндеттемесін қамтымайды.

Мүгедектердің құқықтарын толықтай жүзеге асыру үшін мүгедектердің әлеуметтік қорғалу элементтерін жүзеге асыруға жауапты мемлекеттік органдардың шеңберін заңнамалық тұрғыда нығайту, олардың мүгедектердің инженерлік, көліктік және әлеуметтік инфрақұрылымдарға бөгетсіз кіріп-шығуына жағдай жасаудағы, көлік құралдарын, байланысты, ақпаратты және басқа да әлеуметтік объектілерді мүмкіндіктеріне сай қолайлы ету жөніндегі міндеттерін нормативтік нақтылау және нығайту керек.

Қазақстанның ұлттық заңнамасының мүгедектік саласындағы неғұрлым елеулі кемшілігі заңнамада мүгедектік профилактикасы және мүгедектерді оңалту саласында маңызды құқықтық нормаларды жүзеге асыру тетіктерінің жоқтығы болып табылады.

Сондықтан мүгедектерге қатысты мемлекеттік саясатты реформалау саласындағы маңызды ұсыныс мүгедектерді материалдық қолдау мәселесінен мүгедектік профилактикасына көшу, мүгедектер үшін тыныс-тіршілік ортасын қамтамаыз ету, медициналық, әлеуметтік және еңбек тұрғысында оңалту болып табылады.

Осыған байланысты оңалту бағдарламасын одан әрі дамыту үшін заңнамалық, ұйымдық және қаржылық жағдайларды қамтамасыз ету қажет.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау проблемаларымен байланысты он шақты нормативтік-құқықтық актілер жұмыс істейді. Сондықтан мемлекеттік саясатты жетілдіру шараларының бірі, мемлекетте мүгедектердің құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін қорғау саласындағы заңнаманы бір жүйеге келтіру.

Бір жүйеге келтіруді жүзеге асырған кезде мүгедектердің әртүрлі санаттары мен топтарының құқықтары мен жеңілдіктерін теңестіру мүмкіндігін қарастырған жөн.

Жоғарыда айтылғандармен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасында бірыңғай термин жасау талдап жасалмаған. Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенцияда қамтылған бірқатар ұғымдар енгізілмеген. Әртүрлі нормативтік-құқықтық актілерде әрқилы ұғымдар да бар. Осыған байланысты құқық қолдану қызметінде проблемаға ұрынбас үшін бірқатар айқындамалардың қолданылуына назар аудару қажет.

Қазақстанда мүгедектерді әлеуметтік қолдау және қорғауының мынадай бағыттарына көңіл бөлген жөн:

- Мүгедектерді әлеуметтік бейімдеу және еңбек қызметі саласына тартуға жәрдемдесіп жағдай жасау;

- Оңалту мекемелерінің желісін дамыту және олардың материалдық-техникалық базасын нығайту;

- Мүгедектердің әлеуметтік, көлік және рекреациялық инфрақұрылымдар объектілеріне кедергісіз кіріп-шығуын қамтамасыз етуі үшін жағдай жасау.

Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы заңнама.

Әлеуметтік қамсыздандыру мүгедек болған, асыраушысынан айырылған жағдайда және өзге де заңды негіздерде «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы» 1997 жылғы 16 маусымдағы заңмен реттеледі. Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алуға құқығы бар азаматтарды мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы қатынастар «Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар туралы» 1999 жылғы 5 сәуірдегі Қазақстан Республикасының заңымен реттеледі.

Қазақстандық мүгедектерді қолдау әлеуметтік төлемдерді (мүгедектігі бойынша жәрдемақы және арнаулы мемлекеттік жәрдемақы) жүзеге асыру, медициналық, әлеуметтік және кәсіби оңалту жөніндегі шаралар қолдану арқылы жүргізіледі.

Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенцияның 16-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы осы халықаралық құқықтық құжатты бекіткеннен кейін қанаудың, зорлау мен қорлаудың көрініс беретін барлық нысандарын болдырмауға талпына отырып, мүгедектерге қызмет көрсетуге арналған барлық мекемелер мен бағдарламалар тәуелсіз органдардың тарапынан тиімді бақылауда болуын қамтамасыз етуге тиіс.

Конвенцияның бұл ережесі Қазақстанда орын алып отырған өткір және өзекті проблеманы көрсетеді. Мүгедектер мен мүгедек балаларды қоғамға және отбасына кіріктіру саласындағы барлық күш жігер мен табыстарға қарамастан, олардың көпшілігі бүгінгі күнге дейін жабық интернаттарда, психоневро-логиялық интернаттар мен қарттар үйінде қалып отыр.

Бұл мекемелердің басшылары балаларға, сондай-ақ әрекетке қабілетсіз тұлғаларға қатысты заң бойынша қорғаншылық қызметін атқарады, яғни мұндай тұлғалардың мүлкіне иелік етуді бақылайды, олардың оқу бағытындағы, тағдырын шешетін өзге де шешімдер қабылдайды. Мұндай мекемелерді және олардың қорғаншылық қызметін тиісінше атқаруын қадағалау мен бақылауды формалды түрде қорғаншылық және қамқоршылық органдары жүргізеді. Бірақ та мұндай органдар конвенция мәні бойынша «тәуелсіз» бола алмайды, себебі олар интернаттар мен қарттар үйінің басшыларын тағайындайтын әлеуметтік қорғау және білім беру органдары сияқты мемлекеттік атқарушы биліктің сол бір жүйесіне қосылған.

Бұл проблеманы мұндай мекемелерге заңнамалық түрде міндетті қоғамдық бақылауды белгілеу шешуге тиіс деп санаймыз.

Әлеуметтік қызмет саласындағы заңнама.

Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы қадам «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының заңнамасына 2008 жылғы 29 желтоқсанда ел Президентінің қол қоюы болды.

Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету нарығын одан әрі дамытуға бағытталған «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» заң кепілденген ең төменгі көлемде берілетін арнаулы әлеуметтік қызметтерді дәлдеу мен нақтылауға бірыңғай көзқарас пен принциптердің, сондай-ақ қосымша арнаулы әлеуметтік қызметтердің, заңнамаларды бір жүйеге келтіру және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген арнаулы әлеуметтік қызметтерді беру жөніндегі қатынастарды реттеудің бірыңғай принциптерін талдап-жасау қажеттігінен туындады. Мұнымен қатар әлеуметтік қызметтер мен ұйымдардың құқықтық мәртебесі, әлеуметтік қызмет көрсетудің бірыңғай тетіктері айқындалады, әлеуметтік қызметкерлердің құқықтары мен міндеттері белгіленеді. Әлеуметтік қызметтердің жекелеген түрлерін беру үшін мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс негізінде мемлекеттік сатып алулар тетіктерін пайдалану мүмкіндіктері қарастырылады.

Заңның 14-бабының 1-тармағына сәйкес «Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау мен айқындау жөніндегі әлеуметтік қызметкер айқындайтын өмірлік қиын жағдайда жүрген адамның (отбасының) арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілігін бағалау және айқындау негізінде жүзеге асырылады».

Мұнымен бірге заңдарды жетілдіру өз бетінше проблеманы шеше алмайды, себебі Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдарының қолданыстағы заңнамаларды орындауы туралы мәселе бүгін өткір проблема және бұл мүгедек балалардың құқықтарының жаппай бұзылуының негізгі себебі болып табылады. Бұған қоса, жоғарыда белгіленгеніндей, заңдарда оларды жүзеге асыру тетіктері жиі болмай қалады¹.

Библиографиялық тізім

1.«Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі № 39 Заңы. // adilet.zan.kz

2.«Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті» мемлекеттік мекемесінің ережесі mangystau.enbek.gov.kz/

3.Тірек көзі .Көмекке мұқтаж мүгедек жандарға арналған материалдар жинағы., «Аман-Саулық» ҚҚ. Алматы, 2017. – 230б.

ӨОЖ 330/1

Балғожаева Ж. Т.

Құқықтану мамандығының 1 курс магистрант

Алламбаев Ж. Ж.

Құқықтану мамандығының 1 курс магистрант

Ғылыми жетекшісі: **Ауешова Б. Т.**,

з.ғ.к., қауымдастырылған профессор

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар

және инжиниринг университеті, «Құқықтану» кафедрасының, Ақтау қаласы

UDC 330/1

Balgozhayeva Zh. T.

1st year master's student of the specialty jurisprudence

Allambayev Zh. Zh.

1st year master's student of the specialty jurisprudence

Scientific supervisor: **Aueshova B. T.**

candidate of Law, Associate Professor

Caspian technologies named after Sh. Yessenov University, Aktau city

e-mail: baueshova@mail.ru

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕСТІҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ ЖӘНЕ АЗАМАТТАРДЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ САНАСЫН АРТТЫРУ

Аннотация

Сыбайлас жемқорлық проблемасы соңғы уақытта үлкен және толық негізделген өзектілікке ие болды.

¹ Тірек көзі .Көмекке мұқтаж мүгедек жандарға арналған материалдар жинағы., «Аман-Саулық» ҚҚ. Алматы, 2017. – 230б.

Қазақстан Республикасында қалыптасқан демократиялық институттар сыбайлас жемқорлық фактілерімен, олардан туындайтын, қоғамның тұрақты және қауіпсіз дамуына қауіп төндіретін проблемалармен үйлеспейді. Тиісінше, Қазақстанда іске асырылып жатқан демократиялық өзгерістер сыбайлас жемқорлықтың барлық көріністеріне қарсы күресте тиімді жұмыс істейтіні жүйесіз мүмкін емес.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы табысты саясат қоғамдық, топтық және жеке санада іргелі ілгерілеушілерсіз, тек мемлекеттік қызметшілер сияқты мақсатты топтардан ғана емес, сондай-ақ азаматтардың өздерінің мінез-құлық ережелерінде елеулі оң түзетулерсіз мүмкін емес. Бұл мақаланың проблемасы азаматтық қоғамды сыбайлас жемқорлыққа қарсы сындарлы қызметке қалай тарту ғана емес, сонымен қатар азаматтық қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы коалициясын және билік органдарымен әріптестікті қалыптастыруда барлық тұлғалар мен ұйымдардың күш-жігерін біріктіру болып табылады.

Кілт сөздер: сыбайлас жемқорлық, азаматтық қоғам, демократиялық институттар

FOREIGN EXPERIENCE IN COMBATING CORRUPTION AND IMPROVING THE LEGAL AWARENESS OF CITIZENS AGAINST CORRUPTION

Abstract

The problem of corruption has recently acquired a great and fully justified relevance.

The democratic institutions that have developed in the Republic of Kazakhstan are incompatible with the facts of corruption, the problems arising from them that threaten the stable and safe development of society. Accordingly, it is impossible without a system that the democratic transformations being implemented in Kazakhstan will work effectively in the fight against all manifestations of corruption.

A successful anti-corruption policy is impossible without fundamental advances in public, Group and individual consciousness, significant positive adjustments not only to target groups such as civil servants, but also to the rules of behavior of citizens themselves. The problem of this article is not only how to involve civil society in constructive anti-corruption activities, but also to unite the efforts of all individuals and organizations in the formation of an anti-corruption coalition of civil society and partnerships with authorities.

Keywords: corruption, civil society, democratic institutions

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелерін зерттеу қазақстандық және шетелдік зерттеушілермен әр түрлі көзқараспен қарастырылды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске арналған монографиялар мен құралдардың жинақталған көлемі құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне жіберілді. Бірақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, басқаруды компьютерлендіру азаматтарға қажетті ақпарат беруді жеңілдету үшін ғана емес, қажет екенін атап өту керек.

Еуропалық зерттеушілер М. Таванти мен А. Стахович қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерін зерттеді. Олар Шығыс Еуропаның жекелеген елдеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың табыстылығының олардағы азаматтық институттардың даму деңгейіне тікелей тәуелділігі туралы қорытынды жасайды¹.

Азаматтық қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы тетіктерге және дамудың серпінді кезеңдерін бастан өткеріп жатқан елдерге қатысу тақырыбына қызығушылық артып келеді. Гонконгтың экономикалық өсу жағдайында, оның ішінде азаматтық институттарды дамыту

¹ Гладов А.В. Эффективность антикоррупционной политики: опыт зарубежных государств// Вестник СамГУ – № 10 (111) - 2013 – с. 116 – 120

арқылы мемлекеттік және қоғамдық секторлардағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері бойынша тәжірибесіне негізделген үлкен зерттеуді В.Х.Хок жүргізді¹.

Сондай-ақ Л. Н.Смирновтың еңбектерінде "бұрын құқыққа қарсы әрекеттердің алдын алу және анықтау, ол үшін сыбайлас жемқорлықты қабылдамау мәдениетін құру, шешім қабылдаудың дискрециялық әдістерін процедуралық әдістермен ауыстыру және мемлекеттік басқарудың транспаренттілігін арттыру қажет" деп көрсетілген².

Бұл ретте қазіргі уақытта сыбайлас жемқорлық проблемаларын ғылыми зерттеудің осы өңірлік сегментінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы ағарту мәселелеріне және халықты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл процесіне тарту дәрежесіне бірнеше көзқарас бар екенін атап өту маңызды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ағарту қажеттілігімен келісе отырып, сыбайлас жемқорлық проблемаларының заманауи зерттеушілері сыбайлас жемқорлықтың себебі азаматтардың сыбайлас жемқорлық санасы және олардың хабардарлығы болып табылатынын түсінуді ұсынады.

Атап айтқанда, А. Мардановтың пікірінше, "Сыбайлас жемқорлықты ақтайтын ойлар адамдардың санасына терең еніп кетті. Сыбайлас жемқорлық қылмыс болуды тоқтатты, сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қазіргі жағдайда ақтауға болады. Сыбайлас жемқорлықты қоғам жағымсыз, бірақ таныс құбылыс ретінде қабылдайды, бұл құндылық бағдарлары жүйесінің өзгеруіне әкеледі"³.

Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық мәселесін әрбір мемлекетте, түрлі халықаралық ұйымда кездестіруге болады. Бірақ ол барлық жерде бірдей бола бермейді. тарихи дәуір және мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму кезеңіне қарай сыбайлас жемқорлықтың пайда болу мәселелері де әр алуан болып келеді. Кейбір шет елдердің мемлекеттік басқаруында және мемлекеттік қызметінде жемқорлықтың алдын алуға және жоюға бағытталған әкімшілік қалыптың кешендері құрылған. Бірқатар мемлекеттерде шенеуніктердің ар кодексі немесе этикалық кодекстер жиынтығы болып табылатын арнайы заңдар қабылданған. Осыған орай, шетел мемлекеттеріндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және жолын кесу шараларына назар аударайық.

Жалпы дүниежүзінде жемқорлық әлемдік масштабтарға ие болды. Сыбайлас жемқорлық мәселесін шешуге БҰҰ, еуропа Одағы, еуропа Кеңесі, Америка мемлекеттерінің ұйымы, сонымен қатар, Экономикалық ынтымақтастық және Даму Ұйымы қосылады. Тарихи дамудың қазіргі кезеңінде жемқорлықтың трансұлттылығы бүкіл қоғамдастық қауіпсіздігі үшін төндіретін қауіпті бейтараптандыру үшін халықаралық деңгейде жаһандық шаралар қабылдауды талап етеді. Халықаралық жемқорлыққа қарсы мыналарға бағытталған құқықтық, саяси, ұйымдастырушы шаралар кешені ретінде стратегия қажет:

- 1) қоғамдық жемқорлыққа қарсы көзқарас қалыптастыру;
- 2) жемқорлықтың зияны туралы хабардарлықты көтеру;
- 3) жемқорлық құқық бұзушылықтарды сыныптаудың халықаралық стандарттарын қамтамасыз ету, заң құзыреті әділет параметрлерін унификациялау;
- 4) жемқорлық әрекеттерді айқындау мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін оның алдымен қаржы саласында ашықтық атмосферасын жасау.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті табысты жүргізіп отырған елдерге Дания, Финляндия, Швеция, Жаңа Зеландия, Канада, Нидерланды, Норвегия, Швейцария, Австралия,

¹ Бутков А.В. Зарубежный опыт повышения уровня антикоррупционного правосознания граждан // Актуальные проблемы экономики и права. - 2015 - № 1 (33) - с. 225–232.

² Китова Д., Журавлев А., Соснин В., Юревич А. Коррупция как объект социально-психологических исследований: состояние и перспективы // Социальная и экономическая психология - № 3 (7) - Том 2 - 2017 - с.27 - 28.

³ Марданов А. Коррупционное сознание как одна из главных причин коррупции // Актуальные проблемы экономики и права - № 4 – 2017- с.64-66

Сингапур, Люксембург, Ирландия, Германия, Ұлыбритания, Израиль, АҚШ, Австрия, Исландия, Жапонияны жатқызуға болады.

Жоғарыда аталған елдердегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті ұйымдастырудың кейбір ерекшеліктері - осы елдердің үкіметі сыбайлас жемқорлықты ұлттық қауіпсіздікке төнген қауіп деп қарайды. Сондықтан сыбайлас жемқорлық сырттан төнген және ішкі қауіп ретінде қабылданып, соған байланысты онымен күрес көлемді және кешенді сипат алады.

Мысалы, Нидерландыда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес өзіне мыналарды енгізеді:

- сыбайлас жемқорлыққа бейім тұратын мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарда мониторинг жүйесін енгізу және осы жерлерде қызмет ететіндерді қатаң бақылап отыру. Сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізетін тұлғаларды лауазымға тағайындау;

- сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жазалау жүйесі – бұл мемлекеттік ұйымдарда жұмыс істеуге қатаң тиым салуды және мемлекеттік қызмет ұсынатын барлық әлеуметтік жеңілдіктерінен айыруды көздейді;

- лауазымдық тұлғаның жағымды әрекетін көтермелеу жүйесі – шенеунікке өз қызметін тиімді де адал орындауы үшін материалдық тұрғысынан да, адамгершілік тұрғысынан да жағдай жасау;

- арнайы полиция типіндегі сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі мемлекеттік қауіпсіздік жүйесі.

Жемқорлыққа қарсы өзгерістерді жүргізетін басқа топ институционалдық деп аталады. Бұл топ жемқорлыққа қарсы мүлде басқа күресті көрсетеді. Олардың ойынша, жаңа әдіс, жаңа жолға бар бағдарламаны жойып тастап, нормативтік іс-әрекеттерін өзгерту керек.

Институционалдық жемқорлық өзгерістерге мынадай мысал келтіруге болады: сайлау үрдісіне ашықтық, жариялылық қамтамасыз ету; үкімет жұмысына және орындаушы басшылығына парламенттің бақылауы; сайлау үрдісінде қаржы мәселесіне бақылау жасау; мүлік мәселесін шектеу; мемлекеттік қызметкерлерінің кіріс-табысын, қаржы міндеттерін, шенеуніктердің табысының көтеруін, жылдық қаржы есебін беру, жемқорлыққа қарсы арнайы заң қабылдау, әкімшілік және қылмыстық жазалау тағы басқалар. Сайлаушылардың дауысын сатып алу көптеген мемлекеттерде дәстүрге айналған.

Бұл әдіс АҚШ, Ұлыбританияда және басқа Еуропа мемлекеттерінде 19 ғасырда кең таралған. Қазір осындай шаралар шектелсе де, бүгінде осындай заң бұзушылық байқалады. Испания мен Италияның сайлау үрдісінде басқа шаралар қолданады. ықпалы зор үміткерлерге саяси партиялардың көсемдері «патронаж» деген әдісті пайдаланады. Бұл әдістің маңызы мынада: сайлау кезінде көмектескен адамдарға мемлекеттік органдардан бір пайдалы қызметтерді ұсынады. 1966 жылы тайландта өткен сайлау сайлаушыларға сыйлықтар тарату негізінде өтті. Сондықтан көптеген мемлекеттерде сайлауды өткізу барысында ашықтық талап етіледі. Екіншіден, сайлау компаниясын қаржыландыруды бақылауға алып, нормадан жоғары қаржыландыруға тыйым салынады.

Ботсванада сыбайлас жемқорлықтың қарқынды өсуін тежеуге келесі шаралар көмектесті: шенеуніктердің санын қысқартып, олардың жалақысын көтерді және мемлекеттік мекемелердің құрылымын ықшамдалды, әрі сыбайлас жемқорлықтың кез келген түріне дереу санкция салынды.

ОАР-да бүгінгі күні сыбайлас жемқорлық деңгейі көптеген Еуропа елдеріне қарағанда төмен. Олар қабылданған жаңа заңдардың көмегімен Үкіметті Парламент алдында есеп беруге міндеттеу арқылы, шенеуніктер мен депутаттарға табыстары және басқа да салық төлейтін мүліктері жөнінде декларация тапсыру және мемлекеттік жүйенің ашықтығын қамтамасыз ететін қадамдарды қабылдау жолымен қол жеткізілді.

Израиль сыбайлас жемқорлықтан жеткілікті түрде ерікті мемлекеттердің бірі болып саналады. Ондағы жемқорлыққа қарсы күрес, Нидерланды елінде қолданылатын шараларға қоса, «мониторинг жүргізудің белгілі қайталануы» жүйесі арқылы жүргізіледі. Израильде шенеуніктер үшін едәуір әлеуметтік жеңілдіктер қарастырылған және сыбайлас жемқорлық анықталған жағдайда олар қатаң жазаланатындықтан, төмен деңгейлі жемқорлық жоқ дерлік.

Оның себебі, бұл елдерде мемлекет көп ғасырлы күрес нәтижесінде құрылған.

Францияда лауазымдық тұлғалардың қызмет бабын теріс пайдаланғаны үшін жауапкешілігін реттеу саласында 1983 жылғы 13 шілдедегі «Мемлекеттік қызметкерлердің құқықтары және міндеттері туралы» Заңның және 1992 жылы қабылданып, 1994 жылы қыркүйекте күшіне енген Қылмыстық кодексінің маңызы зор.

«Мемлекеттік қызметкерлердің құқықтары және міндеттері туралы» Заңға сәйкес мемлекеттік шенеунікке «өзін тек қызметке арнау» міндеті жүктелген, бұл Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңы бойынша мемлекеттік қызметкерлердің міндеттеріне ұқсас.

1985 жылы Канадада «Әдеп ережелері» атты кодекс қабылданды. Кодекс паракорлықты - Конституцияны бұзу және мемлекетке опасыздық жасаумен теңестіреді. Параны алған адам да, оны берген адам да қылмыстық жазалауға жатады. Осы ереженің басты мақсаты «қоғамның мемлекеттік аппаратқа және оның қызметкерлеріне деген сенімді арттыру».

АҚШ пен Канададағы мемлекеттік билік жүйесінде сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу мен жолын кесу тиімді әдістерінің бірі:

1. Өз мүддесіне қарай мемлекеттік мүлікті және ресурстарды пайдалануға шектеу қою.
2. Сыйлықтарды алуға тыйым немесе шектеу салу.
3. Үкіметті ведомство немесе министрлік алдына өтініш берген бұрынғы мемлекеттік қызметкерлердің істеріне шектеу қою.

Қорыта айтқанда, АҚШ мен Канада заң жүйелері мемлекеттік қызметте мүдде шиелінісін болдырмайтын әкімшілік кодекс және тәртіптің әдеп қалыптарын қосады, осының нәтижесінде қызметкерлер арасындағы адалдық пен кәсіптіктің ең жоғары деңгейіне жетуін талап ететін мемлекеттік ресурстарды пайдалану. Осындай көргендей, АҚШ пен Канаданың мемлекеттік қызмет туралы заң жүйесі Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметінің қалыптасуына пайдаланған бірқатар тәсілдер бар.

Сыбайлас жемқорлық - қоғам мен мемлекеттің қылмыстық сипат алуы сияқты қауіпті ұғым. Оның жоғары деңгейдегі қоғамдық қауіптілігі - ол мемлекеттіліктің негізін құлдыратып, ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіреді.

Ол бүкіл әлемдік мәселе, соның ішінде Сингапур - Азиядағы сыбайлас жемқорлық құбылысы мардымсыз елдердің бірі. Ол Швейцария мен Австралиядан кейінгі 3 орында деп жарияланған. Арнаулы зерттеулерге жүгінсек, ол 12 Азия мемлекеттерінің ішінде ең аз сыбайласқан мемлекеттердің бірі болып табылады.

Қорыта келгенде, сыбайлас жемқорлықты азайту мақсатында шет мемлекеттердің тәжірибелерін бөлісу керек, Сингапурдың мемлекеттік қызметшілердің еңбекақысы көлемінде есептеуді; мемлекеттік лауазымдық тұлғалардың мүлкі, активтері, және т.б. есеп жүргізуді; сыбайлас жемқорлық жағдайлары туралы хабарлаған адамдар жайлы құпия ақпараттарды қатаң сақтау; мемлекет қызметкерлеріне жеке және заңды тұлғалардан сыйлық алуына тиым салу.

Библиографиялық тізім

1. Гладов А.В. Эффективность антикоррупционной политики: опыт зарубежных государств // Вестник СамГУ – № 10 (111) - 2013 – с. 116 – 120
2. Бутков А.В. Зарубежный опыт повышения уровня антикоррупционного правосознания граждан // Актуальные проблемы экономики и права. - 2015 - № 1 (33) - с. 225–232.
3. Китова Д., Журавлев А., Соснин В., Юревич А. Коррупция как объект социально-психологических исследований: состояние и перспективы // Социальная и экономическая психология - № 3 (7) - Том 2 - 2017 - с.27 - 28.
4. Марданов А. Коррупционное сознание как одна из главных причин коррупции // Актуальные проблемы экономики и права - № 4 – 2017- с.64-66

ӘОЖ 331

Батырбекова Б. К.

заң ғылымдарының магистрі

Еуразия технологиялық университеті,

Алматы қаласы, b.batyrbekova@etu.edu.kz

UDC 331

Batyrbekova B. K.

Master of Laws

Eurasian Technological University, Almaty city

b.batyrbekova@etu.edu.kz

АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТА ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУДЫҢ ЖАЛПЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Азаматтық құқықтағы зияткерлік меншік құқықтарын қорғаудың жалпы ерекшеліктері авторлар мен құқық иелеріне олардың зияткерлік туындыларын қорғауды және бақылау мүмкіндігін қамтамасыз ететін құқықтық қорғау тетіктері мен нақты құқықтық институттарда көрінеді. Осылайша, Азаматтық құқықтағы зияткерлік меншік құқықтарын қорғаудың жалпы ерекшеліктеріне аумақтық принципі, тіркеу қажеттілігі, құқықтарды беру мүмкіндігі және құқықтардың қолданылу мерзімін анықтау кіреді. Бұл ерекшеліктер авторлық және құқық иеленуші мүдделерді қорғауды қамтамасыз етеді және инновациялар мен мәдениеттің дамуына ықпал етеді.

Түйінді сөздер: Зияткерлік меншік, құқықтарды қорғау, Азаматтық құқық, ерекшеліктер, авторлық құқық, сауда белгілері, авторлық құқық, зияткерлік меншікті қорғау, зияткерлік келісімшарттар, бәсекеге қабілеттілік

GENERAL FEATURES OF INTELLECTUAL PROPERTY RIGHTS PROTECTION IN CIVIL RIGHTS

Annotation

The general features of the protection of intellectual property rights in civil law are reflected in the mechanisms of legal protection and specific legal institutions that provide authors and copyright holders with protection and control over their intellectual creations. Thus, the general features of the protection of intellectual property rights in civil law include the principle of territoriality, the need for registration, the possibility of transfer of rights and the definition of the validity period of rights. These features ensure the protection of copyright and copyright interests and contribute to the development of innovation and culture.

Keyword: Intellectual property, protection of rights, Civil law, peculiarities, copyrights, trademarks, copyright, intellectual property protection, intellectual contracts, competitiveness

Зияткерлік меншіктің осы заманға сай түсінігі зияткерлік қызмет нәтижелеріне деген қоғамдық көзқарастардың эволюциялық қорытындысы болып табылады. Тарихтың соңғы 400 – 500 жылдары осыны дәлелдеп келеді.

Зияткерлік меншіктің құрылуы адам қоғамының дамуының тан сәрісінде басталғанына қарамастан (яғни, авторлық құқық), ал оның дамуына (негізінде, өнер

кәсіптік меншіктің) XII ғасырда өнеркәсіптің, ғылым мен білімнің дамуы түрткі болды. Зияткерлік меншікті қорғаудың тұтас жүйесі XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында құрыла бастады.

Зияткерлік меншік терминнің өзі бірден мойындалмады: 1971 жылдың басында өткен Францияның Құрылтай жиналысында өнертабыстар туралы заңды талқылау кезінде өнеркәсіптік меншік термині, содан соң әдеби – көркемдік меншік термині пайда болды. Зияткерлік меншік терминін XVIII және XIX ғасырларда теоретиктер де, заңгерлер мен экономистер де эпизодтық түрде қолданды. Бірақ 1967 жылы Женвада Дүние жүзілік зияткерлік меншік ұйымының (ДИМҰ) құрылуымен бұл термин кеңінен қолданыла бастады. ДИМҰ-ның құрылтай құжаттарына сәйкес зияткерлік меншік құқықтарына: әдеби, көркем және ғылыми туындылар; артисттердің, дыбыс жазудың, радио және теледидарлық арналардың орындаушылық қызметі; адамдық қызметтің барлық өнертабыстары; ғылыми жанаулар; өнеркәсіптік үлгілер; тауарлық белгілер, қызмет ету белгілері, фирмалық атаулар және сауда белгілері; әділетсіз бәсеке қарсы қорғаныс; сонымен қатар, өндірістік, ғылыми, әдеби және көркемдік қызмет аясындағы зияткерлік қызметке қатысты басқа да құқықтар жатады. (Зияткерлік меншіктің дүниежүзілік ұйымының 1967 жылдың 14 шілдесінде стокгольмде қабылданған конвенциясы бойынша).

Кейін ДИМҰ қызметі аясына географиялық нұсқаулар, өсімдіктердің жаңа сорттары және малдың тұқымдары, интегралды микросхемалар, радиобелгілер, ақпарат базалары, домендік аттарға қатысты ерекше құқықтар қосылған болатын. Кейде зияткерлік меншікке әділетсіз бәсеке және сауда құпиясы туралы заңдарды қосады, бірақ олар өздерінің контрукциялары бойынша ерекше құқықтар болып табылмайды.

Сонымен, зияткерлік меншік – тұлғаға уақытша иеленуді, тауарлық белгілерге жұмыс істейтін куәліктерді және жұмыс істейтін патенттерді иемденуді түсіндіреді. Зияткерлік меншік терминінің толық мазмұны көптеген арнайы әдебиеттерде толық айқындалмаған.

Зияткерлік меншіктің субстанционалды негіздерін экономикалық категория ретінде қарастыру күрделі, әрі мәнді мәселе. Зияткерлік меншік ұғымын анықтау кезіндегі туындайтын қиындықтар кейбір себептерге байланысты болып отыр. Біріншіден, экономикалық әдебиеттерде бұл мәселенің жеткіліксіз өңделуі; екіншіден, зияткерлік меншік ұғымының негізінде құқықтық түсініктің басым болуы; үшіншіден, зияткерлік меншік саласындағы құқықтық қатынастарды реттейтін нормативтік және заң актілеріндегі бұл ұғымның қалыптасуының анық еместегі және де «зияткерлік меншік» терминінің өзінің күрделілігінен және көп қырлығынан болса керек¹.

Зияткерлік меншіктің экономикалық талдауы мазмұнының негізгі алғы шарттары келесідей:

1. Зияткерлік қызмет саласында орын алатын экономикалық қатынастар меншік қатынастарының жалпы жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады;
2. Зияткерлік меншік қатынастары жай өз бетімен алынған қатынастар ғана емес, сонымен қатар, зияткерлік қызмет объектілерін иелену қатынастары болып табылады.
3. Зияткерлік меншіктің субстанционалды белгілері оның объектілеріне қарай ерекшеленеді. Бромберг Г.В. Былай деп белгілейді: «Зияткерлік меншік тек зияткерлік шығармашылық қызметтің нәтижелерінің өзі ғана емес, жасалған өнертабыстың пәндік елестеуі түріндегі шығармашылық қызмет нәтижесін қолданудың ерекше құқығы немесе нәтижесінде туындыны қалпына келтіруге мүмкіндік беретін кез келген нысанда

¹ Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы. – 1995 жыл.

жасалаған көркем туындының көшірмесі»¹. Қазақстандық экономикалық ғылымда зияткерлік меншік ұғымы көбінесе зияткерлік қызмет нәтижелерін коммерциялау контекстінде қарастырылады². Бұл авторлар «зияткерлік меншік» категориясын құқықтық резервте қарастырып, инновациялық қызметпен байланыстырады.

Мысалы, Купешова С.Т. Бойынша зияткерлік меншік «инновациялық қызмет нәтижелеріндегі авторлық құқықтардың жиынтығы» болып табылады. Соңғысы түсінікті болып тұр³. Дамудың индустриалды-инновациялық үлгісіне көшу Қазақстан үшін өзекті мәселе екенін ескеретін болсақ, әрине, отандық авторлар зияткерлік меншікті инновациялық қызмет контекстінде қарастыра отырып, өз назарларын нақ осы мәселеге аударады. Сонымен қатар, бұл анықтаманың да кемшіліктері бар.

Біріншіден, зияткерлік меншік бұл жерде инновациялық қызметтің негізі ретінде емес, керісінше, ол логика және құқықтық нормаларға сай келмей тұр. Яғни, зияткерлік қызметтің нәтижелерін өндіріске енгізгеннен кейін, нақтырақ айтсақ, олар инновациялық статусқа ие болған соң ғана меншіктің объектілері болады. Екіншіден, автор зияткерлік меншікті авторлық құқыққа теңестіреді. Соған қарамастан, объектілері патенттік құқықпен қорғалатын өнеркәсіптік меншік зияткерлік меншік құрамына кіретіні белгілі.

«Зияткерлік меншік» ұғымының негізінде құқықтық түсініктің басым болуын тек Қазақстандық авторлардың авторлардың еңбектерінде ғана емес, сонымен қатар шетел авторлардың еңбектерінде де кездестіруге болады. Мысалы, ресейлік зерттеуші Фейгельсон В.М. Зияткерлік меншікке келесідей анықтама береді: «Зияткерлік меншік – бұл жасаушысына(авторына) ресми түрде берілген құжаттар немесе куәліктер (өнеркәсіптік меншік) арқылы немесе авторлық құқықтық анықталған нормалар арқылы қорғалатын ерекше құқықтар арқылы берілген зерделі (зияткерлік) қызметтің материалды айқын нәтижесі»⁴.

Ал Корчагов А.Д. бойынша: «Зияткерлік меншік субъектіге (құқықтық иеленушіге) объектіні шаруашылық айналымына енгізуге мүмкіндік беретінабсолютті құқықты қалыптастырады»⁵.

Экономикалық мазмұнның құқықтық құбылысқа ауысуын басқа авторлардың еңбектерінде де көруге болады. Мысалы, Козырев А. Н. энциклопедиялық сөздіктерге сүйене отырып: «Зияткерлік меншік- бұл зияткерлік қызметке қатысты авторлық және басқа да құқықтарды қамтитын құқықтық түсінік» дейді.

Кокурина Д. И. Зияткерлік меншік ұғымына келесідей анықтаманы ұсынады: «Зияткерлік меншік- бұл зияткерлік қызметтің және меншік иесіне табыс әкелетін оның нәтижесі субъектісінің зияткерлік қабілеттерінің бірлігі.». Зияткерлік меншік ұғымы экономикадағы атқаратын рөлі мен тікелей байланысты. Мысалы, Ресейлік авторлар: «Зияткерлік меншік- бұл технологияларды тапсыру шарты және өнеркәсіптегі ғылыми қызметтің нәтижелеріне деген бұл сұраныстың нәтижесі» деп белгілейді. «Зияткерлік меншік кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін маңызды стратегиялық ресурс болып табылады». «Зияткерлік меншік кәсіпорынның ауқымы кең экономикалық мақсаттарын шешетін көп функционалды құрал болып табылады. Оның максималды қолдану арқылы кәсіпорындар маңызды бәсекелік артықшылықтарға және көрнекті қаржылық нәтижелерге ие бола алады».

Жоғарыдағы келтірілген анықтамалар белгілі бір дәрежеде зияткерлік меншіктің мазмұнын кедейлендіреді десек те болады. Алайда, зияткерлік меншіктің функционалды мәселесіне көбірек назар аудару- бұл жағдайдың жағымды жағы болып отыр.

¹ Сборники «Гражданское законодательство». Статьи Коментарии. Практика. Выпуски 1-22. Алматы, 1997-2005.

² Авдюков М.Г. Судебное решение. – Москва. – 1959.

³ Анасова С. Гражданский процессуальный кодекс Чехословакий. // Советская юстиция, 1964, №11.

⁴ Гражданский процессуальный кодекс. Комментарий. Под.ред.М.К.Треушников. Москва. – 1996

⁵ Гурвич М.А. Основные черты гражданского процессуального правоотношения. // Сов.Гос и право,1972, №2.

Соңғы жылдары экономикалық әдебиеттерде де, құқықтық әдебиеттерде де зияткерлік меншіктің негізін тоғысу категориясы ретінде қарастырыла бастады. Бұл жерде зерттеушілердің индустриалы- инновациялық қызметтегі белсенді даму үстінде үдністер жағдайында зияткерлік меншік феноменінің маңыздылығын ұғынуы түрткі болғаны айқын. Олардың кейбіреулерін қарастырайық: «Меншік – иелікті, рұқсатты шектеуді, біреуге тапсыруды, бақылауды және жауапкершілікті анықтайтын өзің иелік ететін ерекше құқықтарға ие болу. Бұл қатынас зияткерлік меншікке қатысты, бірақ олардың орындалуы белгілі бір ерекшеліктерге байланысты. Яғни, зияткерлік меншік объектілері көбінесе тапсырылмайды, тек беріледі. Сонымен, олар иелерін ауыстырып қана қоймайды, материалды игілік сияқты санын ұлғайтады».

«Кең мағынада зияткерлік меншік – бұл зияткерлік өнімге баланысты адамдар арасындағы қарым-қатынастар және жасалған ақпарат пен адамның ішкі рухани дүниесін қорғау., ал тар мағынада, зияткерлік меншік деп, зияткерлік еңбек өніміндегі құқық және адамның еркін қоғамдық қызметі»¹.

Зияткерлік меншікті экономикалық категория ретінде негіздеу үшін біз бірнеше белгілерді қолдануымыз қажет. Бұл зияткерлік меншік түсінігінің көп қырлылығымен және біздің зияткерлік меншік ұғымын жүйе ретінде қолдануымызбен түсіндіріледі.

Кейбір Қазақстандық авторлар негізгі белгілері ретінде келесілерді бөліп көрсетеді:

- иелену, себебі, өндірістік үдеріс әрқашан бір субъектілерді игіліктерін иеленумен және басқалардан тәркіленуімен байланысты;
- адамдардың игілік жөнінде қарым-қатынастары (субъектінің субъектіге);
- адамдардың игілікке деген қарым-қатынастары (субъектінің объектіге).

Шын мәндісінде, соңғы белгі бізге таза күйінде зияткерлік меншікке неғұрлым барабар құқықтық бағалауды беріп отыр.

Біріншіден, субъектілердің зияткерлік қызметінің нәтижелеріне және құралдарына деген қатынасы инновациялық қызметтің шарты болып табылады.

Екіншіден, зияткерлік меншік объектілеріне деген меншік иелері мен үшінші жақтардың қатынастары зияткерлік меншік институтының цивилизациялық деңгейін және индустриалды-инновациялық саланың дәрежесін сипаттайды.

Үшіншіден, жеке тұлғалардың зияткерлік меншік объектілеріне деген қатынастары иелену мәдениетінің даму деңгейін және инновациялық мәдениеттің деңгейін сипаттайды.

Сонымен, зияткерлік меншік зияткерлік еңбек нәтижелерін және құралдарын иелену, басқару және пайдалану жөніндегі әлеуметтік - экономикалық және құқықтық қатынастарды көрсетеді.

Қазіргі инновациялық экономика жағдайында зияткерлік меншік меншіктің негізгі түріне айналуға, себебі, өндірісте білімді, инновациялық және шығармашылық қабілеттерді қолдану инновациялық және экономикалық өсудің шешуші факторы болып табылады.

Сонымен қатар, зияткерлік өнімге меншік – ақиқаттың түпкі мәніндегі экономикалық құбылыс емес, экономикалық және құқықтық қатынастардың күрделі және белсенді даму үстіндегі жүйесі. Орехов А.Н зияткерлік меншікті келесідей түрлерге бөледі²:

«Субъектілі – жалпыға белгілі» зияткерлік меншік дәл сол уақытта тек жеке субъектіге ғана емес, сонымен қатар басқа адамдарға да (барлығына немесе кейбіреулеріне ғана) белгілі болатын білімге меншік; меншік субъектісінің санасындағы білім. Мысалы, оқушының ойындағы химиялық формула зияткерлік меншіктің осы түрі болып табылады. Бұл формула басқа оқушыларға да, мұғалімге де белгілі.

«Субъектілі – жаңадан ашылған» зияткерлік меншік – дәл сол уақытта ешкімге белгісіз, тек бір субъектінің санасында болатын білімге меншік. Мысалы, Менделеев Д.И.-

¹ Полумордвинов Д.М. Мотивы судебного решения. – Москва. – 1988.

² Радюков. Судебное решение. – Москва. – 1959.

дің химиялық элементтер кестесінің ашылуы субъектілі – жаңадан ашылған зияткерлік меншік болып табылады. Себебі, дәл сол уақытта ол туралы әзірге ешкім білмеген.

«Объектілі – жалпыға белгілі» зияткерлік меншік – дәл сол уақытта жаңа субъектілерге белгілі, сонымен бірге олардың саналарынан тыс бір заттық қорапта бар болатын білімге меншік. Мысалы, кітапта, мектептік дәптерде және т.б. жазылған химиялық формула.

Қазақстан Республикасының конституциялық заңнамасы (Конституция, «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» конституциялық заң) Үкіметтің мәртебесін реттейді: ол Қазақстан Республикасының атқарушы билігін жүзеге асыратын, атқарушы билік жүйесін басқаратын алқалы орган болып табылады. органдар және олардың қызметіне басшылық ету. Заңнамаларды егжей-тегжейлі зерделеу Үкіметтің орталық атқарушы органдардан бөлінуінің тұрақты тенденциясын көрсетеді².

Мемлекет құрылысының әлемдік тәжірибесінде былай делінген: атқарушы билікті мемлекет үкімет және оның жергілікті органдары арқылы жүзеге асырады. Жергілікті атқарушы билік не орталықтан тағайындалатын жергілікті атқарушы билік органдары, не сайланбалы жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырылады³.

Әдетте, демократиялық дамыған мемлекеттерде мемлекеттік органдар жүйесі дамыған типке сәйкес қалыптасады⁴.

Қазақстан Республикасында атқарушы билік органдары жүйесі төрт деңгейден тұрады: Қазақстан Республикасы мемлекеттік билігінің жоғары атқарушы және әкімшілік органы – Қазақстан Республикасының Үкіметі; Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары: министрліктер, ведомстволар, комитеттер, Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдар; жергілікті атқарушы органдар – облыстардың, қалалардың,

¹ Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз (2022.19.09. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) (zakon.kz)

² Сапарғалиев Г.С., Баймаханов М.Т. Концепция совершенствования конституционного законодательства, государственного и общественного устройства Республики Казахстан // Теоретические проблемы развития системы законодательства Республики Казахстан: тенденции и перспективы: материалы международной научно-практической конференции. - Астана: ТОО «Ин-т зак-ва РК», 2007 - С.26-69.

³ Исполнительная власть в Российской Федерации; Научно-практическое пособие / Под ред. А.Ф. Ноздрачева, Г.О.А. Тихомирова: -М., 1996.- 257с.

⁴ Кененова И.П. «Вертикаль исполнительной власти» и некоторые конституционно-правовые проблемы современного цикла развития власти в России // Государственная власть и местное самоуправление. -2007.— №3. - С. 3-10.

аудандардың, ауылдық округтердің әкімдіктері; кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың әкімшілігі¹.

Үкіметті Конституцияға сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті құрады. Қазақстандағы орталық мемлекеттік органдарға немесе атқарушы билік органдарына министрліктер, ведомстволар мен ведомстволар (комитет, бас департамент, агенттік, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы инспекция немесе ведомство және т.б.) жатады.

Министрліктерге атқарушы биліктің жоғары органдары ретінде елдегі тиісті билік тармақтарын басқару өкілеттігі берілген. Аталған атқарушы билік органдарын құру тәртібі заңмен айқындалады: министрліктер мен ведомстволар құрылады және таратылады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті қайта құрады. Министрліктердің қызметі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін арнайы ережелер нормаларына негізделеді. Министрлік және агенттік туралы ереженің мазмұны міндеттерді, функцияларды, құзыреттерді реттеуді қамтиды, қызмет аясын, құрылымын, басқа да қажетті мәселелерді анықтайды².

Ведомстволар орталық мемлекеттік органдардың бір түрі болып табылады. Ведомстволардың ұйымдастырылуы мен қызметінің ерекшелігі, ең алдымен, олардың өз өкілеттіктерін министрліктерге немесе мемлекеттік комитеттерге қарағанда тар салада жүзеге асыруында. Заңнамада ведомстволарды Президент құрады, таратады және қайта ұйымдастырады, ал басшыларын Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады деген ережені белгілейді.

Жергілікті атқарушы органдар тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер әкімдерінің мекемелері болып табылады. Олар Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің өкілдері. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астаналардың әкімдерін қызметке Премьер-Министрдің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті, ал өзге де әкімшілік-аумақтық бірліктердің әкімдерін өздерінен жоғары тұрған әкімдер тағайындайды.

Жергілікті атқарушы органдардың құзыретіне мыналар жатады:

- аумақты дамытудың жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті әзірлеу және олардың орындалуын қамтамасыз ету;
- коммуналдық меншікті басқару;
- аумақтың осы әкіміне жүктелген атқарушы биліктің басқару аппаратын қалыптастыру және олардың жұмысын ұйымдастыру;
- өз құзыреті шегінде бұйрықтар мен басқа да нормативтік құқықтық актілер шығарып, олардың орындалуын бақылай алады³.

Сонымен, атқарушы билік органдары жүйесі – бұл олардың арасындағы құзыретті бөлу негізінде бағынатын және атқарушы билікті жүзеге асыру процесінде біртұтас бірлікті құрайтын ұйымдық-құқықтық нысаны бойынша әртүрлі органдардың заңды түрде реттелген, ішкі дәйекті жиынтығы. Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында. Бұл жүйе өзінің тік иерархиялық құрылымы мен көлденең деңгейлері бар және мемлекеттік саясатқа сәйкес құқықтық негізде әлеуметтік процестерді күнделікті жедел басқаруды ұйымдастыратын күрделі формация ретінде әрекет етеді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік биліктің дербес тармағы болып табылады және мемлекеттің атқарушы билігін білдіреді. Сондықтан Конституция Үкіметтің мемлекеттік билік жүйесіндегі орнын айқындайды, биліктің басқа тармақтарымен –

¹ Амандыкова С.К. Становление доктрины конституционализма в Казахстане: автореф. ... докт. юрид. наук: 12.00.02. - Алматы, 2005. - 47 с

² Черняков А.А. Конституционное право: эволюция отраслевого содержания: монография. - Алматы, 2007. - 340 с.

³ Алибаева Г.А. Исполнительная власть в РК: стратегия модернизации - Монография. - Алматы, 2015.- 287с.

Парламентпен, Президентпен қарым-қатынасының нормативтік-құқықтық негіздерін, сондай-ақ тежемелік және тепе-теңдік механизмін белгілейді. Үкіметтің сот жүйесімен де белгілі бір құқықтық байланысы бар. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Үкімет жоғары алқалы атқарушы орган болып табылады.

Министрліктердің, әдетте, екі жақты бағынатын аумақтық бөлімшелері болады: тігінен тиісті министрлікке және көлденеңінен жергілікті әкімшілікке (мысалы, білім басқармалары, қаржы басқармалары және т.б.).

Министрліктер өз құзыреті шегінде заңдардың және мемлекеттік билік пен басқарудың жоғары тұрған органдарының өзге де шешімдерінің, Президент жарлықтарының негізінде және оларды орындау үшін актілер шығарады. Министрліктердің актілері бұйрықтар, нұсқаулар, нұсқаулар түрінде шығарылады.

Агенттік Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады, Үкіметтің құрамына кірмейді. Оны Республика Премьер-Министрінің ұсынысы бойынша Республика Президенті құрады, қайта ұйымдастырады және таратады. Агенттік мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына), сондай-ақ заңнамада көзделген шектерде салааралық үйлестіру және өзге де арнаулы атқарушы-рұқсат беру функцияларын (мысалы, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі, Агенттік) басқарады. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі, Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі және т.б.). Агенттіктің құрылымын оның басшысы, төраға бекітеді және, әдетте, департаменттер мен басқармалардан тұрады. Агенттіктің актілері агенттік төрағасының бұйрықтары болып табылады.

Ведомство – министрлік құрамындағы жеке салааралық, басқарушылық немесе арнаулы салалық функцияларды жүзеге асыратын орган. Көбінесе бұл рұқсат беру, бақылау және қадағалау функциялары.

Атқарушы билік өзінің конституциялық формуласында үйлесімді әлеуметтік, экономикалық, саяси қатынастар мен рухани құндылықтардың көрінісі болуы керек. Ол мемлекеттік билікке қатысты конституциялық және басқа да нормалардың тиімділігін барынша дәл анықтайды, заңнамаға өзгерістер енгізуге бастамашылық жасайды, ондағы кемшіліктер мен олқылықтарды жояды, бүкіл заңды органның толық және уақтылы дамуын қамтамасыз ету тетіктерін ұсынады және қолданады, қақтығыстардың алдын алу үшін басқару құралдарын әзірлейді. мемлекеттік билік жүйесінде оның конституциялық құндылығын арттыру. Қоғамдық құндылықтар болып табылатын осы және басқа да оң талаптарды сақтау конституциялық деңгейдегі құндылық сапаға ие болу үшін мемлекеттік билікті үйлестіру принципінің шарты болып табылады. Басқаша айтқанда, конституциялық құндылықтың өзі болу.

Қорытынды

Сонымен, Қазақстан Республикасының жоғары атқарушы органы Үкімет болып табылады. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Үкімет Қазақстан Республикасының атқарушы билігін жүзеге асырады, атқарушы органдар жүйесін басқарады және олардың қызметіне басшылық жасайды. Үкімет өзінің барлық қызметінде Қазақстан Республикасы Президентінің алдында жауапты. Қазақстандағы орталық мемлекеттік органдарға немесе атқарушы билік органдарына министрліктер, ведомстволар мен ведомстволар (комитет, бас департамент, агенттік, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы инспекция немесе ведомство және т.б.) жатады. Атқарушы билікті ұйымдастыру принциптері басқару аппаратын ұйымдастыру және пайдалану процесінде қолдану тұрғысынан алғанда тең емес. Олардың кейбіреулері тұтастай жүйенің құрылысы мен жұмыс

істеуінің іргелі факторлары болса, басқалары органдар топтарының, жеке органдардың және олардың құрылымдық бөлімшелерінің ұйымдастырылуы мен жұмысы болып табылады. Бұл жағдайда ең жалпы факторлар нақтыларға негіз болады, ал соңғылары іргелі қағидалар шеңберінде әрекет етеді.

Библиографиялық тізім:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз (2022.19.09. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) (zakon.kz)
2. Сапарғалиев Г.С., Баймаханов М.Т. Концепция совершенствования конституционного законодательства, государственного и общественного устройства Республики Казахстан // Теоретические проблемы развития системы законодательства Республики Казахстан: тенденции и перспективы: материалы международной научно-практической конференции. - Астана: ТОО «Ин-т зак-ва РК», 2007 - С.26-69.
3. Исполнительная власть в Российской Федерации; Научно-практическое пособие / Под ред. А.Ф. Ноздрачева, Г.О.А. Тихомирова: -М., 1996.- 257с.
4. Кененова И.П. «Вертикаль исполнительной власти» и некоторые конституционно-правовые проблемы современного цикла развития власти в России // Государственная власть и местное самоуправление. -2007.—№3. - С. 3-10.
5. Амандыкова С.К. Становление доктрины конституционализма в Казахстане: автореф. ... докт. юрид. наук: 12.00.02. - Алматы, 2005. - 47 с.
6. Черняков А.А. Конституционное право: эволюция отраслевого содержания: монография. - Алматы, 2007. - 340 с.
7. Алибаева Г.А. Исполнительная власть в РК: стратегия модернизации - Монография. - Алматы, 2015.- 287с.

ӘӨЖ 342.53

Төлеубеков А.Т., заң ғылымдарының кандидаты, PhD,
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды
университеті, Қарағанды қ.
a.toleubekov@etu.edu.kz

UDC 342.53

Toleubekov A.T., candidate of legal science, PhD,
Karagandy University of the name
of academician E. A. Buketov", Karaganda
a.toleubekov@etu.edu.kz

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ БАҚЫЛАУ ФУНКЦИЯСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аннотация

Мақала парламенттік бақылауды айқындау проблемаларына және оны Қазақстан Республикасында іске асыру ерекшеліктеріне арналған. Мақалада парламенттік бақылаудың түсінігі мен негізгі элементтері, оның бақылаудың өзге түрлерімен арақатынасы, парламенттік бақылаудың субъектілері мен объектілері, парламенттік бақылаудың

нысандары қарастырылады, Қазақстан Республикасы Парламентінің бақылау өкілеттіктері талданады. Жүргізілген зерттеу барысында Қазақстан Республикасында парламенттік бақылауды жетілдіру жөнінде ұсыныстар тұжырымдалды.

Түйінді сөздер: Парламент, Қазақстан Республикасының Парламенті, Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі, парламенттік бақылау, парламенттік бақылау субъектілері, парламенттік бақылау объектілері, парламенттік бақылау нысандары.

CONSTITUTIONAL AND LEGAL BASIS OF THE CONTROL FUNCTION OF THE PARLIAMENT OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Abstract

The scientific article is dedicated to the problems of the definition of parliamentary control and features of its implementation in the Republic of Kazakhstan. The article describes the concept and the basic elements of parliamentary control, its relations with other forms of control, subjects and objects of parliamentary control, the forms of parliamentary control. Enforcement powers of the Parliament of the Republic of Kazakhstan are also analyzed. During the research process, proposals of improving of parliamentary control in the Republic of Kazakhstan are determined.

Key words: Parliament, the Parliament of the Republic of Kazakhstan, the Senate of the Parliament of the Republic of Kazakhstan, the Majlis of the Parliament of the Republic of Kazakhstan, parliamentary control, the subjects of parliamentary control, the objects of parliamentary control, the forms of parliamentary control.

Парламенттік институттардың қалыптасуы елдің саяси жүйесін демократияландырудың құрамдас бөлігі болып табылады және мемлекеттік билік институттарын реформалаудың жалпы процесіне кіреді. Мемлекеттік биліктің үш тармағындағы кідірістер мен қайшылықтар жүйесінде өзара байланысқан бұл институттардың тұтастай құрылымы парламентаризмнің өз феноменін қалыптастырады. Парламентаризм мәселесін саралай отыра, жекелеген Парламенттің тек заң шығарушы ғана емес, бақылау өкілеттіктері де берілгеніне назар аудару қажет. Бұл орайда Парламенттің бақылау қызметін жетілдіру арқылы мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық жаңғырту үрдісіне қосар үлесін арттыру өзекті мәселе.

Тақырыптың өзектілігі, ең алдымен қоғамның объективті қажеттілігін қамтамасыз ету мақсатын көздейтін, 30 тамыз 1995 жылы Республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясында бекіген базалық құндылықтар мен қағидалардан және олардың мәнінен туындайды. Атап айтар болсақ, Республика Парламентінің бақылау функциясы «халық билігі», «билік бөлінісі», «адам және адам өмірінің, құқықтары мен бостандықтарының ең қымбат қазына ретінде танылуы», «заңның үстемдігі» сияқты қағидалармен қатар, Қазақстан Республикасының «егеменді», «тәуелсіз» қасиеттерінен және өзін Конституцияда айқындалғандай «демократиялық», «зайырлы», «әлеуметтік», «құқықтық», «унитарлы» мемлекет ретінде орнықтыру мақсаттарынан туындайды. Аталған конституциялық қағидалар мен мұраттарды іс жүзінде асыру мемлекеттік билік органдарына және олардың қызметіне парламенттік бақылау орнатуды болжайды. Ол «тепе-теңдік және тежемелік» қағидасын сақтай отырып елдегі конституциялық құрылыстың орнықты дамуын қамтамасыз етеді және биліктің бір қолға шоғырлану қаупінің алдын алады. Себебі «құқықтық мемлекетте ерекше жауаптылық парламент және оның депутаттарына жүктеледі»¹.

¹ Зиманов С.З. Конституция и Парламент Республики Казахстан. – Алматы: Жеті Жарғы, 1996. – 352б.

Парламенттік бақылауды жүзеге асыру бүгінгі таңда демократиялық мемлекеттерде заң шығарушы (өкілді) органның маңызды қызметі ретінде қалыптасқан. Белгілі мажар конституционалисті А. Шайоның пікірінше «Парламенттік бақылаудың маңыздылығы соншалық, оның болмауы конституциялық жүйенің күйреуіне алып келетін себептердің бірі болып табылады»¹.

Парламенттік бақылаудың маңыздылығы сонда, ол қолданыстағы заңдардың іске асуына, адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуына, мемлекеттік механизмнің орнықты жұмыс істеуіне және ең бастысы атқарушы билік қызметінің тиімділігін арттыруға үлкен үлес қосады. Сондықтан да парламенттің бақылау функциясы оның заң шығару функциясының маңыздылығынан ешбір кем бағаланбайды.

Қазақстан Республикасында парламенттік бақылау мемлекеттік-құқықтық институт ретінде мейлінше баяу дамуда әрі елдегі демократиялық институттардың жетілмеуі себепті әсері төмен, тіпті кейбір жағдайларда тиімсіз шара ретінде танылып қалып жатады. Парламенттік бақылаудың бастапқы мағынасы бақылау өкілеттіліктерін парламенттің тікелей өзі іске асыруын білдіреді. Алайда әлеуметтік процестердің күрделенуі себепті біртіндеп парламентпен құрылатын, бірақ оның құрамына жатпайтын арнайы органдар арқылы парламенттік бақылау жүзеге асырыла бастады. Қазақстанда мәні бойынша парламентке тиесілі мұндай өкілеттіліктер әліде болса толық танылмай отыр немесе өзге де мемлекеттік органдардың құзырына жатқызылған. Атап айтар болсақ Адам құқықтары жөніндегі уәкіл (омбудсмен) парламенттен тыс (Республика Президентімен) жасақталады, ал сайлау жүйесін және республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау, сондай-ақ мемлекеттік маңызды органдарды қалыптастырудағы кадрлық саясат сұрақтары ішінара сипатта ғана парламенттік бақылауға ие.

Өкілді билік институтының тәуелсіз Қазақстан жағдайындағы дамуы бірқатар реформаларды бастан кешірді. Қазақстандық парламентаризмнің конституциялық-құқықтық базасы мемлекеттегі конституциялық реформалардың әсерінен ғана толықтырылып отыр. Мұндай конституциялық реформаларға 30 тамыз 1995 жылы қабылданған қолданыстағы Республика Конституциясына енгізілген 1998 жылғы, 2007 жылғы, 2019 жылғы және 2022 жылғы өзгерістер мен толықтыруларды жатқыза отырып, олардың айтарлықтай ықпалы болғандығын бекітеміз. Әсіресе соңғы конституциялық реформа, Республика Конституциясының мәтініне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Республика Парламентінің саяси-конституциялық мәртебесін аша түсумен қатар, атқарушы билікке қатысты бақылау өкілеттіліктерінің мазмұнын кеңейтті. Алайда тарихи қалыптасқан отандық парламенттік дәстүрдің болмауы себепті парламенттің кейбір бақылау өкілеттіліктері оның мәніне сай іске аспай жатады. Сондықтан да мұндай мәселелерді дамыған шет мемлекеттердің тәжірибесін зерделеу арқылы шешуге ұмтылу – тақырыптың өзектілігін бекіте түседі деп есептейміз.

Парламенттің бақылау өкілеттіліктерін «функция» түсінігінің көлемі мен мазмұны тұрғысынан келіп зерттеу – конституцияның ғылыми әлеуетін тиімді іске асыруға жол бастайды. Парламенттің бақылау өкілеттіліктерін жетілдірудің құқықтық негіздерін айқындауға және белгілеуге үлес қосады.

Парламенттің бақылау функциясының іске асуы көп жағдайда саяси факторға, яғни парламенттік азшылықтың (оппозицияның) болуына тәуелді және оның орын алуын болжайды. Парламент құрылымында оппозициялық азшылық болғанда ғана парламенттік бақылау механизмі іске қосылып, тиімді жұмыс істейді. Қазақстандық парламентаризм дамуының ағымдағы саяси ерекшелігі ретінде парламенттік азшылықтың жоқтығын

¹ Шайо А. Самоограничение власти (краткий курс конституционализма): Пер. с венгр. – М.: Юристъ, 1999. – 292 с.

атауымызға болады. Сол себептіде, парламенттің саяси сипаттағы бақылау функцияларына қарағанда, ағымдағы парламенттік бақылауда жиі қолданылатын парламенттік тыңдау, «үкімет сағаты», депутаттық сауал мен сұрақ сияқты оны іске асыру механизмдеріне арнайы тоқталу объективті әрі уақтылы көтеріліп отырған маңызды мәселе деп санаймыз.

Қоғамдық қатынастар дамуының Қазақстандағы қазіргі жағдайы бірқатар ерекшеліктерге ие. Демократиялық институттардың қалыптасуындағы қарама-қайшылықтар, экономикалық дамудағы ұлттық қауіпсіздік және адам құқықтары мен бостандықтары саласындағы жетістіктер мен кемшіліктер бүгінгі таңда өкілді орган тарапынан ресми «парламенттік баға» беруді сұранып отыр. Осы себепті қазақстандық парламентаризм дамуының 1990-1995жж. аралығын қамтитын кезеңдегі Республика Жоғарғы Кеңесінің тергеу комиссияларын ұйымдастыру фактілері, қазіргі Парламентке тергеу жүргізу құқығын жаңғыртуға парламенттік дәстүр тұрғысынан негіз болып табылады. Сонымен қатар, Парламенттік тергеуді заң қабылдау арқылы енгізу – парламенттік бақылаудың ағымдағы кезек күттірмейтін мәселесі ретінде қарастырылады деп есептейміз.

Парламенттің бақылау функциясын жетілдіру – бүгінгі қазақстандық парламентаризм дамуының жетекші әрі болашағы бар бағыты екенін ескере отыра, бұл феноменнің түпкі мәселелеріне, анық айтқанда қағидаларына тоқтағаймыз.

Парламенттің бақылау функциясын іске асырудағы заңдылық қағидасының негізгі мағынасы – заңның орындалуын бақылаушы орган осы қызметті іске асыру барысында өзі заңды бұзбауы керектігін білдіреді. Француз ғалымы Ж.-Л. Бержельдің пікірі ойымызды қуаттайды: «Хорошо известно, что когда существует контроль за конституционностью законов, законодатель сам вынужден соблюдать фундаментальные принципы»¹. Демек, осы мәнде заңдылық қағидасы тек құқықтық қырынан ғана танылмайды, ол сонымен бірге парламенттік бақылаудың заң талаптарын сақтауда атқарушы органға үлгі болуын қабат талап ететін моральдық-өнегелік ұсыныс екендігін бекіте түседі.

Парламенттің бақылау функциясын объективтілік қағидасы негізінде іске асыру, бірін-бірі толықтыратын екі элементті қамтиды, олар: бірінші, парламенттің бақылау функциясын іске асырушы органдар қызметінің объективті қажеттіліктен туындауы болса, екіншісі, бағалаудың объективтілігі. Яғни, тексеру, тергеу не өзге де бақылаушылық сипаттағы шаралар барысында мәлім болған фактілер ғана бағалануы қажет.

Алайда парламенттің бақылау функциясын іске асыратын субъектілердің тәуелсіз қызмет етуіне мүмкіндік жасалмай, оның объективті болуы туралы сөздің көтерілуі екіталай мәселе. Сондықтанда объективтілік қағидасының жүзеге асуы үшін парламенттік бақылау органдарының тәуелсіз болуы қағида деңгейінде танылады.

Парламенттік бақылау органдарының тәуелсіз болуы қағидасы оның тек сыртқы факторлардан ғана емес, сонымен бірге бақылаудың объективті болуына кедергі келтіретін өзге де ішкі факторлардан сақтандыруды қамтиды. Мәселен тексерілетін субъектінің парламенттік бақылау органдарының мүшелерімен туыстық қатынаста болуы немесе өзге де ортақ мүдделерінің орын алуы бақылаудың тәуелсіз болуына нұқсан келтіреді. Тексерілетін субъектімен арадағы ортақ мүдде негізінен материалдық сипатта көрініс тауып жатады. Алайда, ортақ мүддеге бақылаудың шынайылығына кедергі келтіретін кез-келген ықпал ету амалдарын жатқызамыз. Сондай-ақ парламенттік бақылаудың тәуелсіздігі оның объектісінің тәуелділігін білдірмейді. Мұндай жағдайда бақыланушы объектінің қалыпты қызметі бұзылады, тиімділігіне нұқсан келеді. Осы орайда француз ғалымы Р. Драгоның пікірі қызықты әрі назарға аларлық: «Может показаться парадоксальным, что поддержка идеи подчинения администрации политической власти сочетается с утверждением о ее независимости от последней. Но здесь нет противоречия. В сфере своей деятельности

¹ Бержель Ж.-Л. Общая теория права / Под. общ. ред. В.И.Даниленко / Пер. с фр. – М.: Издательский дом NOTA BENE, 2000. – 576 с.

администрация должна быть независимой, или полная самостоятельность действия является залогом эффективности»¹. Сондай-ақ тәуелсіздік қағидасы мемлекеттік билік тармақтарының бір-бірінен абсолютті тәуелділікте болатындығын орнықтырмауы тиіс. Бұл орайда Г.В. Гегельдің келесі пікірі назар аударарлық: «Представление о так называемой независимости властей друг от друга заключает в себе ту основную ошибку, что независимые власти тем не менее должны ограничивать друг друга. Но посредством же этой независимости уничтожается единство государства, которое надлежит требовать прежде всего»². Бір сөзбен айтқанда мемлекеттік билік тармақтарының біртұтастығы қағидасына нұқсан келтірмеуі қажет.

Толықтылық және жан-жақтылық қағидасы парламенттік бақылау органдарының тексеру, тергеу не өзге де бақылаушылық сияптағы шараларды ұйымдасыруда істің мән-жайына қатысты сұрақты түгелдей қамтудан тұрады. Мұндай жағдайда тек шындыққа сай фактілер ғана негізге алынуы тиіс. Толықтылық және жан-жақтылық қағидасы парламенттік бақылаудың объективтілігіне тікелей ықпал етеді, сондай-ақ парламенттік бақылау органдары мен олардың жекелеген мүшелерінің құзыреттілігін (компетенттілігін) қажет етеді.

Аталмыш мәселе бойынша шет елдерінің нақты практикалық тәжірибесіне қарайтын болсақ, мәселен, Ұлыбритания парламентінде парламенттік тергеуді Қауымдар палатасының жанынан құрылған мамандандырылған тұрақты комитеттер жүзеге асырады. АҚШ Конгресінің тәжірибесін негізге ала отырып 1979 жылы Ұлыбританияның Қауымдар палатасы министрліктер мен ведомстволардың қызметін тексеру және тергеу мақсатында сала бойынша мамандандырылған тұрақты комитеттерді құрды³. Қазіргі кезде олардың саны он төрт және олар негізінен министрліктердің санына сәйкес анықталып отырады. Бүгінде келесідей комитеттер жұмыс істейді: қорғаныс; ішкі істер; сыртқы істер; қаржылық және азаматтық қызмет; энергетика; өндіріс және сауда; көлік; ауылшаруашылығы; демография; қоршаған орта; білім, ғылым және өнер; әлеуметтік істер; шотланд істері саласы; валлистер ісі бойынша құрылған комитеттер. Сондай-ақ еуропа заңнамалары бойынша, заң шығару өкілеттілігі берілген заңнамалар бойынша, жария есептер бойынша, парламент уәкілінің ісі бойынша құрылатын арнайы комитеттер де өз құзыреті аясында тергеу жүргізе алады.

Ресейлік зерттеуші Д.Б. Трошев парламенттік тергеудің төрт сатысын тарқатады және оларды міндетті сатылары деп белгілейді:

- 1) парламенттік тергеуді қозғау;
- 2) тергеу жүргізуге әзірлік;
- 3) ақпараттарды жинау және талдау;
- 4) баяндаманы жария ету⁴.

Зерттеуші парламенттік тергеуді қозғау сатысына келесі кезеңдерді жатқызады: парламенттік тергеуді қозғау туралы бастамашылық көтеру; парламенттік тергеуді қозғау туралы шешім қабылдау; парламенттік комиссияны жасақтау.

¹ Драго Р. Административная наука. / Пер. с фр. к.ю.н. В.Л.Энтина; Под ред. и послесловием д.ю.н. Б.М.Лазарева. – М.: Прогресс, 1982. – 245 с.

² Гегель Г.В.Ф. Философия права / Пер с. нем.: Ред. и сост. Д.А. Керимов и В.С. Нерсисянц. – М.: Мысль, 1990. – 524 с.

³ Лафитский В.И. Контрольные полномочия Конгресса США // Институты конституционного права иностранных государств / Отв. ред. д.ю.н. Д.А.Ковачев. – М.: Городец-Издат, 2002. – 496 с.

⁴ Трошев Д.Б. Парламентские расследования как форма контроля Федерального Собрания Российской Федерации за деятельностью федеральных органов государственной власти: дисс. ...канд. юрид. наук: 12.00.02. – М., 2008. – 181 с.

Парламенттік тергеуді өткізу сатысына: комиссия хатшысын сайлау; комиссия аппаратын жасақтау; жұмыс тобын құру; регламент қабылдау; комиссияның жұмыс жоспарын әзірлеу және бекіту.

Ақпаратты жинау және талдау сатысы ақпаратты жинау мен оны жүйелеу, бағалау кезеңдерінен тұрады.

Соңғы сатысы баяндаманы (қорытындыны) әзірлеу және оны жария ету кезеңдерінен тұрады.

Қазақстандық парламентаризм тарихының сахнасында бір кездері болған және үлкен саяси қызығушылық тудырған парламенттің тергеу жүргізу комиссиясы бүгінгі таңда да өзектілігін жойған жоқ. ТМД құрамына кіретін көршілес мемлекеттерде де бұл институт соңғы жылдары қайта қалпына келтіріліп, маңызды мәселелер бойынша жұмыс істеуде. Мәселен, Ресейде 27 желтоқсан 2005 жылы «РФ Федералды Жиналысының парламенттік тергеуі туралы» № 196 федералды заңы қабылданып, маңызды сұрақтар парламент қатысуымен қаралып жатыр. Қазақстан Республикасы Конституциясында көзделген мемлекеттің негізгі қасиеттерін жетілдіру және адам мен азаматтың, тұтастай алғанда қоғамның құқықтары мен бостандықтарын, заңи мүдделерін қамтамасыз ету мақсатын көздеп, парламенттік тергеу институтын арнайы заң қабылдау арқылы құқықтық өмірге енгізу қажет деп есептейміз.

Парламенттік бақылау – дербес құқықтық институт. Алайда оның парламенттің қоғамдық институт ретіндегі мәнінен туындайтындығын ескеруіміз қажет. Парламенттің мемлекеттік-биліктік сипаттағы бақылау қызметі құқықтық формада көрініс табады. Сондықтанда парламенттің бақылау функциясын күшейту және кеңейту мәселесі – оның іске асу формалары мен мемлекеттік билік органдарының парламент алдындағы жауаптылығын көздейтін құқықтық реттеу шараларымен қамтамасыз етілуі қажет.

Осы себепті Қазақстан Республикасы Парламентінің бақылау өкілеттілігін – құқықтық реттелуі тұрғысынан келіп талдау, оның дербес мемлекеттік-құқықтық институт ретінде қалыптасқандығын көрсетеді. Алайда қазақстандық парламенттік бақылауды жетілген әрі аяқталған мемлекеттік-құқықтық құбылыс ретінде бағалау және қабылдауға уақыт тұрғысынан әлі ерте екендігіне назар аударамыз. Тұтастай алғанда Қазақстан жағдайындағы парламенттік бақылау нормативті құқықтық базаның негізінде, көп реттерде шартты түрде іске асып отырғандығына көз жеткіземіз. Отандық конституционализмде «өзін-өзі іс жүзінде танытатын және реттейтін жүйе» ретінде толық бекіте алмағандығын байқаймыз. Мұндай құбылыстың қазақстандағы қоғамдық қатынастардың дамуына қатысты объективті екендігін мойындай отырып, оның негізгі себептері ретінде концептуалдық және саяси сипаттағы факторлерді танимыз. Ең алдымен парламенттік бақылаудың мемлекеттік механизмдегі конституциялық жағдайын оның мәніне сай орнықтыру қажет. Мұндай міндет тек мемлекет тарапына ғана емес, сонымен бірге қоғам мүшелері және оның институттарына да жүктелетіндігін болжайды.

Парламент қызметінің әлемдік тәжірибесі кез-келген парламенттің үш негізгі функцияны іске асыратындығын белгілейді: заң шығарушылық, мемлекет бюджетінің тиімді әрі мақсатқа сай қолданылуына тұрақты қаржылық бақылау орнату және соңғысы, жоғары атқарушы биліктің (үкіметке) іске асуына бақылау жүргізу. Біздің бағалауымызша Қазақстан Республикасының 1995 ж. Конституциясында аталған функциялардың тек біріншісі ғана, яғни заң шығару функциясы республикадағы президентік басқару нысанының ерекшеліктерін ескере отырып тікелей әрі толықтай танылады. Қалған екі функцияға қатысты Республика Конституциясы олардың тек өкілеттіліктер нысанында бекітілген белгілі бір бағыттарын ғана жанама сипатта таниды. Қазақстан Республикасы Парламентінің жоғарыда аталған бақылау функциялары Республика Конституциясында тікелей танылмағандықтан мемлекеттік билік жүйесіндегі парламенттің ролі мен орнын кемістеді деп есептейміз. Сәйкесінше мәні бойынша заң шығарушы билікке тиесілі конституциялық институттардың (республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті,

адам құқықтары жөніндегі уәкіл және т.б.) жағдайы мен құқықтық мәртебесін айқындауда көрініс береді. Тұтастай алғанда парламенттің республикадағы конституциялық жағдайы парламенттік бақылау әлсіздігінің концептуалдық факторын құрайды. Ал саяси фактор мемлекеттегі конституциялық жағдаймен себепті-салдарлы байланыста болу арқылы оның әрекеттегі формасы ретінде объективті сипатта көрініс табады. Қазақстандағы саяси жүйе және демократиялық институттар дамуындағы қарама-қайшылықтар парламенттік бақылаудың жетілуіне ықпалын тигізе алмай отыр. Қазақстан Республикасы Конституциясына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар негізінен парламенттің қоғамдағы саяси ролі мен орнын оның өкілеттіліктерін кеңейту тәсілі арқылы көтеру мақсатын көздегенімен, республикадағы саяси жүйенің пісіп-жетілмеуі себепті саяси сипаттағы бақылау өкілеттіліктері «өлі» күйде әлі де сақталып отыр.

Қазақстан Республикасында Парламенттің бақылау функциясын ары қарай дамыту және жетілдіру үшін біздің пікірімізше бірқатар мәселелерге назар аударылып, ұсыныстар берілген абзал. Атап айтқанда, біріншіден, Қазақстан Республикасы Конституциясының 56-бабының, 2-тармағының мәтініндегі «бестен» деген сөз «оннан» деген сөзбен ауыстырылуын ұсынамыз. Сонда: «Мәжіліс депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен, Мәжіліс депутаттарының жалпы санының кемінде оннан бірінің бастамасы бойынша Мәжіліс Үкіметке сенімсіздік білдіруге хақылы». Дамыған мемлекеттердің тәжірибесін және парламенттік бақылаудың осы саладағы өкілеттілігін шектемеу керектігін ескеріп – депутаттардың 1/10-інің бастамашылығымен сенімсіздік білдіру мәселесін көтеруді ұсынамыз. Бұл Қазақстандағы саяси жүйені дамытуға позитивті ықпал етеді әрі мемлекеттегі конституциялық жағдайдың қоғам дамуына қатысты объективті көрінісін береді. Екіншіден, депутаттық сауал мәселесін қозғаған кезде, оның объектісін анықтағанда оның негізгі мақсатын басшылыққа алуымыз керек. Депутаттық сауалдың мақсаты мемлекеттік билікті іске асырушы органдар мен лауазымды тұлғалардан қажетті ақпаратты ала отырып халық өкілі ретінде жария қызметке парламенттік бақылау орнату болып табылады. Бұл мемлекет қызметінен туындайтын жеке-кәсіпкерлік істерді қоспағанда, азаматтық жеке-кәсіпкерлік істерге қатысты депутаттық сауал салына алмайтындығын білдіреді. Яғни, жеке сектордан ақпарат алу үшін депутаттық сауал жолдау процедурасы қолданылмайды. Тіпті депутат қызметінің кез-келген ақпаратпен қамтамасыз етілу және кідіріссіз қабылдану құқығы да тек мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғаларға ғана қатысты әрі осы бағытқа ғана құрылған заңи кепілдіктің бірі. Бұл тұжырымнан шыға отырып депутаттық сауал салу Қазақстанда қалай іске асып жатыр деген сұраққа келсек, бірқатар өрескелдіктердің орын алып отырғанына куә боламыз. Мәселен, парламент тәжірибесінде партияның бірінші орынбасарына депутаттық сауал жолдану фактілері кездеседі, алайда саяси партияның ұйымдық-құқықтық мәртебесі – қоғамдық бірлестік болғандықтан оның қызметі депутаттық сауалдың объектісіне жатпайды. Яғни депутат мұндай сауал жолдауға өкілетті емес. Отандық тәжірибедегі мұндай фактілердің орын алуы парламентаризм көрсеткіштеріне нұқсан келтіреді. Үшіншіден, Парламенттік тыңдауға қатысты, оны бақылаудың формасы ретінде қарастыра отырып, оған шақырылған атқарушы билік органдары басшыларының келуін міндеттеу қажет деп есептейміз. Бұл «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» конституциялық заңға тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы іске асуы қажет. Төртіншіден, Қазақстан Республикасы Конституциясында көзделген мемлекеттің негізгі қасиеттерін жетілдіру және адам мен азаматтың, тұтастай алғанда қоғамның құқықтары мен бостандықтарын, заңи мүдделерін қамтамасыз ету мақсатын көздеп, парламенттік тергеу институтын арнайы заң қабылдау арқылы құқықтық өмірге енгізу ұсынылады.

Қорытындылай келе, бүгінгі таңда қарастырылып жатқан тақырыпқа байланысты жоғарыда айтылған ұсыныстарды енгізу, Республика Парламентінің бақылау функциясын нығайтуға септігін тигізеді, сонымен қатар қолданыстағы заң актілерінің толыққанды іске асуына ықпалын тигізеді.

Библиографиялық тізім:

1. Зиманов С.З. Конституция и Парламент Республики Казахстан. – Алматы: Жеті Жарғы, 1996. – 352б.
2. Шайо А. Самоограничение власти (краткий курс конституционализма): Пер. с венгр. – М.: Юристъ, 1999. – 292 с.
3. Бержель Ж.-Л. Общая теория права / Под. общ. ред. В.И.Даниленко / Пер. с фр. – М.: Издательский дом NOTA BENE, 2000. – 576 с.
4. Драго Р. Административная наука. / Пер. с фр. к.ю.н. В.Л.Энтина; Под ред. и послесловием д.ю.н. Б.М.Лазарева. – М.: Прогресс, 1982. – 245 с.
5. Гегель Г.В.Ф. Философия права / Пер. с нем.: Ред. и сост. Д.А. Керимов и В.С. Нерсисянц. – М.: Мысль, 1990. – 524 с.
6. Лафитский В.И. Контрольные полномочия Конгресса США // Институты конституционного права иностранных государств / Отв. ред. д.ю.н. Д.А.Ковачев. – М.: Городец-Издат, 2002. – 496 с.
7. Трошев Д.Б. Парламентские расследования как форма контроля Федерального Собрания Российской Федерации за деятельностью федеральных органов государственной власти: дисс. ...канд. юрид. наук: 12.00.02. – М., 2008. – 181 с.

УДК 349.222 / 331.106

Қ. Тұрлыханқызы¹ 3-курс докторанты

¹Инновациялық Еуразия университеті, Павлодар, Қазақстан

kuralay_turlykhan@mail.ru

Вартанян А.М.² к.ю.н., доцент

²ГрГУ имени Янки Купалы, Беларусь

UDC 349.222 / 331.106

K. Turlykhankyzy¹ 3rd year doctoral student

¹Innovative Eurasian University, Pavlodar, Kazakhstan

Vartanyan A.M.² K.Yu.n., associate professor

²GrSU names of Yanka Kupala, Belarus

ЖҰМЫС БЕРУШІНІҢ БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ЖҰМЫСКЕРДІҢ КІНӘЛІ ӘРЕКЕТТЕРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЕҢБЕК ШАРТЫН БҰЗУ

Аңдатпа

Бұл мақалада еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыскерлердің кінәлі әрекеттеріне байланысты бұзу негіздерінің жалпы сипаттамасы және олардың жіктелуіндегі ерекшеліктерін заңнамада шешу, реттеу қарастырылады. Зерттеу барысында еңбек шартын бұзу кезінде заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері, еңбек қатынастарын тоқтатуға негіздердің болуы оны әрдайым тоқтата бермейді. Кейбір жағдайларда, еңбек кодексінде көрсетілген негіздемемен қатар, тиісті тұлғаның әрекеті ретінде белгілі бір заңды акт қажет, ол жұмыс берушінің бұйрығы немесе жұмыскердің өтініші, белгіленген заңды тәртіппен ресімделген және оны бұзу туралы шарт тарапының еркін көрсететіндігі пікірталас ретінде көтеріледі. Зерттеу нәтижесінде авторлар жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу тәртібін сипаттайтын еңбек заңнамасын жетілдіру қажет деген ұсынымдар ұсынылды.

Түйін сөздер: жұмыскер, жұмыс беруші, еңбек, еңбек құқығы, еңбек шарты, еңбек шартын бұзу, еңбек қатынастары, еңбек даулары.

TERMINATION OF THE EMPLOYMENT CONTRACT AT THE INITIATIVE OF THE EMPLOYER IN CONNECTION WITH THE GUILTY ACTIONS OF THE EMPLOYEE

Abstract

This article discusses the general characteristics of the grounds for termination of an employment contract at the initiative of the employer in connection with the guilty actions of employees and the decision, regulation in the legislation of the specifics of their classification. Some issues of the application of legislation when terminating an employment contract in the course of research, the existence of grounds for termination of employment relations do not always stop it. In some cases, along with the justification specified in the Labor Code, a certain legal act is required as an action of the relevant person, which is raised as an order from the employer or an employee's statement issued in accordance with the established legal procedure and indicating the will of the party to the contract to terminate it. As a result of the study, the authors proposed recommendations on the need to improve labor legislation characterizing the procedure for termination of an employment contract at the initiative of the employer.

Keywords: employee, employer, labor, labor law, employment contract, termination of employment contract, labor relations, labor disputes.

Еңбек шарты - жұмыс берушімен және жұмыскер арасындағы жазбаша келісімдері, жұмыскер айқын жұмысты жеке орындауға, еңбек тәртібінің ережесін орындауға міндеттелінеді, ал жұмыс беруші негізделген еңбек функциясы, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінде еңбек жағдайын қамтамасыз етуге, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері және заңдары, ұжымдық шартпен, жұмыс берушінің актілері, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес уақытылы және толық көлемде еңбек жалақысын төлеу бойынша қызметкерге жұмыс беруге міндетті. Жұмыс беруші жұмыскерді жұмысқа қабылдаған кезде кем дегенде екі данада жазбаша түрде еңбек шартын жасасу керек, олар екі жақпен қол қою арқылы бекітіледі. Бір данадан жұмыс берушіде және жұмыскерде сақталынады. Жұмыскер еңбек шарты нұсқасын алғаны туралы жазбаша түрде бекітіледі. Жасасқан еңбек шарты жұмыс берушінің актісімен жұмысқа қабылдау рәсімделеді яғни, жұмыс беруші жұмысқа қабылдау туралы бұйрық шығарады.

Еңбек шарты - жұмыс беруші мен жұмыскердің арасында пайда болатын келісімнің бір түрі. Бұл келісім Отандық заңнамада көрсетілгендей 9 негіз бойынша бұзылады. Олардың бірі - жұмыс берушінің бастамасы бойынша, яғни қазіргі уақыттағы өзекті мәселе. Айтылған негіз бойынша, тек теориялық тұрғыды ғана емес, сондай-ақ практикалық тұрғыда да өзекті мәселе болып есептеледі. Еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзу тек заңнамада көрсетілген толық тізімнің негізінде ғана мүмкін болады, яғни заңмен белгіленген жұмыстан босатудың белгіленген тәртібі болған жағдайда ғана жүзеге асырылады. Жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу үшін негіздемелер ҚР Еңбек кодексінің 52-бабында көрсетілген.

Қолданыстағы еңбек және азаматтық-процестік заңнамаларға сәйкес еңбек шартын бұзу ерекшеліктері еңбек құқығы ғылымының да, азаматтық іс жүргізу құқығы ғылымының да арнайы зерттеу объектісі болған емес. Еңбек шартын бұзу, еңбек құқығы ғылымы тұрғысынан қаралып, ізденістер көбінесе еңбек дауының ұғымын анықтауға, жұмыс беруші мен жұмыскердің қарым қатынасын реттеудің жалпымәселелеріне, еңбек-құқықтық жалпы сипаттамаларын жетілдіру т.б. мәселелерге арналған. Еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзғаннан кейін, жұмысқа қайта алуға, жұмыскердің еңбекақысын

төлеуге, материалдық жауапкершілікке, еңбек тәртібіне байланысты туындайтын зерттеу, оның шетелдік тәжірибесіне үңіле отырып ғылыми негізделген және пайымдауға лайықты қорытындылар мен тұжырымдарды әзірлеуге мүмкіндік береді. Біздің ойымызша Қазақстан Республикасының еңбек құқығында қаралған құқықтар мен бостандықтарды азаматтық процесте қорғауға деген тетіктерді жаңартып, заңнамалық олқылықтарды жоюға көмектеседі.

Қазақстан Республикасында Еңбек Кодексі мен Азаматтық процесстік Кодексінде еңбек шартын бұзуды қарау мен шешудің ерекшеліктеріне арналған теориялық және практикалық мәселелерін кешенді зерделеу, оларды қарау мен шешудің қолданыстағы тәртібін мен ерекшеліктерін талдау, еңбек және азаматтық процесстік заңнамаларға ұсыныстар мен ұсынымдар жобасын әзірлеу.

Еңбек шартын тоқтату әрқашан оның тараптарының мүдделеріне әсер етеді. Әсіресе бұл бір тараптың бастамасымен екінші тараптың еркі мен тілектеріне қайшы келетін жағдайларда. Еңбек шарттарын жиі және негізсіз тоқтату қоғамның мүдделеріне де әсер етеді, өйткені олар жұмыссыздық сияқты жағымсыз салдарларды тудырады. Сондықтан мемлекет еңбек және өзге де әлеуметтік қатынастарды тұрақтандыру мақсатын көздей отырып, еңбек шартын тоқтату тәртібін реттейді.

ҚР Еңбек кодексінің 49-бабында барлық жұмыскерлерге қолданылатын еңбек шартын тоқтату негіздері деп келтірілген. Еңбек шарты ҚР Еңбек кодексінде және басқа заңнамаларда көзделген негіздер бойынша да тоқтатылуы мүмкін. Еңбек шартының тоқтатылуы оның қолданылуын тоқтатады және шарт негізінде ерте туындаған еңбек құқықтық қатынастарын тоқтатады¹.

Еңбек құқығы саласындағы кейбір ғалымдардың пікірінше, еңбек заңнамасында қолданылатын "еңбек шартын тоқтату" термині кеңірек ұғым береді. Олар еңбек шартын тоқтатудың барлық негіздерін қамтиды. "Еңбек шартын бұзу" термині осы шартты еңбек шарты тараптарының бастамасы бойынша: жұмыскердің де, жұмыс берушінің де тоқтатуын қамтиды. "Еңбек шартын бұзу" термині жұмыскерге қатысты қолданылады және еңбек шартына қатысты "тоқтату" терминімен бірдей мағынаны білдіреді.

Басқа ғалымдардың пайымдауынша, "еңбек шартын бұзу" термині ең жалпы санат ретінде қолданылады, оның бастамашысы кім болғанына қарамастан, еңбек шарты одан тоқтатылатын немесе еңбек шарты оның тараптарына тәуелсіз себептермен тоқтатылатын барлық жағдайларды қамтиды. Ең бастысы, бұл жағдайда еңбек қатынастары тоқтатылады. "Еңбек шартын бұзу" тараптардың бірінің бастамасы болған кезде немесе еңбек шартының тарабы әдетте жұмыс беруші тарапынан еңбек қатынастары тоқтатылады. "Еңбек шартын бұзу" термині көбінесе еңбек шартын тоқтату процедурасын нақтылау үшін қолданылады.

А.Н. Миронова атап өткендей, "бұл терминдерді түсіндіру бірінші және екінші жағдайларда онша ерекшеленбейді, дегенмен "жұмыстан шығару" термині негізінен құқық қолдану практикасындағы қызметкерге қолданылады. Еңбек шартын тоқтату негіздеріне әдетте заңды фактілер, яғни заң еңбек шартын тоқтатуға мүмкіндік беретін өмірлік жағдайлар жатады. Бұл заңды фактілер екі түрлі болуы мүмкін: келісім-шарт тараптарының бірі немесе екі тарап немесе еңбек шартының тарабы болып табылмайтын, бірақ заң бойынша оны тоқтатуды талап етуге құқығы бар үшінші тұлға еңбек шартын тоқтату туралы бастама көтергенде немесе еңбек шарты тараптардың еркіне тәуелсіз мән-жайлар бойынша тоқтатылғанда ерікті әрекеттер. Осылайша, еңбек шартын тоқтату ерікті біржақты және екі жақты әрекеттерді де, оқиғаларды да қамтиды. Біржақты ерік білдірген кезде еңбек шартын бұзу туралы айтылады. Іс жүзінде еңбек шартын бұзу жиі кездеседі. Сондықтан, көп жағдайда жұмыстан босатудың негіздері - бұл келісімшартты бұзуға бағытталған біржақты әрекеттер.

¹ Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 23 қараша 2015 ж. № 414-V [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414>

Жұмыс беруші мен еңбек қатынастарында тұрған жұмыскер, ерте ме, кеш пе ұйыммен бұл қатынастарды өз бетінше немесе жұмыс берушінің бастамасы бойынша, сондай-ақ тараптардың бақылауынан тыс жағдайларға байланысты объективті және субъективті факторлардың әсерінен тоқтатылады. Қазіргі уақытта жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек қатынастарын тоқтату еліміздің өзекті мәселелерінің бірі болып есептеледі¹.

Себебі, Қазақстан Республикасының көптеген азаматтары үшін еңбек қатынастарын жүзеге асырудың негізгі нысаны - еңбек шартын жасау және сол еңбек шарты арқылы тәжірибесін айтуға болады. Осылайша, жұмыскердің немесе жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу не тоқтату өмірлік мүдделеріне әсер ететін құбылыс. Еңбек кодексінде көрсетілген негіздер орын алған жағдайда, тиісті тәртіппен жұмыс берушінің не жұмыскердің бастамасы бойынша еңбек шарты бұзылады. Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасы азаматтардың таңдаған ұйымда жұмыс жасау құқығын қорғау мақсатында жұмыс берушілерге өз бастамасы бойынша қызметкерді жұмыстан босатуға құқық беретін негіздердің белгілі бір тізбесін белгілейді. Еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзуға әкеп соқтыратын заңды фактілерді көрсету үшін «негіздер», «себептер», «жағдайлар» сияқты терминдерді қолдануға болатындығын атап өткен жөн. Осы терминдердің әрқайсысы қызметкердің қалауы немесе ортақ келісімінің болмауы салдарынан жұмыстан шығаруға мүмкіндік беретін оқиғаны білдіреді².

Еңбек құқығы саласындағы көптеген ғалымдар жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыскердің кінәлі ірекеттеріне байланысты еңбек шартын бұзу мәселесін қарастырған. Соңғы жылдары жұмыс берушінің бастамасы негізінде еңбек шартын бұзу және туындаған дауларды шешу мәселесіне Агафонова Г.А., Зверев С.Б., Ломакина Л.А., Миронова А.Н., Черкашина А.В., және басқа да ғалымдар өз үлесін қосқан. Еңбек құқығы туралы ғылымда жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу негіздерінің әртүрлі классификациялары бар. Көптеген зерттеуші-ғалымдар, оның ішінде В.И. Егоров және Ю.В. Харитонова еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзудың негіздерін үш топқа бөліп қарастырған. Олар: жұмыс берушінің, өндірістің, ұйымның меншік иесінің мүдделерін қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзу; Бұл топта, ҚР Еңбек кодексінің 52-бабының 1-тармағының 1-4) тармақшаларын қарастырамыз. Осы топ бойынша екі негізді байқауға болады. Біріншісі, объективті сипатта болатын және қызметкердің кінәлі немесе заңсыз мінез-құлқынан туындайтын жағдайлармен байланысты. Екінші критерий бойынша, өндірістік қажеттілікке байланысты жұмыстан босатылған жағдайда орын алады. Яғни, оның кәсіпкерлік немесе басқа да өндірістік қызметіне ықпал ететін жағдайлар туындаған немесе анықталған жағдайда жұмыс берушінің мүдделерін қамтамасыз ету қажеттілігін көрсетеді.

Жұмыскердің кінәлі әрекеттеріне байланысты жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу. Жұмыстан шығару жұмыскердің кінәлі әрекеттері салдарынан туындаған жағдайларды қызметкердің еңбек қатынасындағы және кейбір жағдайларда олардан тыс жағдайларда заңсыз және кінәлі мінез-құлқына негізделген заңды фактілермен біріктіріледі³.

Гашева И.А. жоғарыда көрсетілген негіздерді ұстанады. Ал, Цыпкина И.С. және Цыняйкин Е.П. жұмыс берушінің бастамасы негізінде еңбек шартын бұзуды екі негіз бойынша қарастырған. Олар: жұмыс берушінің бастамасы бойынша барлық санаттағы жұмыскерлерге қолданылатын еңбек шартын бұзудың жалпы негіздері; Жұмыскерлердің белгілі бір санатына қатысты еңбек шартын бұзудың арнайы негіздері.

¹ Бурибаев Е.А., Тұрлыханқызы Қ. Жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыскердің кінәлі әрекеттеріне байланысты еңбек шартын бұзу тәртібі мен тәртіптік жауапкершілік // Қазақстан Республикасы ПМ Алматы академиясының ғылыми еңбектері. – 2022. - №1(70). – с. 10-17

² Гашева И.А. Расторжение трудового договора по инициативе работодателя в современном трудовом законодательстве // Право и практика. - 2015. – № 1. – С. 82.

³ Егоров В.И., Харитонова Ю.В. Трудовой договор: Учебное пособие. М.: КНОРУС, 2007. – С. 320-321.

Сонымен қатар, Цыпкина И.С. және Цынядькин Е.П. секілді жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзудың екі негізге бөліп қарастырған келесі зерттеуші-ғалымдар Сучилкина Е.В және Сучилкина А.В.. Бұл зерттеушілер де еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзудың жалпы және арнайы негіздерге бөліп қарастырған¹.

Демидов Н.В. жұмыскерді жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыстан босатудың негіздерін мазмұн ерекшеліктеріне байланысты объективті және субъективті деп жіктеген. Сонымен қатар, Демидовтың пікірінше, жұмыстан шығарудың объективті негіздері жұмыскерді жұмыс берушінің жеке бағалауы салдарынан жұмыстан босату болып есептеледі. Бұл дегеніміз жұмыс берушінің еркі белгілі бір қызметкерді жұмыстан шығаруға емес, ұйымның өндірістік-экономикалық мәселелерін шешуге бағытталған. Субъективті негіз аясында, еңбек шарты бұзылған кезде жұмыс беруші өз бастамасы бойынша қызметкердің кәсіби және жеке қасиеттерін, ұйым үшін бағалауын көздеуді атап айтқан. Жұмыстан шығарудың объективті негіздері бойынша келесі жағдайларды қарастырған, олар: жұмыс беруші - заңды тұлға таратылған не жұмыс беруші - жеке тұлғаның қызметі тоқтатылған. Бұл жағдайда жұмыс беруші жұмыскерді жұмыстан шығаруды емес, өндірістік және экономикалық мәселелерді шешуді тырысады. Жұмыскерлер саны немесе штаты қысқартылған жағдайда; Ғалымның пікірінше, «осындай жағдайларда жұмыскерлерді босату жұмысты оңтайландыруға және оны қарқынды дамуына бағытталған».

Ал, субъективтік негіздер бойынша, Демидов келесідей тұжырымдарға тоқталады: 1) аттестаттау нәтижелерімен расталған біліктілігінің жеткіліксіздігі салдарынан жұмыскер атқаратын лауазымына немесе орындайтын жұмысына сәйкес келмеген жағдайда;

2) жұмыскер дәлелді себептерсіз бірнеше рет еңбек міндеттемесін орындамаған жағдайда жұмыстан босату;

3) Еңбек қатынастарын бір рет өрескел бұзуға байланысты жұмысты тоқтату;

4) ерекше құқықтық мәртебесі бар қызметкерді жұмыстан босату².

Заңнама бойынша жұмыс берушіге еңбек шартын бұзу құқығы беріледі, бірақ оған міндеттемейді. Сонымен қатар, жұмыс беруші жұмыскерді жұмыстан босатар уақытында, өзінен талап етілетін кейбір кепілдіктерді ескергені жөн. Еңбек нарығы жағдайында еңбек шартын бұзу кезінде пайда болуы мүмкін шығындардан аулақ болу үшін, жұмыс беруші заңды дұрыс қолдана алуы керек. Осылайша, еңбек заңнамасын дұрыс түсіну арқылы туындауы мүмкін аулардың алдын алады деп айта аламыз. Осылайша, аталған заңнама бойынша кез келген ұйым өз қызметкерін жұмыстан босату үшін қандай да бір себептің болуын түсіндіреді. Алайда, көп жағдайларда жұмыскерлер жұмыс беруші шығарған шешіммен келіспей жататынын байқауға болады. Әрине, бұл келіспеушілік үлкен даудың туындауына себеп болады. Жұмыскердің кінәсіз, яғни жұмыс берушінің өз мекемесінің қарқынды дамуы үшін қолданылатын негіздерге түсіндірме жасайтын болсақ, біріншіден Еңбек Кодексінің 52-бабының 1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген штат санының қысқартуына байланысты. Заңгерлердің айтуынша, көп жағдайда жұмыстан шығаруға штат санының қысқаруы себеп болады. Бұл негіз бойынша, қызметкерді жұмыстан бастау заңды болып есептеледі. Кез келген ұйымның басшылықтары осы негізді (шешімді) қаржы жағдайы қиындағанда қабылдайды. Штат санының қысқартылған жағдайында еңбек шартын жұмыс берушінің бұйрығымен, бір жақты тоқтатылады. Алайда, бұл норманың өзіндік ерекшеліктері де бар, яғни жүкті әйелдерге, 3 жасқа дейінгі балалары бар немесе он төрт жасқа дейінгі баланы (18 жасқа дейінгі мүгедек баланы) тәрбиелеп отырған жалғызбасты аналарға қолданылмайды. Бұл тыйым салу нормасы ҚР Еңбек Кодексінің 53-бабының 2-

¹ Сучилкина Е.В., Сучилкин А.В. Классификация оснований прекращения трудового договора по инициативе работодателя и признание увольнения незаконным // XXI век: итоги прошлого и проблемы настоящего плюс. 2015. – Т. 1. № 1 (23). – С. 135.

² Демидов Н.В. Увольнение по инициативе работодателя: Автореферат канд. юрид. наук. Томск, 2009. – С. 17-19.

тармағында көрсетілген. Осылайша, заңгерлер бұл тұжырымдамаға келесідей ұсыныстар береді, яғни кез келген басшылық тарапынан жоғарыда айтылған заң талабы орындалмаған жағдайда, жергілікті Бақылау және әлеуметтік қорғау департаментіне жазбаша шағымдануды қажет екенін түсіндіреді. Екіншіден, белгілі бір компания өз жұмысын тоқтататын болса, сөзсіз жұмыскер жұмыстан босатылады. Осындай жағдай орын алған сәтте, жұмыскер басшылықтан басқа жұмыс орнын талап ете алмайды. Еңбек шарты дау-дамайсыз аяқталатын жағдай деп осы норманы айтуға болады. Келесі жағдай, жұмыскер еңбек кодексі нормаларын бұзған кезде орын алады. Осындай жағдайда басшылық жұмыскерді бірден жұмыстан шығара алады. Жұмыс беруші жұмыскерді бірден жұмыстан босату ережелеріне:

- Жұмысқа себепсіз келмеу, (басшылыққа ескертпеу);
- 3 сағаттан аса жұмысқа кешігетін болса;
- Өзі жұмыс жасап жатқан мекеме мүлкіне залал келтіретін болса;
- Компания құпиясын жария ету себептері жатады.

Сонымен қатар, заңгерлер жұмыстан шығаруға тағы бір себеп ретінде, жұмыскердің адамгершілікке жат қылықтар жасауын айтады. Кейбір пікірлер бойынша, ҚР еңбек нормасындағы ережелерге сәйкес, кез келген жұмыс орнының басшылығы өз жұмыскерлерін құлықсыз, адамгершілікке жат қылық танытқаны үшін жұмыстан босата алады. Бұл жағдайлар көбіне тәрбие-оқыту саласымен айналысатын мекемелерде көп кездеседі – балабақшалар, мектеп, мектепінтернаттар. Сондай-ақ, тәртіп бұзған жұмыскердің әрекеті міндетті түрде заң бойынша еңбек кітапшасында көрсетіліп, акт толтырылуы керек. Жұмыстан шығаруға келесі заңды себеп, жұмыскердің міндеттерін орындаудан бас тартуы болып есептеледі. Басшылық тарапынан немесе жұмыс жасау барысында өзіне тиесілі міндеттерді қызметкер орындаудан бас тартқан жағдайда оны жұмыстан шығаруға құқылы болып табылады. Сонымен қатар, еңбек заңнамасы бойынша, жұмыс беруші кез келген жағдайда еңбек жағдайын өзгерте алады[9]. Бұл дегеніміз, өзгерте алатын нормалар, жұмыс уақыты, міндеттері және оның төлемдері. Өзгертілуі мүмкін жағдайлар жұмыскерге кемінде екі ай бұрын ескертілуі тиіс. Ал жұмыскер аталған өзгертулермен келіспеген жағдайда немесе талаптарды орындаудан бас тартатын болса, жұмыс беруші жұмыскерді жұмыстан босатуға құқылы.

Осылайша, жұмыскерді жұмыстан шығару жұмыскердің еңбек заңнамасында көрсетілген міндеттерін орындаудан босатуды білдіреді. Жұмыскер жұмыстан босатылған жағдайда, еңбек шарты тоқтатылған күннен бастап еңбек міндеттерін орындаудан босатылады. Жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзудың негіздерін қосымша екі негіз бойынша да қарастыруға болады. Оларға мысал ретінде, бірінші, жалпы барлық жұмыскерлер үшін, келесі қосымша жұмыскерлердің шектеулі санатына қолданылатын негіздер. Атап айтқанда әр зерттеуші өз зерттеулеріне қарай, бұл жіктеулерді жасаған. Отандық еңбек заңнамасы бойынша еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзу негіздері осы уақытқа дейін зерттеушілер мен заңгерлердің назарынан қалмаған құбылыс болып есептеледі. Заңнамада көрсетілген негіздер әрқашан өзгеріп тұратын норма деп есептеуге болады. ҚР кез келген заңнамасының өзгертулер мен толықтырулар енгізуі салдарынан еңбек нормалары да міндетті түрде өзгерістерге ұшырайды.

Сонымен қорыта келгенде, еңбек келісім шарты – бұл жұмыскер мен жұмыс берушінің арасында, жұмыскердің белгілі бір жұмысты атқаруға, еңбек тәртібі ережесін сақтауға міндеттелуіне сәйкес жасалатын келісімі. Осы келісімнің дұрыс рәсімделуі маңызды. ҚР Еңбек кодексіне сәйкес, жұмыс берушінің бастамасы бойынша өндіріс көлемі азайғанда не болмаса өндіріске жаңа технология енгізіліп, модернизациялану жүргізілген ретте, өндіріс көлемі арттырылған жағдайларда қызметкерлер саны мен штатының қысқартылуы мүмкін. Бұл жерде жұмыс беруші ҚР Еңбек кодексінің талаптары мен міндеттерін қатаң сақтағаны дұрыс, оның ішінде заңды тұлға таратылған не жұмыс беруші - жеке тұлғаның, жеке

кәсіпкердің, қорғаушылар, нотариустардың қызметі тоқтатылған жағдайларды қоспағанда, қызметкерлердің уақытша еңбекке қабілетсіздік кезеңінде және жыл сайынғы еңбек демалысында жүрген кезеңінде еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзуға жол берілмейді.

Библиографиялық тізім

1. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 23 қараша 2015 ж. № 414-V [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414>
2. Бурибаев Е.А., Тұрлыханқызы Қ. Жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыскердің кінәлі әрекеттеріне байланысты еңбек шартын бұзу тәртібі мен тәртіптік жауапкершілік // Қазақстан Республикасы ПМ Алматы академиясының ғылыми еңбектері. — 2022. - №1(70). — с. 10-17
3. Гашева И.А. Расторжение трудового договора по инициативе работодателя в современном трудовом законодательстве // Право и практика. - 2015. — № 1. — С. 82.
4. Егоров В.И., Харитонов Ю.В. Трудовой договор: Учебное пособие. М.: КНОРУС, 2007. — С. 320-321.
5. Сучилкина Е.В., Сучилкин А.В. Классификация оснований прекращения трудового договора по инициативе работодателя и признание увольнения незаконным // XXI век: итоги прошлого и проблемы настоящего плюс. 2015. — Т. 1. № 1 (23). — С. 135.
6. Демидов Н.В. Увольнение по инициативе работодателя: Автореферат канд. юрид. наук. Томск, 2009. — С. 17-19.

ӨОЖ 347

Укибаева К.Е., з. ғ. м., аға оқытушы,
Еуразия технологиялық университеті, Алматы қ.
k.ukbaeva@etu.edu.kz

UDC 347

Ukibayeva K.E., Master of Laws, Senior Lecturer
Eurasian Technological University, Almaty
k.ukbaeva@etu.edu.kz

ШАРТСЫЗ МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ ПАЙДА БОЛУ НЕГІЗДЕРІ

Аннотация

Бұл мақалада шартсыз міндеттемелердің мәні, олардың шартты міндеттемелерден айырмашылығы, сондай-ақ шартсыз міндеттемелердің пайда болуына себеп болатын негіздер қарастырылады. Авторлар шартсыз міндеттемелер пайда болатын әртүрлі жағдайларды және оларды құқықтық жүйеде реттеудің негізгі принциптерін талдайды.

Түйінді сөздер: міндеттеме, заңды факті, іс әрекет, келісім шарт, әкімшілік акт, шартсыз міндеттеме.

THE BASICS OF UNCONDITIONAL LIABILITIES

Abstract

This article provides the essence of unconditional obligations, the basis for their difference from conditional obligations, as well as the reasons for the emergence of unconditional obligations.

The authors analyze the various situations in which unconditional obligations arise and the basic principles of their regulation in the legal system.

Key words: obligations, legal facts, actions, contracts, administrative acts, unconditional obligations.

Азаматтық құқық саласындағы негізгі институттардың бірі міндеттемелік құқық азаматтық құқық субъектілері арасында жұмыс жасауға, қызмет көрсетуге, затты беруге, ақша төлеуге немесе несие берушінің пайдасына т.б. әрекеттерді жасаудан тұрады. Міндеттеменің ерекшелігі бұл қатынасқа түскенде құқық субъектілері өз құқықтарын жүзеге асыру үшін үшінші тұлалардың көмегін қажет етеді.

Құқық теориясында міндеттеме түрлі мағынада қолданылады. Біз үшін міндеттемені құқықтық қатынас ретінде қарастырған жөн. Міндеттемелік қатынас түрлі негіздер бойынша пайда болуы мүмкін. Егер құқық субъектілері арасындағы міндеттеме шарт жасау негізінде емес заң негізінде пайда болса, шартсыз міндеттеме туындағандығы.

Азаматтық құқықтық қатынастың кез келген түрі сияқты міндеттеме міндеттеменің пайда болу негізі деп аталатын нақты заңды фактілер негізінде пайда болады. Заңды фактілер жалпы азаматтық құқықтық қатынастарының пайда болу, өзгеру немесе тоқтату негізі ретінде қарастырыла отырып, өмірде болатын түрлі жағдайларды білдіреді.

Азаматтық құқықтық қатынасының пайда болу, өзгерту және тоқтату негізі заңды фактілер болып табылады. Заңды фактілер дегеніміз құқық қатынастарының пайда болуына, өзгеруіне немесе тоқтатылуына себеп болатын мән жайлар.

Заңды фактілер екі түрге бөлінеді - оқиға және іс әрекет. Оларды схема түрінде былайша көрсетейік.

Заңды фактілерге баланың туылу фактісін, азаматтың қатыс болуы, некеге тұру, мәміленің бұзылуы, өрт болу және т.б. жатады.

Оқиға заңды фактілердің түрлерінің бірі ретде мынадай ерекшелігі бар. Ол адамның сана сезімінен тыс пайда болады. Әдетте табиғи жағдайлар. Мысалы адамның дүниеден өтуі адамның ойлау сезімінен тыс пайда болады, кәмелет жасқа толу фактісі де адамның сана сенімінен тыс пайда болатын жағдай. Яғни оқиға субъектінің қалауы және ниетінен тыс пайда болатын жағдайлар.

Іс әрекет дегеніміз құқық қатынасын тудыратын қатысушылардың іс әрекеттері. Мысалы мәміле жасасу, ерлі зайыптылардың ажырасуы, біреудің мүлкіне зиян келтіру нәтижесінде құқықтық қатынасының пайда болы және т.б.

Іс әрекет өз кезегінде екі түрге бөлінеді. Заңды іс әрекет азаматтық заңнаманың талаптарына сай келетін іс әрекеттер, заңсыз іс әрекет дегеніміз азаматтық заңнаманы бұза тұра жасалатын іс әрекеттер.

Заңды актілер заңды әрікеттің бір түрі болып келеді. Оның басты ерекшелігі - бұл әрекет азаматтық құқықтық қатынасын туғызуға әдейі бағытталады немесе әдейі бағытталып жасалатын әрекеттер. Ал заңды әрекеттер азаматтық құқықтық қатынасын туғызуға бағытталмайды дегенмен, осы секілді әрекет жасай отырып субъектіде құқықтар мен міндеттер пайда болады. Мысалы, аймақтағы шешімін таппай жүрген экологиялық мәселені шешу мақсатында Е деген азамат газет баспасына мақала жазады. Е атты азаматтың мақаласы жарияланғаннан кейін онда авторлық құқық пайда болады. Бірақ ол бастапқы кезде мұндай мақсат көздемеген.

Кей жағдайларда азаматтық құқықтық қатынасы пайда болу үшін заңды құрамның болуы қажет. Заңды құрам дегеніміз бірнеше заңды фактілердің жиынтығы. Мысалы жоғарғы оқу орнына түсу үшін төмендегідей бірнеше заңды фактілердің жиынтығы болуы

кажет: аттестат және өзге де құжаттар;

ҰБТ тапсыру; бірінші курсқа қабылданғандығы туралы ректордың бұйрығы.

Міндеттемелік құқықтық қатынасының негізінде түрлі құқықтық фактілер жатқызылуы мүмкін. Сонымен қатар, барлық орын алуы мүмкін негіздер қатарынан заң ерекше етіп келісім шартты қарастырады. Бұл жай емес. Міндеттеме нақты, қатал белгіленген тұлғалар арасында орнатылады. Сондықтан да міндеттеме оған қатысушыларының еркі бойынша келісім шарт нысанында орнатылатындығы сөзсіз факт. Міндеттемені бұлай етіп қалыптастыру экономикалық айналымның даму қажеттіліктеріне сәйкес келеді. Осыған байланысты біздің қоғамдағы міндеттемелердің басым бөлігі шарттық міндеттеме қатарына жатқызылады. Міндеттеменің пайда болу негізі ретінде түрлі келісім шарттар болуы мүмкін. Шарттармен қатар міндеттеменің пайда болу негізі ретінде біржақты мәмілелер де болуы мүмкін екендігін ескерген жөн. Бұл жағдайда міндеттемелік құқық субъектісі біржақты ерік білдіру арқылы өзінің субъективтік құқығын жүзеге асырады немесе міндеттеменің екінші жағына субъективтік құқық пайда қыла отырып өзіне субъективтік міндет жүктейді¹. Мұндай біржақты мәмілелер қатарына мұрадан бас тарту, жария уәде беру және басқа да заңмен қарастырылған және қарастырылмаған жағдайларды да жатқызуға болады. Ең бастысы заңға, құқық нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

Ресей ғалым-цивилисттері Ю.К.Толстой., А.П.Сергеевтер айтқандай біржақты мәмілелерді міндеттеменің пайда болу негізі ретінде қарастыру азаматтық заңнама негізіне, бастауына қайшы келмейді². Келісім шарттармен қоса олар тауар ақша қатынастарының қатысушылары үшін оларға қажетті тәуелсіздік пен дербестікті қамтамасыз етеді.

Міндеттеменің пайда болу негізі болып әкімшілік актілерді де жатқызылуға болады. Мұндай жағдайда әкімшілік акт мазмұны сол акт арқылы анықталады. Әкімшілік актісін азаматтық құқық саласына енгізу біздің экономикамызға әкімшілік басқару тәсілдерін енгізумен байланысты болып келеді. Дегенмен сол кездің өзінде әкімшілік актілер негізінде міндеттемелік құқық қатынасының пайда болуы жиі кездеспеген. Сол заманға лайық міндеттеме болып тауар жеткізілімі қарастырылған.

Қазіргі кезде әкімшілік акт негізінде міндеттемелік қатынас орнату бұрынғыға қарағанда жиі кездеседі. Соған қарамастан әкімшілік актісі негізінде міндеттемелік қатынас орнату Азаматтық кодекспен қарастырылған. Атап айтқанда, біздің кезімізге дейін ордер және әкімшілік акт негізінде коммуналдық пәтерлерге иелену жағдайлары сақталған. Әкімшілік актісі мен оның негізінде жасалатын шарттан тұратын күрделі құқық құрамы негізінен міндеттемелік қатынастың пайда болуы да қазіргі таңда жиі кездеседі. Мысалы, жоғарыда көрсетілген мысалда міндеттеме күрделі құқықтық құрам негізінде пайда болады: ордер және оның негізінде жасалған келісім шарт.

Жобалау-әкімшілік актісімен оның негізінде пайда болатын шарттан құралатын күрделі құқықтық құрам жобалау экономикасы кезінде көп қолданылған. Жобалау экономика жағдайында жобалау әкімшілік актісіне аса көңіл аударылған: олар кәсіпорындар мен түрлі ұйымдар арасында шаруашылық қатынастың тұрақтылығын қамтамасыз етіп тұрған. Жобалау әкімшілік актісі негізінде жасалған шарт азаматтық айналымдағы түрлі ұйымдар арасында шаруашылық қатынастардың тұрақтылығын қамтамасыз етуі қажет еді. Сондықтан да цивилистика ғылымында көптеген жылдар бойы күрделі құқықтық құрамның ішінде біздің экономикамыздың жоба және тауар ақша бастамасын біріктіретін жаңа тиімді құқықтық ынсан табылғандығы туралы пікірлер айтылған. Халық шаруашылығымен біріңғайландырылып басқару қажеттілігі жобалау әкімшілік актісінде орын алатындығы, ал жекелеген тауар өндірушілердің жеке бастамалары сол жобалау әкімшілік актісі негізінде

¹ Гражданское право. Учебник для вузов, академический курс. Отв ред.

М.К.Сулейменов., Ю.Г.Басин. Алматы. Издательство КазГЮА 2003г. 571 б.

² Гражданское право. В 2 т. Т. 2: учебник / под ред. Садикова О.Н. – М.: Контракт: ИНФРА-М, 2007 – 608с.

жасалған келісім шарт арқылы жүзеге асырылуы қажет еді. Сонымен қатар, шарт күрделі құқықтық құрам арасында жаңа функцияларға иеленген туралы пікірлер де айтылған: жобалау құралдары, жобалау кезінде кемшіліктер анықтау, жобалау тапсырмаларын нақтылау және т.б. Жаңа функцияларға иелене отырып шарт күрделі құқықтық құрал арасында өзінің қажеттілігін жоя бастады. Бұрын аталмыш шарт өзінің пайда болуы арқылы міндеттеме тараптарын тәртіпке келтірер болса, қазір, яғни кейіннен шарт керісінше өзінің тиісті дәрежеде орындалуы үшін әкімшілік шаралардың болуын қажет етіп тұратын болды.

Жоғарыда көрсетілген негіздерге сүйене отырып, келіспейтін нәрсені күрделі құқық құралына келістіру мәселесі оңды нәтиже таппағандығын мойындаған дұрыс. Нарықтық экономикаға өткен кезде күрделі құқықтық құрал қажеттілігі қажет болмай қалды. Егер жобалау экономикасы жағдайында тауар өндірушілердің қызығушылығының тұрақтылығы жобалау актісі арқылы қамтамасыз етілген болса, нарықтық экономика жағдайында тауар ақша қатынасына қатысушылардың қызуғышылығы арқылы тұрақтылық орнатылады. Сонымен қоса күрделі құқықтық акт әкімшілік акт және шартпен қоса өзге де құқықтық фактілерден құралуы мүмкін. Сол себепті күрделі құқықтық акт бұрынғысынша міндеттемелік құқық қатынасының әдеттегідей пайда болу негіздерінің бірі болып табылады.

Келісім шарт, біржақты мәмілелер мен әкімшілік актісі құқықтық іс әрекет ретінде қарастырады және экономикалық айналымның дамуына әсер етеді. Ал экономикалық айналым саласында құқыққа қайшы әрекет жасау оның дамуына шектеу жасайды. Көрсетілген құқыққа қайшы әрекет жасау салдарынан туындайтын зардаптарды жою мақсатында заң олармен міндеттеменің ерекше бір түрінің пайда болуын байланыстырады. Мұндай міндеттемелердің пайда болу негізі ретінде құқыққа қайшы әрекеттердің өзі қатысады, яғни деликтілер. Сондықтан ғылыми теорияда мұндай міндеттемелер шартсыз міндеттеме деген атауға иеленген.

Міндеттемелік қатынас негізінде заңмен қарастырылмаған бірақ азаматтық заңнаманың жалпы негіздері мен мәніне сәйкес азаматтық құқықтар мен міндеттер туғызатын азаматтар мен заңды тұлғалардың іс әрекеттерін қарастыруға болады. Міндеттемелік қатынастар оқиға негізінде пайда болуы да мүмкін, яғни адамның сана сезімінен тыс пайда болатын жағдайлар негізінде. Әдетте оқиға міндеттеменің пайда болуын жасамайды, ол сол міндеттемдегі тұлғалардың құқықтары мен міндеттерін туғызады. Шартсыз міндеттемелер жалпы міндеттемелер арасында ерекше орынға ие. Қазақстандағы азаматтық құқықтың ерекше, ірі тарауларының бірі ретінде қарастырылатын міндеттемелік институты жалпы айтқанда ел экономикасын дамытуға үлкен әсер етеді. Себебі, қазіргі таңда мемлекет шағын және орта бизнесті дамытуға еш кедергі жасамай қолдау көрсетсе кәсіпкерліктің осы түрлері міндеттемелік қатынасқа түсуі арқылы жүзеге асырылады. Жалпы айтқанда «шартсыз міндеттеме» мен «шартты міндеттеме» ұғымдарының арасында айтарлықтай айырмашылық жоқ екендігін ескерген жөн. Құқық теориясында бұл екі сөз тіркесі міндеттеме түрлері ретінде қарастырылып, бұл қатынастың пайда болу негіздері арқылы ажыратылады.

Ең басты айырмашылық – шартты міндеттемелер борышқор мен несие беруші арасында келісім шарт негізінде туындаса, шартсыз міндеттемелік қатынасқа түсу үшін екі тарап бір бірімен алдын ала шарт жасаспайды. Әдетте бұл қатынастар заңға сәйкес туындайды. Міндеттемелік құқықтың жалпы ережелері, атап айтқанда, міндеттемені орындау, міндеттемені бұзаны үшін жауапкершілік негіздері екі жадайға да тең дәрежеде қолданылуы тиіс.

Шартсыз міндеттемелік қатынасқа түсу тараптардың еркінен тыс пайда болуы мүмкін. Бұл белгісі арқылы шартсыз міндеттемені шартты міндеттемелер арасынан ажыратуға болады. Осыған сәйкес құқық теориясында даулы мәселелердің бірі шартсыз міндеттемелердің пайда болу негіздері мәселесіне ерекше мән берген жөн. Егер шартты

міндеттемелердің пайда болу негізі ретінде шарт қарастырылса, шартсыз міндеттемелердің пайда болу негізі ретінде жалпы заңды фактіні көрсетуге болады.

Библиографиялық тізім

1. Гражданское право. Учебник для вузов, академический курс. Отв ред. М.К.Сулейменов., Ю.Г.Басин. Алматы. Издательство КазГЮА 2003г. 571 б.
- 2.Гражданское право. В 2 т. Т. 2: учебник / под ред. Садикова О.Н. – М.: Контракт: ИНФРА-М, 2007 – 608с.

ӘОЖ 378.1

Усенбаева А. У.

заң ғылымдарының магистрі

Еуразия технологиялық университеті, Алматы қаласы

a.usenbayeva@etu.edu.kz

UDC 378.1

Usenbayeva A. U.

master of law

Eurasian Technological University, Almaty

a.usenbayeva@etu.edu.kz

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Аңдатпа

Инновациялық үдерістің негізі — жаңалықтарды қалыптастырып жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады. Жаңа технологияның қағидалары — оқытуды ізгілендіру, өздігінен дамитын, дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі жетілдіріп тәрбиелеуші тұлға қалыптастыру болып табылады.

Мақалада қазіргі таңда білім берудің инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып, сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізу жолдары қарастырылады.

Түйінді сөздер: инновация, интеграциялау, интерактивтік технология, модульдік технология, инновациялық - білім беру консорциумы, инновациялық компьютерлік технология, модификациялық инновация, комбинаторлық инновация, радикалдық инновация.

INNOVATIVE TECHNOLOGIES IN MODERN EDUCATION

Annotation

The basis of the innovation process is the holistic activity of forming and implementing innovations. Innovation creates conditions for an increase in the level of Education. The principles of the new technology are the humanization of learning, the formation of a self — developing, self-sufficient person who can make the right decisions.

The article discusses ways to influence the quality and interesting conduct of the lesson using innovative and interactive methods of education in the course of the lesson.

Keywords: innovation, integration, interactive technology, modular technology, innovation and Education Consortium, innovative computer technology, modification innovation, combinatorial innovation, radical innovation.

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үдерісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда.

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай білім мен тәрбие беруде оқытушылардың инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі — маңызды мәселелердің бірі. Болашақта өркениеті дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанда дамыған бәсекеге қабілетті елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін ол — білім. Сондықтан қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр. Инновациялық технологияларды меңгеруде оқытушының жан-жақты білімі қажет.

Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі — оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда білім берудің инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып, сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде. Білім беруде студент өзі ізденіп, тақырыпты оқып, түсініп, тақырып аясын кеңейтсе, жолдастарымен ой бөлігіне өз білгенін көпшілікке жеткізе алса, онда ұстаз еңбегінің нәтижесі болғаны, бұрынғы әдепке айналған оқу үрдісінде — оқушы белсенділік көрсетуге тиіс.

2007 жылғы 27 шілдеде Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы қабылданды. Заңда білім берудің анықтамасы көрсетілген. Білім беру дегеніміз имандылық, зияткерлік, мәдени, тәндік жағынан дамыту және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мақсаттарында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқытудың үзіліссіз процесі.

Сонымен қатар, инновациялық - білім беру консорциумы - жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары, ғылыми ұйымдар мен өндіріс саласында жұмыс істейтін басқа да заңды тұлғалар іргелі, қолданбалы ғылыми зерттеулер мен технологиялық инновациялар негізінде жоғары білікті мамандар даярлау үшін зияткерлік, қаржылық және өзге де ресурстарды біріктіретін, бірлескен қызмет туралы шарт негізіндегі ерікті тең құқықты бірлестік¹.

Енді «инновация» ұғымына тоқталатын болсақ, ғалымдардың көпшілігі оған әртүрлі анықтамалар берген. Мәселен, Э.Роджерс инновацияны былайша түсіндіреді: «Инновация — нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея». Майлс: «Инновация — арнайы жаңа өзгеріс, Біз одан жүйелі міндеттеріміздің жүзеге асуын, шешімдерін күтеміз» — дейді. «Инновация» сөзі — латынның «novis» жаңалық және «in» енгізу деген сөзінен шыққан, ал оның аудармасы «жаңару, жаңалық, өзгеру» деген мағынаны білдіреді.

Инновация термині қазіргі білім берудің теориясы мен тәжірибесінде кеңінен қолданылып жүр. «Инновация» ұғымы ең бірінші XIX ғасырда мәдениеттанушылардың зерттеуінен пайда болды. Инновация ұғымын әр елде әртүрлі түсінген. Кейбір мемлекеттерде (АҚШ, Нидерланды) бұл термин кең тараған. Қазақстанда ең алғаш «Инновация» ұғымына қазақ тілінде анықтама берген ғалым Немеребай Нұрахметов. Ол «Инновация, инновациялық үдеріс деп отырғанымыз — білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі" деген анықтаманы ұсынған².

¹ Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319.

² Бөрібекова Ф. Б., Жанатбекова Н. Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар. Алматы: 2014.-360 б.

«Инновация» сөзі қазіргі уақытта барлық білім, өндіріс, медицина, техника салаларында өте жиі қолданылып келеді. Инновациялар қоғамның пайда болу кезеңінен бері жүзеге асырылып келе жатса да, педагогикалық категория ретінде XX ғасырдың 70–80 жылдарында ғана қолданысқа енгізілді.

Қазіргі инновациялық технологиялар педагогика ғылымы мен практикасының жетістіктерін, дәстүрлі тәжірибедегі құнды дүниені, әлеуметтік прогрестің жетістіктерін, қоғамдағы гуманизация мен демократия жемісін жинақтаушы қызметін атқарады.

Қазіргі кезеңде педагогика ғылымының бір ерекшелігі — баланың тұлғалық дамуына бағытталған оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы. Ал бұның өзі ұстаздар қауымына зор жауапкершілік, үлкен міндет жүктейді. Оқыту технологиясы оқыту мазмұнын жүзеге асыру жолындағы алға қойған мақсатқа жетудің тиімділігін қамтамасыз ететін оқытудың әдіс, құрал және түрлерінің жүйесі болып табылады. Қажетті мазмұнды, тиімді әдістер мен құралдарды бағдарлама мен қойылған педагогикалық міндетке сәйкес іріктей білу мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне байланысты. Осыған байланысты, әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Себебі, мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру инновациялық технологияны ендіруді міндеттейді. Білім беруді реформалауды жүзеге асырудың маңызды бір сипаты қазіргі уақыттағы оқыту үрдісін технологияландырудың қажеттілігінен туып отыр. Осыған орай, соңғы кезде оқытудың әр түрлі инновациялық технологиялары жасалып, енгізіліп жатыр.

Инновациялық технологиялар түрлеріне жатады: ынтымақтық педагогикасы; білім беруді ізгілендіру технологиясы; проблемалы оқыту технологиясы; тірек сигналдары арқылы оқыту технологиясы; түсіндіру басқарып оза оқыту технологиясы; деңгейлік саралап оқыту технологиясы; міндетті нәтижеге негізделген деңгейлеп саралап оқыту технологиясы; модульдік оқыту технологиясы; жобалап оқыту технологиясы; дамыта оқыту технологиясы, компьютерлік технология, ойын технологиясы және т. б. көптеген технологиялар. Ал соңғы жылдары оқытудың М.Жанпейісованың модульдік технологиясы мен В. М. Монаховтың оқытудың ұжымдық тәсілі, сондай-ақ профессор Ж.Қараевтың оқытуды дербестендіру мен ізгілендіру ұстанымдарына негізделген инновациялық компьютерлік технологиясын еліміздің көптеген мемлекеттерінде қолданып жүр.

Инновациялық құбылыстар білім беру саласында өткен ғасырдың сексенінші жылдарында кеңінен тарала бастады. Әдетте инновация бірнеше өзекті мәселелердің түйіскен жерінде пайда болады да, берік түрде жаңа мақсатты шешуге бағытталады, педагогикалық құбылысты үздіксіз жаңғыртуға жетелейді. Масырова Р., Линчевская Т. «Жаңару» (новшество) дегенімізді былай деп түсіндіреді: «Жаңару – белгілі бір адам үшін әділ түрде жаңа ма, әлде ескі ме оған байланысты емес, ашылған уақытынан бірінші қолданған уақытымен анықталатын жаңа идея.

Ал жалпы инновацияны модификациялық, комбинаторлық, радикалдық деп үш түрге бөлуге болады.

Модификациялық инновация – бұл бұрын қолда барды дамытумен, түрін өзгертумен айналысу. Бұған В. Ф. Шаталовтың математикаға жазған тірек конспектісі және оны көптеген мұғалімдердің пайдалануы мысал бола алады.

Комбинаторлық модификация – бұрын пайдаланылмаған, белгілі әдістеме элементтерін жаңаша құрастыру. Бұған пәндерді оқытудың қазіргі кездегі әдістемесі дәлел.

Радикалдық инновация – білімге мемлекеттік стандарттарды енгізу жатады. Мемлекеттік стандарт білім беруде, негізінен, мөлшерлерді, параметрлерді, деңгейлік және сапалы оқытудың көрсеткіштерін қалыптастырады.

Әрбір инновациялық технология жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға, оның өзіндік және шығармашылық қабілетін арттыруға, қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға және өзін-өзі дамытуда қолайлы жағдай жасауға қажетті объективті әдістемелік мүмкіндіктерін қамтиды.

Енді осы инновациялық технологиялардың кейбіреулерінің ерекшеліктеріне тоқталсақ, мәселен, ойын элементтерін қолдана отырып мұғалім оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын, зейінін арттыру мақсатында; проблемалы тапсырмалар сабақтағы қорытындылардың қандай және қалай пайда болғандығын дәлелдейді және логикалық ойлауға ғылыми іздену жолына бағыттау; Шаталовтың әдістемесі жаңа материал мазмұнын түрлендірсе, қайталау жолымен есте сақтауды қамтамасыз ету; деңгейлеп саралап оқыту технологиясының принциптері — оқытуды ізгілендіру мен демократияландыру жағдайында; дифференциалап оқыту — әр оқушының қабілетін, бейімділігін, қызығушылығын ескере отырып, жеке жасын дамыту қамтамасыз ететін білім беру болып табылады.

Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялармен жұмыс істеу үшін төмендегідей алғышарттар қажет: — оқу үдерісін интенсификациялаушы жаппай қолға алу; — оқушылардың сабақтастығын болдырмау шараларын кешенді түрде қарастыру. Оқытудың инновациялық технология бойынша әдістемелік жүйесі сапалы нәтижеге жеткізуге мүмкіндік беретін танымдық іс-әрекеттер түрлерінің мазмұнымен тікелей байланысты. Сондықтан инновациялық әдіс-тәсілдерді оқыту үдерісіне енгізу барысында танымдық іс-әрекеттер түрлерінің мазмұнын, белгілі деңгейде белсенділігін көздейді. Инновациялық үдерістің негізі — жаңалықтарды қалыптастырып жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады.

Жаңа технологияның принциптері — оқытуды ізгілендіру, өздігінен дамытын, дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі жетілдіріп тәрбиелеуші тұлға қалыптастыру болып табылады. Мұғалімдердің оқыту технологияларын меңгеруде педагогикалық кеңестер, әдістемелік бірлестіктер, олардың зерттеушілік жұмыстары, шығармашылық іс-әрекеттері пайдаланылады. Барлық жаңа технологияның алдымен қоятын мақсаты — оқушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылықтарын қалыптастыру.

Педагогика ғылымында баланы оқыту мен тәрбиелеудің міндеті - жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болғандықтан, жаңа технология бойынша әдістемелік жүйенің басты бөлігі оқыту мақсаты болып қалады.

Педагогикалық технологияны меңгерудің міндеттері, жолдары, қолданудың әдіс-тәсілдері, сонымен қатар, педагогикалық технологияның түрлері оны оқу-үдерісінде қолданудың тиімділігі қарастырылады.

Жаңа педагогикалық технологияларды пайдалан, даярлаудың қазіргі кездегі қалыптасқан жүйесі, оның құрылымын, ұйымдастырылуын, білім беру жүйесіндегі инновациялық үрдістерімен өзара байланысын қайта қарауды талап етеді¹.

Қазіргі білім беру жүйесіндегі инновациялық оқыту дәстүрлі дидактикамен қатарласа жүргенімен, оның өзіндік айырмашылықтарымен өзгешеліктеріне мән беруге тура келеді. Мәселен, оқытудағы ұстаным оқыту бағдарламаларында көрсетілген нұсқауды орындап, ондағы мағлұматтарды беру, оны қайталап пысықтап меңгерту болса, инновациялық оқытудағы мақсат-іс-әрекет барысында қабілетін оятып, түрлі жағдай жасау арқылы олардың өзінше әрекеттенуіне жаңа педагогикалық технологиялардың танымалдыққа ие: саралап оқыту; дамыта оқыту; деңгейлеп оқыту; шоғырландырып, қарқынды оқыту; модульдік оқыту; блок-модульдік оқыту; жобалап оқыту технологияларымен қатар, тікелей ақпарттық – коммуникациялық технологиялар көмегімен жүзеге асырылатын: компьютерлік технология; мультимедиа технологиясы; қашықтықтан оқыту технологиясы; желілік

¹ Бұзаубақова К. Ж. Инновациялық технология. – Алматы, 2009.

технология; интернет технология; интерактивтік технология деп аталатын түрлерін білім берудегі инновациялық технологиялар тобына жатқызамыз¹.

Барлық жаңа технологияның алдымен қоятын мақсаты — білім алушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылықтарын қалыптастыру болып табылады.

Қазіргі білім беру саласындағы инновациялық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты білгір тұлға болу мүмкін емес. Инновациялық технологияны меңгеру мұғалімнің зейін-зерделік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген ұстаздық келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі.

Библиографиялық тізім

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319
2. Бөрібекова Ф. Б., Жанатбекова Н. Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар. Алматы: 2014.-360 б.
3. Бұзаубақова К. Ж. Инновациялық технология. — Алматы, 2009.
4. Сарбасова Қ.А. Инновациялық технологиялар. Алматы, 2006.

УДК: 378.1

Утенова А. А.

заң ғылымдарының магистрі

Ш. Есенов атындағы Каспий

технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қаласы

aigul.utenova@yu.edu.kz

UDC: 378.1

Utenova A. A.

master of law

Caspian Sea named after sh. Yessenov

University of technology and engineering, Aktau

aigul.utenova@yu.edu.kz

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ АЛДЫН АЛУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Аңдатпа

Қазіргі уақытта қылмыстылықты, соның ішінде, кәмелетке толмаған тұлғалар қылмыстылығын зерттеу мәселесі өзекті мәселеге айналып отырғаны шындық жалпы алғанда, қылмысты жасайтын тұлғаларға ғылыми тұрғыдан зерттеу жүзеге асырылмаса, тұтастай алғандағы қылмыстылықпен тиімді күрес жүргізу мүмкін болмайды. Криминологтар, психологтар, заңгерлер кәмелетке толмағандар қылмыстылығының деңгейі қоғамдық өнегеліктің, әлеуметтік институттар қызметінің тиімділігі, тұтастай алғандағы қоғамның қолайлы және қолайсыз факторларының көрінісі болып табылатындығын атап көрсетеді. Қоғамды реформалаудағы шалағайлықтармен, сондай-ақ өздерінің жағымысыз

¹ Сарбасова Қ.А. Инновациялық технологиялар. Алматы, 2006.

ықпалдарын сақтап қалған дәстүрлі криминогендік факторлар (маскүнемдік пен нашақорлық, отбасылық-тұрмыстық өрістердегі жағымысыздықтар және т.б.) қылмыстылықтың өсуіндегі негізгі себептер ретінде қалып отыр. Сонымен бірге, кәмелетке томағандар мен жастар арасындағы қылмыстылықтың сапалық тұрғыдан алғанда да өзгерістерге ұшырауы өзіне назар аудартып отыр. Қазіргі уақытта кәмелетке толмағандардың қылмыстылығы өзінің ұйымдастырылуы деңгейінің жоғары болуымен және топтық сипатымен көзге түседі. Қазіргі қоғамда ол күмәнсіз түрде жылдам өсіп, оның сипаты мен құрылымы тез өзгерістерге ұшырайды. Анықталған топтық қылмыстардың әрбір үшіншісі кәмелетке толмағандардың қатысуымен жасалады. Заңнамада ұзақ мерзімдерге бас бостандығынан айыру жазасы көзделген ауыр және аса ауыр қылмыстар санының арта түсуі қоғамда ерекше алаңдаушылық туғызып отыр. Қазіргі уақытта қасақаналықпен адам өлтіру немесе соған оқталу, денсаулыққа ауыр зиян келтіру, қарақшылық шабуыл, тонау, ұрлық және кәнігі бұзақылық кәмелетке толмағандармен жасалатын қылмыстардың қатарынан әлдеқашан орын алған. Аталған қылмыстардың жасалуының барысында пайдакүнемдік, қатігездік, садизм, агрессия, кәмелетке толмағандардың белгілі аумақтарды өздерінің бақылауында ұстауға тырысуы жиі көрініс табуда. Кәмелетке толмағандарды криминалды бизнес өрісіндегі белсенділіктері де арта түсуде. Нашақорлық, уытқұмарлық және маскүнемдік пен алкоголизм салдарынан жасалатын қылмыстар саны артуда. Кәмелетке толмағандар арасында жыныстық бейморалдық барынша кең етек алуда.

Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстылық, солардың қатарында зорлық-зомбылық қылмыстарының жасалу себептері мен оларды туындататын факторлар, кәмелетке толмаған қылмыскердің жеке басының қалыптасуының негізгі ерекшеліктері ғылыми тұрғыдан терең зерттеуді талап ететіндігі ақиқат.

Түйінді сөздер: алдын алу, зорлық-зомбылық қылмыстары, кәмелетке толмағандар, себептері, алдын алу шаралары, әлеуметтік бейімдеу.

THE ROLE OF INFORMATION IT TECHNOLOGY IN ACTIVATING THE ANTI-CORRUPTION POTENTIAL OF CIVIL SOCIETY

Abstract

Currently, the problem of studying crime, including juvenile delinquency, is becoming relevant. In general, it is impossible to effectively fight crime in general if criminal research is not carried out from a scientific point of view. Criminologists, psychologists, and lawyers emphasize that the level of juvenile crime is a reflection of public morality, the effectiveness of social institutions, favorable and unfavorable factors of society as a whole. Given the lag in reforming society, the main reasons for the increase in crime remain traditional criminogenic factors (alcoholism and drug addiction, troubles in the family and household sphere, etc.), which have retained their unpleasant influence. At the same time, qualitative changes in crime among minors and young people attract attention. Currently, juvenile crime is characterized by a high level of organization and group character. In modern society it is undoubtedly growing rapidly, and its character and structure are changing rapidly. Every third identified group crime was committed with the participation of minors. Of particular concern in society is the increase in the number of serious and especially serious crimes punishable by long terms of imprisonment. Currently, crimes committed by minors have long included murder or attempted murder, grievous bodily harm, robbery, robbery, theft and criminal mischief. When committing these crimes, selfishness, cruelty, sadism, aggression, and attempts by minors to keep certain territories under their control are often manifested. The activity of minors in the criminal business is also increasing. The number of crimes committed as a result of drug addiction, alcoholism, as well as drunkenness and alcoholism is increasing. Sexual immorality is becoming increasingly common among minors.

Indeed, juvenile delinquency, including the causes of violent crimes and the factors causing them, the main features of the formation of the personality of a juvenile offender, require in-depth research from a scientific point of view.

Key words: prevention, violent crimes, minors, causes, preventive measures, social adaptation.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығы бірқатар жағымсыз факторлардың және сыртқы ықпалдардың, сондай-ақ кәмелетке толмаған қылмыскердің жеке басына тән қасиеттердің ұштасуларымен шартты болады. Негізінен алғанда, қылмысты «қиын» деп аталатын жасөспірімдер жасайды. Отбасында қалыптасқан жағымсыз жағдай «қиын» жасөспірімнің пайда болуының, оның қалыптасуының негізгі шарттарының бірі болып табылады, себебі отбасы өтпелі кезеңдегі жасөспірімнің жеке басына ықпал ететін барынша маңызды фактор болып табылады.

Баланың адам болып қалыптасуы, ең алдымен, отбасыға байланысты. Отбасы бала өмірінің жағдайын тудыратын, реттейтін орта болғандықтан, ол әртүрлі таңданыс пен өкініштердің қайнар көзі ретінде жат қылықтардан жирендіретін, дұрыс жолға бағыттап, басқаратын күш, өмірдегі тірек және де алғаш тәрбиелік орта болып табылады.

Көптеген өмірде болып жататын жағдайлар қылмыс жасаған балалар мен олардың ата-анасын бақылағанда, отбасы жағдайының жалпы келеңсіз жақтары, отбасы тәрбиесінің бұзылуы баланың жанына қатты әсер еткенін, оның тәртіп жағынан құлдырап, құқық бұзуға дейін әкелгенін дәлелдеп береді.

Кәмелетке толмағанның өсуіне, тәртібіне, мінезінің қалыптасуына жоғарыда айтып өткендей, отбасы тәрбиесі зор. Осыған орай, А.М. Решетина: «Баланы адам етіп қалыптастыру бастамасы ең кішкентай (шағын және аса маңызды) әлеуметтік орта – отбасында жүзеге асады», – деген болатын.

Себебі, кәмелетке толмағандар қылмыстылығының құрылымындағы белгілі бір жағымсыз тенденциялар, атап айтқанда материалдық және әлеуметтік қамтамасыз етулердегі тұрақсыздықтар, отбасындағы қолайсыз жағдайларға байланысты бақылаудан тыс қалу, ата-аналар мен оларды алмастыратын адамдардың тараптарынан қадағалаудың болмауынан, жасөспірімдер мен жастарды қоғамға пайдалы еңбекпен қамту мәселесінің шешілмеуі, олардың құнының тым қымбат болуына байланысты демалыс орындарының қол жетімсіздігі нәтижесінде тұрақты тұрғылықты жерлері жоқ, қаңғыбастықпен айналысатын балалар мен жасөспірімдер саны артқан.

Жасөспірімдердің бақылаусыздығы және панасыздығымен күресу мәселесі барынша өзекті, осынау құбылыстарды сауықтыру және олардың алдын алу олармен күрес жүргізудің бағыттарының бірі болып табылады. «Кәмелетке толмағандардың бақылаусыздығы мен құқықбұзушылығының алдын алу бұл – кәмелетке толмағандармен, әлеуметтік жағынан қауіпті жағдайда қалған отбасыларымен жеке алдын алушылық жұмыстармен жиынтықта жүргізілетін кәмелетке толмандардың бақылаусыз қалуының, панасыздығының, құқықбұзушылықтары мен қоғамға қарсы әрекеттерінің себептерін анықтау мен оларды жоюға бағытталған әлеуметтік, құқықтық, педагогикалық және басқа да шаралардың жүйесі».

Қазіргі уақытта жасөспірімдерге, жастарға деген көзқарас, әсіресе құқық бұзушылықтың алдын алу, оны туғызатын себептер мен шарттарды жою тұрғысында өте пәрменді, тиімді және кешенді түрде жүргізілуі тиіс. Өйткені қылмыс дегеніміз – әлеуметтік дерт, ал жасөспірімдердің қылмыстылығы – өте үлкен дерт, жасөспірімдер қылмыс жасап отырған кезде мұндай құбылысқа төзуге болмайды.

Кәмелетке толмағандар қылмыстылығы, болашақтағы ересектер қылмыстылығының резерві, оның қайнар көзі ретінде рөл ойнайды, сондықтан кәмелетке толмағандар қылмыстылығының алдын алу мемлекеттік маңызы бар мәселе деп ойлаймыз.

Кәмелетке толмағандардың зорлық-зомбылық қылмыстарының алдын алуда аса маңызды рөл ішкі істер органдарына беріледі.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ресми сайтында берілген мәліметтерді зерттегенде кәмелетке толмағандардың зорлық-зомбылық қылмыстарына, сондай-ақ тұтастай алғандағы қылмыстылыққа қарсы іс-қимылдың басты бығыты ретінде негізінен алғанда мыналар саналады:

- мәжбүрлеу және жазалау шараларымен салыстырғанда қорғау шараларына басымдық беріп, алдын алу тәжірибесін ізгілендіру;

- тәрбиелеу, қорғау және алдын алу қызметі субъектілерінің кәсіби деңгейін арттыру.

Кәмелетке толмағандардың ауытқушылық жүріс-тұрыстарын түзейтін тәжірибелік мамандар болып табылатын әлеуметтік қызметкерлер, психологтар, педагогтар үшін дайындық шараларын өткізу берілген бағыттың негізін құрайды.

Кәмелетке толмағандардың қоғамдық және отбасылық тәрбиелік жағдайларын сауықтыру; кәмелетке толмағандарды әлеуметтендірудің аса маңызды институты ретіндегі отбасының рөлін көтеру берілген мамандардың аса маңызды міндеті¹.

Отбасыларына құқықтық, әлеуметтік, психологиялық және медициналық көмек көрсетудегі әлеуметтік шараларды толық көлемінде жүзеге асыру қажет. Әлеуметтік қауіпті топқа кіретін отбасыларға ерекше назар аудару талап етіледі.

Кәмелетке толмағандардың зорлық-зомбылық қылмыстарына қарсы іс-қимыл ішкі істер органдарымен екі деңгейде жүзеге асырылуы тиіс: жалпы және дербес түрде.

Қарсы іс-қимыл мен алдын алудың жалпы деңгейі өзіне келесідей бағыттарды кірістіреді:

- кәмелетке толмағандардың қылмыстылығының себептілігімен байланысты жағымсыз және теріс факторлардың ықпалын шектеу;

- күш қолданушылық қылмыстылыққа ықпал ететін себептерге тікелей әсер ету;

- зорлық-зомбылық қылмыстарын жасауы ықтимал жасөспірімдерге тікелей ықпал ету;

- қоғамға қарсы бағыт ұстанатын топтарға кіретін кәмелетке толмағандарға ықпал ету.

Осындай кәмелетке толмағандар зорлық-зомбылық қылмыстарын жасауы мүмкін немесе жасаған болуы, сондай-ақ оларды жасауға өзге кәмелетке толмағандарды тартуы мүмкін. Жоғарыда атап көрсетілген бағыттарды басшылыққа ала отырып, ішкі істер органдары күш қолданушылық қылмыстарын жасауға қабілетті кәмелетке толмағандардың бірнеше топтарын ажыратып көрсетеді. Бұл топқа:

- қоғамға жат өмір салтын кешетін, атап айтқанда спирттік ішімдіктерді тұтынатын, наркотикалық құралдарды қабылдайтын, оқымайтын немесе қоғамға пайдалы еңбекпен айналыспайтын;

- арнайы оқу орындарынан немесе мектептерден келген;

- тәрбиелеу мекемелерінен бостандыққа шыққан;

- сотталған немесе бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаға тартылған кәмелетке толмағандар жатады.

Берілген санаттың өзіндік ерекшеліктерін есепке алатын болғандықтан кәмелетке толмағандардың қылмыстылығына қарсы іс-қимылдың дербес деңгейі барынша үлкен, бірінші деңгейдегі маңызға ие болады. Кәмелетке толмағандардың зорлық-зомбылық қылмыстылығына қарсы іс-қимыл үшін жеке алдын алу шараларын жүзеге асыру қажет.

Жеке алдын алу шаралары өзіне шаралардың екі тобын кірістіреді. Олардың бірінші тобы кәмелетке толмаған адамның тікелей өзіне әсер ететін болса, екінші тобы оны қоршаған әлеуметтік микро ортаға әсер етеді. Дербес алдын алу шараларын жоспалау және жүргізу

¹ Торгаутова Б.А., Қыдырбаев С... Проблемы профилактики насильственных преступлений, совершаемых несовершеннолетними, и пути их совершенствования. Eurasian Scientific Journal of Law. 2023;(2 (3)):39-44. <https://doi.org/10.46914/2959-4197-2023-1-2-39-44>.

барысында қылмыстық іс-әрекеттерді жасауы ықтимал кәмелетке толмаған адамның мінез-құлқы барынша мұқият зерттелуі тиіс.

Олардың көмегімен айқындалған мақсаттарға қол жеткізуге болатын қажетті шараларды айқындау және тағайындау үрдісі, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың зорлық-зомбылық қылмыстарының алдын алулардың дербес шараларына бақылау жасаудың және олардың тиімділігін анықтаудың мақсатты бағыттағы әдістерін жасақтаудың маңызы аз болмайды.

Кәмелетке толмағандарды түзету және қайта тәрбиелеу, олардың криминогендік бағдарларын өзгерту олармен жасалатын зорлық-зомбылық қылмыстарының дербес алдын алу шараларының басты мақсаты деп саналады¹.

Дербес алдын алу немесе сауықтыру шаралары ақпараттардың келесідей жүйесінен тұрады:

- белгілі бір жағдайларда қылмыстық жүріс-тұрыстың себебі бола алатын кәмелетке толмағандардың теріс және жағымсыз қасиеттерін зерттеу;

- денсаулық жағдайында ауытқушылықтың немесе жасөспірімнің психикалық кемшілігін дәлелдейтін белгілердің бар немесе жоқ екендігін зерттеу.

Аталған мәліметтерді алу үшін мамандандырылған орталықтарда және мекемелерде кәмелетке толмаған қылмыскердің жеке басының психологиялық-педагогикалық диагностикасын жүзеге асыру талап етіледі.

Кәмелетке толмағандардың зорлық-зомбылық қылмыстарына қарсы іс-қимылдың әдістері мен амалдары жасөспірімнің еркіне, санасына және сезімдеріне ықпал етуі тиіс. Осындай әдістер екі тәсілмен жүзеге асырыла алады: тікелей немесе зорлық-зомбылық қылмыстарының алдын алуға қатысушылар болып табылатын үшінші тұлғалар арқылы.

Ішкі істер органдарының қызметкерлерімен жүргізілетін әңгімелер, сондай-ақ әлеуметтік және қоғамдық пайдалы еңбек, мәдени және спорттық жаттығуларға тарту жасөспірімге дербес ықпал етудің амалдары мен әдістерін пайдаланудың басты ұйымдастырушылық-тактикалық нысандары саналады. Алдын алу шараларын жүргізумен айналысатын тұлға кәсіпқойлықтың жоғары деңгейіне, терең психологиялық, педагогикалық және құқықтық білімге ие болуы тиіс.

Алдын алу шараларын пайдаланудың табысты болуы тек оларды дұрыс қолданудың барысында, атап айтқанда, шараларды кәмелетке толмағандардың арасындағы зорлық-зомбылық қылмыстарының себептерін еңсеруге немесе алдын алуға емес, оларды түпкілікті жоюға бағытталуы тиіс.

Кәмелетке толмағандардың зорлық-зомбылық қылмыстарының алдын алу және қарсы іс-қимыл мәселелерін қарастыра отырып, қазіргі уақытта біздің елімізде осы бағытта белгілі бір шаралар қабылданған:

- кәмелетке толмағандар үшін ювенальды юстиция жүйесі жасақталған;

- еліміздің кейбір аймақтарында қауіпті топқа кіретін жасөспірімдермен жұмыс жүргізу әдістері бойынша арнайы білім беру курстары ұйымдастырылған;

- жасөспірімдерді торығушылық, күрделі және ауыр ситуациялардан, мысалы, жұмыстан шығып қалғанда, ата-анасының біреуі отбасын тастап кеткенде немесе өзі отбасынан кетіп қалғанда, наркотикалық және спирттік ішімдіктерді тұтыну барысында, махаббат немесе достық қатынастарындағы сәтсіздіктер кейін орын алған жағдайлардан шығарудың әртүрлі әдістері талдануда.

Осылайша, кәмелетке толмағандардың тарапынан зорлық-зомбылықтың көрініс табуының феномені, сондай-ақ зорлық-зомбылық қылмыстарын жасауы олардың тұрмыс, отбасы, мәдениет, білім, сана саласына еніп кеткен.

¹ Васильев В.Л. *Юридическая психология: Учебник для вузов*. 6-е изд. 2009 - 608с.

Кәмелетке толмағандар үшін зорлық-зомбылық жасау кейбір реттерде өмір дағдысына, дәстүрлер мен әдеттерде орнығу, қоғамдық және жеке құндылықтар жүйесіне ену құралдарына айналып барады.

Осы құбылысқа қарсы іс-қимыл үрдісі кәмелетке толмағандардың зорлық-зомбылық қылмыстарының алдын алуға, сондай-ақ дұрыс отбасылық тәрбиенің, жан-жақты мектептік және демалыстық қамтамасыз етудің көмегімен зерттелудегі тұлғалар санатының теріс мотивациясын жағымды жағына өзгертуге тікелей тәуелді.

Кәмелетке толмағандардың зорлық-зомбылық қылмыстылығын азайту немесе толықтай жою үшін оған қарсы іс-қимылдың және олардың алдын алудың пәрменді және мақсатты бағыттағы іс-шараларын жүзеге асыру талап етіледі.

Қылмыстылыққа қарсы іс-қимылдың басты міндеті кәмелетке толмағандар қылмыстылығының деңгейін төмендету, кәмелетке толмаған қылмыскерлердің басқа жасөспірімдерге одан әрі ықпал етулеріне жол бермеу. Аталған міндет кәмелетке толмағандардың зорлық-зомбылық қылмыстылығына қарсы іс-қимылдың әдістері мен амалдарын тек дұрыс және тиімді қолдана білгенде ғана шешілуі мүмкін.

«Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 591 Заңының қабылдануы нәтижесінде қадағалаусыз және панасыз қалудың және кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының алдын алдын алудың, олардың құқықтарын қорғаудың мемлекеттік жүйесін нақтылау жүзеге асырылды.

Заңның қабылдануының нәтижесінде:

- қазіргі уақытта Қазақстанда қараусыз және панасыз қалған балалардың бар екендігі ресми түрде танылды;

- кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы саласындағы мемлекеттік органдардың негізгі міндеттері анықталды;

- аталған міндеттері орындауды жүзеге асыратын мекемелер нақты белгіленді.

Заңның 4-бабына сәйкес кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың негізгі міндеттері ретінде мыналар айқындалған:

- 1) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз, панасыз қалудың және қоғамға жат іс-әрекеттердің алдын алып, олардың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою;

- 2) кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету.

Заңның 6-бабында «кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалу профилактикасының жүйесіне ішкі істер, білім беру, денсаулық сақтау органдары, халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды үйлестіретін мемлекеттік орган, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялар және өз құзыреті шегінде өзге де мемлекеттік органдар кіреді» деп атап көрсетілген. Сонымен қатар Заңда ішкі істер, білім беру, денсаулық сақтау органдарында және жергілікті атқарушы органдарда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы жөніндегі жекелеген функцияларды жүзеге асыратын мекемелердің құрылуының мүмкіндігі қарастырылған.

Сонымен бірге өзге ұйымдардың кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар, қадағалаусыз және панасыз қалу жағдайының профилактикасына Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қатыса алатындығы атап көрсетілген.

«Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабында ішкі істер органдарының құзыреті бекітілген.

Ішкі істер органдары, атап айтқанда, кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстардың алдын алуда үлкен рөл атқарады, өйткені олар қылмыстың жай-күйі, динамикасы мен құрылымы туралы, оның жекелеген түрлері бойынша, қылмыстың себептері мен жағдайлары туралы, қылмыс жасауға бейім адамдар туралы толық ақпаратқа ие. Жалпы профилактикамен айналыса отырып, ішкі істер органдары әлеуметтік өмірдің әртүрлі салаларында кәмелетке толмағандардың қылмыс жасауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды белгілейді, оларды жою жөніндегі шараларды әзірлейді және жүзеге асырады.

Жеке профилактиканы жүзеге асыра отырып, ішкі істер органдары өздерінің құқыққа қайшы мінез-құлқының нақты белгіленген фактілеріне сүйене отырып, қылмыс жасауды күтуге болатын адамдарды анықтайды және оларға қажетті тәрбиелік ықпал ету және олардың тарапынан аталған қылмыстардың алдын алу бойынша шаралар қабылдайды¹.

Жалпы профилактика міндеттерін шешу үрдісінде, ішкі істер органдары жасалған қылмыстар туралы деректерді талдайды, өз құзыреті шегінде қылмыстар мен басқа да құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін мән-жайларды жою жөнінде шаралар қабылдайды.

Осы айқындалған мәселелерді шешу үшін келесідей шаралар жасақталып, жүзеге асырылуы тиіс:

1. Әлеуметтанушылар, криминологтар, психологтар, заңгерлер мынадай жұмыстарды жүргізулері тиіс:

- кәмелетке толмағандар мен жастар қылмыстылығының себептері мен шарттарын тұрақты түрде зерттеуді;

- жас қылмыскерлермен профилактикалық жұмыстарды жүргізудің негізгі қағидаларын және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етілуін жасақтауды;

- кәмелетке толмағандар тәрбиелеу мекемелерінен босатылғаннан кейін олардың медициналық, психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік, еңбектік бейімделуінің жаңа түзету-бейімдеу технологияларын және бағдарламаларын енгізу.

2. Кәмелетке толмағандар мен жастар қылмыстылығы жалпы қылмыстылықтың ажырамас бөлігі болып табылатындығына байланысты, онымен ортақ шарттар және себептермен айқындалады, бірақ осының барысында тек өзіне тән болатын себептіліктерге байланысты орын алады кәмелетке толмағандардың және жастардың қылмыстылығының профилактикасы және алдын алу келесідей бағыттарда бір мезгілде жүзеге асырылуы тиіс: жалпы алғандағы қылмыстылықтың шарттарына және себептеріне ықпал ету, сондай-ақ жасөспірімдер қылмыстылығы үшін себеп болып табылатын жағдайларды бейтараптандыру және жою.

3. Отбасындағы және мектептегі тәрбиелеуді жақсарту жолымен қалыптан ауытқитын жүріс-тұрыстың алдын алуды жетілдіру.

4. Педагогикалық (психологтарды, басқа саладағы мамандарды шақырумен) ұжымдарда мектептегі тәрбиелеу үрдісін жүзеге асыру барысында кездесетін қиындықтармен байланысты мәселелерді үнемі талқылап отыру, осының барысында құқықтану бойынша оқу-жаттығу жұмыстарының сағаттарын кәмелетке толмағандар ісі бойынша инспекторларға беруді қарастыру.

5. Кәмелетке толмағандардың құқықбұзушылықтары профилактикасы субъектілері инспекторлар, қалыпты жағдайдан ауытқитын мінез-құлық психологиясы өрісіндегі заманауи ғылыми жетістіктермен жеткілікті таныс болмағандықтан кәмелетке толмағандармен жұмыс жасайтын инспекторлармен, құқық қорғау органдарының өзге де қызметкерлерімен кәмелетке толмағандардың құқықбұзушылықтарының профилактикасы

¹ Чуфаровский Ю. В. Юридическая психология: учебник / Ю. В. Чуфаровский. — 3-е изд., перераб. и доп. — М.: Проспект, 2013. — 480 с.

мен олардың алдын алу мәселелері бойынша семинар-тренингтер өткізу және оларға осы мәселені зерттеумен айналысатын ғылыми қызметкерлердің, мамандардың қатысуын қамтамасыз ету.

6. Біздің ойымызша, ішкі істер органдарының (полицияның) базасында жасөспірімдерге арналған кеңес беру орталықтарын ұйымдастырған дұрыс, оларда формальдықсыз жағдайларда әртүрлі салалардағы мамандар кәмелетке толмағандар мәселесін талқылап, оларға психологиялық және құқықтық көмек беруді ұйымдастыруы керек.

7. Кәмелетке толмағандар мен жастар қылмыстылығының алдын алу бойынша тәрбилеу және профилактикалық жұмыстарды тек құқық қорғау органдарының арнайы қызметі деп қарастыруға болмайды. Аталған органдардың құзыретінің шегінен шығатын қоғамға қайшы құбылыстардың бірқатар әртүрлі нысандары бар, оларды шешу кешенді әдістерді, сондай-ақ профилактикалық жұмыстармен айналысуы тиіс барлық субъектілердің күш-жігерлерін үйлестіруді талап етеді¹.

Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандар жасайтын зорлық-зомбылық қылмыстарының алдын алуға көңіл бөлінбеу, алдын алу шараларының жеткіліксіздігі және қоғамдағы құқықтық сана мәдениетінің төмендігі сияқты осы құбылысқа әкелетін негізгі проблемалар айқындалған. Мақалада зорлық-зомбылық қылмыстарының алдын алуды жетілдіру, оның ішінде зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша іс-шаралардың санын арттыру, құқық және құқық қорғау органдары тарапынан бақылауды күшейту, жастардың өмір сүру жағдайлары мен тәрбиесін жақсарту, қоғамдық ұйымдармен бірлесіп жұмыс істеу бойынша нақты шаралар ұсынылған. Осы іс-шаралардың негізінде кәмелетке толмағандар тарапынан жасалған зорлық-зомбылық қылмыстарының алдын алуға және қоғамдағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге болады. Сондай-ақ кәмелетке толмағандар арасындағы зорлық-зомбылық қылмысының ең қауіпті түрі ретінде оның алдын алудың ерекше маңыздылығы атап өтілді.

Библиографиялық тізім

1. Торгаутова Б.А., Қыдырбаев С... Проблемы профилактики насильственных преступлений, совершаемых несовершеннолетними, и пути их совершенствования. Eurasian Scientific Journal of Law. 2023;(2 (3)):39-44. <https://doi.org/10.46914/2959-4197-2023-1-2-39-44>.
2. Васильев В.Л. Юридическая психология: Учебник для вузов. 6-е изд. 2009 - 608с.
3. Чуфаровский Ю. В. Юридическая психология: учебник / Ю. В. Чуфаровский. — 3-е изд., перераб. и доп. — М.: Проспект, 2013. — 480 с.
4. «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 591 Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000591>

¹ «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 591 Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000591>

ӘОЖ 343/1

Чигантаев К.С.

Ш.Есенов атындағы Каспи технологиялар

және инжиниринг университеті

Құқықтану мамандығының 1-курс магистранты

Yessenov University, Ақтау қ.

Ғылыми жетекші: профессор, PhD **Нурмаганбет Е.Т.**

UDC 343/1

K. S. Chigantaev

Kaspi technologies named after sh. Yessenov

University of engineering and engineering

1st year master's student of the specialty jurisprudence

Yessenov University, Aktau

Scientific supervisor: Professor, PhD **Nurmaganbet E.T.**

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚУДАЛАУДЫ ЖҮРГІЗЕТІН ОРГАНДАРҒА ПРОКУРОРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ ЖҮРГІЗУДІҢ ЖҮЙЕСІ, ТӘРТІБІ, ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗІ

Аннотация

Бұл ғылыми мақалада қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын органдарға прокурорлық қадағалау жүргізудің жүйесіне, тәртібіне және құқықтық негізіне шолу жасайды. Прокурордың қылмыстық процесте заңдылықтың сақталуын бақылаудағы рөлі, оның өкілеттіктері мен жауапкершілігі қарастырылады. Қылмыстық іс жүргізу заңнамасын және прокурорлық органдардың ішкі нормативтік құжаттарын қоса алғанда, осы саладағы прокуратураның қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер талданады. Қылмыстық істер материалдарын алдын ала талдауды, қабылданатын шешімдердің заңдылығы мен негізділігін тексеруді, сондай-ақ заң бұзушылықтар анықталған жағдайда прокурор қабылдайтын шараларды қоса алғанда, прокурорлық қадағалаудың негізгі кезеңдері жария етіледі. Қорытындылай келе, қылмыстық сот төрелігі саласында құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету және азаматтардың құқықтарын қорғау үшін прокурорлық қадағалаудың маңыздылығына баса назар аударылады.

Түйінді сөздер: прокурорлық қадағалау, қылмыстық қудалау, заңдылық, құқықтық тәртіп, қылмыстық іс жүргізу заңнамасы, бақылау, прокурордың өкілеттіктері.

SYSTEM, PROCEDURE, LEGAL BASIS FOR PROSECUTORIAL SUPERVISION OF BODIES CONDUCTING CRIMINAL PROSECUTION

Anotation

This scientific article provides an overview of the system, procedure and legal basis for prosecutorial supervision of bodies that carry out criminal prosecution. The role of the prosecutor in monitoring compliance with the rule of law in criminal proceedings, his powers and responsibility are considered. Normative legal acts regulating the activities of the prosecutor's office in this area are analyzed, including Criminal Procedure legislation and internal regulatory documents of prosecutor's bodies. The main stages of prosecutorial supervision are disclosed, including a preliminary analysis of the materials of criminal cases, verification of the legality and validity of decisions taken, as well as measures taken by the prosecutor in case of detection of violations of the law. In conclusion, the emphasis is placed on the importance of prosecutorial supervision in the field of criminal justice to ensure law and order and protect the rights of citizens.

Keywords: prosecutorial supervision, criminal prosecution, legality, law and order, criminal procedure legislation, control, powers of the prosecutor.

Қылмыстық қудалауды жүргізетін органдарды прокурорлық қадағалау қылмыстық процесте әділеттілікті, заңдылықты және құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Бұл бақылау тетігі құқық қорғау органдарының іс-әрекеттерінің заңға сәйкестігін қамтамасыз етеді және азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғайды. Осы кіріспеде біз прокурорлық қадағалаудың жалпы сипаттамасын, оның қоғам үшін маңыздылығын және осы ғылыми мақалада қарастырылатын негізгі аспектілерді қарастырамыз.

Қылмыстық процестегі прокурорлық қадағалау қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын құқық қорғау органдарының іс-әрекеттерінің заңдылығы мен негізділігінің сақталуын бақылау жүйесін білдіреді. Прокурорлық қадағалаудың негізгі міндеті-әділеттілік қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, сондай-ақ құқық қорғау органдарының теріс қылықтары мен заңсыз әрекеттерінің алдын алу.

Прокурорлық қадағалау қылмыстық істер материалдарын алдын ала қараудан бастап тергеу іс-қимылдарын жүргізудің, анықтаудың, қамауға алудың және бұлтартпау шараларын қолданудың заңдылығын тексеруге дейінгі қызметтің кең спектрін қамтиды. Прокурор заңның сақталуын қамтамасыз ету және шындықты анықтау мақсатында қылмыстық іс жүргізуге оның барлық кезеңдерінде араласуға құқылы.

Прокурорлық қадағалаудың негізгі құралдарына Құжаттаманы талдау, тексерулер жүргізу, сот отырыстарына қатысу және іс жүргізу шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы өтініштермен сотқа жүгіну кіреді. Прокурорлық қадағалау құқықтық тәртіп пен қоғамның қылмыстық сот төрелігі жүйесіне деген сенімін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Прокурорлық қадағалау бірнеше себептерге байланысты қоғамдағы заңдылықты сақтау және заңдылықты қамтамасыз ету үшін үлкен маңызға ие:

1. Заңның сақталуына кепілдік беру: прокурорлық қадағалау заңдар мен нормативтік актілердің орындалуын қамтамасыз етеді, бұл құқық қорғау органдары мен өзге де мемлекеттік институттар тарапынан заңсыз әрекеттердің алдын алуға ықпал етеді.

2. Азаматтардың құқықтарын қорғау: прокурорлық қадағалау азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған. Ол сот процесінің тәуелсіздігі мен бейтараптығын қамтамасыз етеді, бұлтартпау шараларының озбырлығы мен заңсыз қолданылуына жол бермейді.

3. Теріс пайдаланудың алдын алу: прокурорлық қадағалау құқық қорғау органдарында теріс пайдалану мен сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға ықпал етеді, өйткені прокурорлар олардың әрекеттерін бақылауға және бұзушылықтар анықталған жағдайда араласуға құқылы.

4. Әділеттілікке ықпал ету: прокурорлық қадағалау қылмыстық істер мен сот процестерін әділ және бейтарап шешуді қамтамасыз ету арқылы қоғамдағы әділеттілікті сақтауға көмектеседі.

5. Сот төрелігіне сенім: тиімді прокурорлық қадағалау азаматтардың сот төрелігі жүйесіне және жалпы мемлекеттік институттарға деген сенімін арттыруға ықпал етеді, бұл қоғамның тұрақтылығы мен дамуы үшін маңызды фактор болып табылады¹.

¹ Қылмыстық сот ісін жүргізуде адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтарын соттың қорғауы туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2010 жылғы 25 маусымдағы N 4 Нормативтік қаулысы.

Осылайша, прокурорлық қадағалау демократиялық принциптер мен азаматтардың құқықтарын нығайтуға ықпал ете отырып, құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуде және заңдылықты қорғауда шешуші рөл атқарады.

Прокурорлық қадағалау қылмыстық процесте заңдылықтың сақталуын тексеруге бағытталған прокурорлық органдар жүзеге асыратын бақылау жүйесін білдіреді. Қадағалаудың бұл түрі тергеу әрекеттерін жүргізудің заңдылығын тексеруді, бұлтартпау шараларын қолдану кезінде рәсімдерді сақтауды, қылмыстық істерді тергеудің дұрыстығын, сондай-ақ қабылданған сот шешімдерінің заңдылығын қоса алғанда, қызметтің кең спектрін қамтиды. Прокурорлық қадағалау әділеттілікті қамтамасыз етуге, азаматтардың құқықтарын қорғауға және құқық қорғау органдарының теріс қылықтарын болдырмауға бағытталған.

Прокурорлық қадағалау қылмыстық процесте заңдылық пен әділеттілікті қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Ол заңның сақталуының және азаматтардың құқықтарын қорғаудың кепілі болып табылады, сот процесінің тәуелсіздігін қамтамасыз етеді және озбырлық пен сыбайлас жемқорлықтың алдын алады. Прокурорлық қадағалау қылмыстық істердің заңға сәйкес қаралуын, ал сот шешімдерінің объективті дәлелдемелер мен құқық нормаларын дұрыс қолдану негізінде қабылдануын қамтамасыз ете отырып, құқықтық мемлекет қағидаттарының іске асырылуын қамтамасыз етеді.

Прокурорлық қадағалаудың негізгі функциялары:

1. Қылмыстық істер материалдарын алдын ала талдау және олардың заңдылығын тексеру: прокурорлық қадағалау қылмыстық істердің барлық материалдарын олардың заңдылығына және қылмыстық іс жүргізу заңнамасының нормаларына сәйкестігіне көз жеткізу үшін мұқият талдаудан басталады.

2. Тергеу әрекеттерін жүргізудің және бұлтартпау шараларын қолданудың заңдылығын бақылау: прокурорлар анықтау процесінде іс жүргізу қатысушыларының құқықтарының сақталуын қадағалайды, қамауға алудың заңдылығын және бұлтартпау шараларын қолдануды қамтамасыз етеді.

3. Сот отырыстарына қатысу және сотта айыптау мүдделерін білдіру: прокурорлар сот отырыстарында айыптау өкілі ретінде әрекет етеді, айыптау актісі мен дәлелдемелерді сотта ұсынады.

4. Қылмыстық істерді қозғау және оларды соттың қарауына жіберу: прокурорлар алдын ала тергеу нәтижелері мен тергеу әрекеттері барысында жиналған дәлелдемелер негізінде қылмыстық істер қозғау туралы шешім қабылдайды.

5. Заң бұзушылықтар анықталған жағдайда араласу және оларды жою жөнінде шаралар қабылдау: прокурорлар, егер заң бұзушылықтар анықталса, қылмыстық іс жүргізуге араласып, заңсыз шешімдердің күшін жоюды және азаматтардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіруді қоса алғанда, оларды жою жөнінде шаралар қабылдауы мүмкін.

Осылайша, прокурорлық қадағалау қылмыстық сот төрелігінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, заңдылықтың сақталуын және азаматтардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ қылмыстық істердің әділ шешілуіне ықпал етеді.

Қазақстан Республикасындағы Қылмыстық іс жүргізу заңнамасы прокурорлық қадағалауды реттейтін негізгі құқықтық негіз болып табылады. Осы саладағы басты заң ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексі болып табылады. Осы Кодекске сәйкес, прокурорлық қадағалау қылмыстық процесте заңдылық пен әділеттілікті қамтамасыз етуге бағытталған көптеген функциялар мен өкілеттіктерді қамтиды.

Прокурорлық қадағалау қылмыстық істерді алдын ала талдау, сот шешімдерінің заңдылығы мен негізділігін бақылау, сот отырыстарына қатысу, сотта мемлекеттің мүдделерін білдіру, сондай-ақ құқық қорғау органдары мен тергеу органдарының қызметін бақылау сияқты маңызды аспектілерді қамтиды.

ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес прокурорлық қадағалау қылмыстық істер материалдарын алдын ала қарау, тергеу әрекеттерінің заңдылығын бақылау, бұлтартпау шараларын қолдану, сондай-ақ сот отырыстарына қатысу және сот шешімдеріне шағымдану

арқылы жүзеге асырылады. Прокурорлық қадағалау қажет болған жағдайда қылмыстық істер қозғауды және азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөнінде шаралар қабылдауды да қамтиды¹.

Прокурорлық қадағалау тәртібін айқындайтын прокуратураның ішкі нормативтік актілеріне ҚР Бас Прокурорының нұсқаулықтары, бұйрықтары мен өкімдері сияқты құжаттар, сондай-ақ прокурорлық органдардың жұмыс тәртібі мен әдістерін белгілейтін басқа да нормативтік актілер кіреді.

Прокурорлық қадағалау ҚР прокуратурасының негізгі функцияларының бірі болып табылады және заңдылық, тәуелсіздік және бейтараптық қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылады. Прокуратураның ішкі нормативтік актілері прокурорлық қадағалау жүргізу тәртібін айқындайды, қылмыстық істерді талдау, құқық қорғау органдарының іс-әрекеттерінің заңдылығын бақылау рәсімдерін белгілейді, сондай-ақ заңдылықты бұзғаны және жұмыстағы кемшіліктері үшін жауапкершілік шараларын көздейді.

Осылайша, қылмыстық іс жүргізу заңнамасы мен ҚР прокуратурасының ішкі нормативтік актілері елдегі прокурорлық қадағалаудың жұмыс істеу тәртібі мен қағидаттарын айқындайтын маңызды құқықтық негіздерді білдіреді.

Прокурорлық қадағалау кезеңдері мыналарды қамтиды:

1. Қылмыстық іс материалдарын талдау: прокурорлық қадағалау прокуратураға түскен барлық қылмыстық іс материалдарын мұқият талдаудан басталады. Бұған тергеу органдары жинаған құжаттарды, куәліктерді, сарапшылардың қорытындыларын және басқа да дәлелдемелерді зерттеу кіреді. Бұл кезеңнің мақсаты ықтимал заң бұзушылықтарды немесе тергеудегі кемшіліктерді анықтау болып табылады.

2. Қылмыстық қудалау органдары қабылдайтын шешімдердің заңдылығын тексеру: прокурорлық қадағалау қылмыстық қудалау органдары қабылдайтын шешімдердің заңдылығы мен негізділігін тексеруді қамтиды. Бұл бұлтартпау шараларын қолданудың дұрыстығын, айыптау актісінің заңдылығы мен негізділігін, сондай-ақ қабылданған сот шешімдерінің заңдылығын талдауды қамтуы мүмкін².

Прокурорлық қадағалаудың қолданылатын әдістері мен құралдары:

1. Тексерулер мен аудиттер жүргізу: прокурорлар құқық қорғау органдары мен тергеу органдарының қызметіне олардың жұмысындағы заң бұзушылықтар мен проблемалық салаларды анықтау мақсатында тексерулер мен аудиттер жүргізе алады.

2. Қылмыстық процеске қатысушылармен жауап алу және қарым-қатынас жасау: прокурорлар қосымша ақпарат алу және қылмыстық істің мән-жайларын нақтылау үшін куәгерлерден, жәбірленушілерден және қылмыстық процестің басқа да қатысушыларынан жауап ала алады.

3. Құжаттама мен дәлелдемелерді талдау: прокурорлар проблемалық нүктелер мен Заңдылықтың бұзылуын анықтау үшін тергеу барысында жиналған барлық қолда бар құжаттарды, куәліктерді, сарапшылардың қорытындыларын және басқа дәлелдемелерді талдайды.

4. Сот отырыстарын өткізу: прокурорлар сот отырыстарына айыптаудың өкілдері ретінде қатысады және мемлекет мүддесі үшін дәлелдер мен дәлелдемелер ұсынады.

5. Өтініштер мен шағымдармен сотқа жүгіну: прокурорлар іс жүргізу шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы өтініштермен сотқа жүгіне алады, сондай-ақ соттың заңсыз шешімдеріне шағымдар бере алады.

¹ Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231>

² Прокуратура туралы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 2022 жылғы 5 қарашадағы № 155-VII ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000155>

Әр түрлі елдердегі прокурорлық қадағалау құқықтық жүйе мен саяси құрылымның ерекшеліктеріне байланысты ұйымдастыру мен жұмыс істеуде айтарлықтай айырмашылықтарға ие болуы мүмкін. Мысалы, Германия немесе Франция сияқты континентальды құқықтық жүйесі бар елдерде прокурорлар, мысалы, Ұлыбритания немесе АҚШ сияқты жалпы заңы бар елдерге қарағанда, прокурорлық қадағалау саласында кең өкілеттіктер мен тәуелсіздікке ие. Бұл елдерде прокурорлық қадағалау көбінесе сот қадағалау жүйесінің бөлігі ретінде ұйымдастырылады, онда прокурорлар сотта қоғамның мүдделерін білдіреді және сот процесінде заңдылықтың сақталуын қамтамасыз етеді¹.

Жекелеген елдердің прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру және жүзеге асыру саласындағы тәжірибесіне тоқталар болсақ:

1. Германия: Германияда прокурорлық қадағалауды Тәуелсіздік пен автономияның жоғары дәрежесі бар прокурорлық органдар жүзеге асырады. Прокурорлар қылмыстық процесте заңдылықтың сақталуын бақылауды жүзеге асырады және бұзушылықтар анықталған жағдайда тергеу органдары мен соттардың қызметіне араласуға құқылы.

2. АҚШ: Америка Құрама Штаттарында прокурорлық қадағалау көбінесе федералды және штаттық прокурорлар деңгейінде ұйымдастырылады. Прокурорлардың қылмыстық процесте заңдылықты сақтау бойынша кең өкілеттіктері бар, оның ішінде тергеуге араласу және сотта айыптау мүдделерін білдіру құқығы бар.

3. Франция: Францияда прокурорлық қадағалауды заңдылықты сақтауды және қоғамның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін прокурорлар мен мемлекет өкілдері жүзеге асырады. Прокурорлар қылмыстық процесте әділеттілік пен заңдылықты қамтамасыз ету үшін тергеу органдары мен соттардың қызметіне араласуы мүмкін².

Қорытындылай келе айтарым прокурорлық қадағалау қылмыстық процесте әділеттілікті, заңдылықты және азаматтардың құқықтарын қорғауда маңызды рөл атқарады. Ол әділет жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады, сот процесінің тәуелсіздігі мен бейтараптығын қамтамасыз етеді, озбырлық пен билікті асыра пайдаланудың алдын алады. Прокурорлық қадағалаудың рөлі құқық қорғау органдары қызметінің заңдылығының сақталуын бақылау, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, сондай-ақ заңсыз әрекеттердің алдын алу және қылмыстық істерде шындықты белгілеу болып табылады. Прокурорлық қадағалау қоғамның сот төрелігі жүйесіне деген сенімін арттыруға ықпал етеді және құқықтық мемлекет қағидаттарын сақтаудың кепілі болып табылады.

Библиографиялық тізім

1. Қылмыстық сот ісін жүргізуде адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтарын соттың қорғауы туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2010 жылғы 25 маусымдағы N 4 Нормативтік қаулысы.

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231>

3. Прокуратура туралы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 2022 жылғы 5 қарашадағы № 155-VII ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000155>

4. М.С. Нәрікбаев Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау Астана: Әділет, 2005

5. Ақпарова Р.Н. ҚР прокуратура органдары.- Алматы. Данекер, 2000

¹ М.С. Нәрікбаев Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау Астана: Әділет, 2005

² Ақпарова Р.Н. ҚР прокуратура органдары.- Алматы. Данекер, 2000

ӨОЖ 342

Шахаева Г. Б.

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті,
«Құқықтану» кафедрасының аға оқытушысы, Ақтау қаласы
gulzada.shakhayeva@yu.edu.kz

UDC 342

Shahaeva G. B.

Senior lecturer of the Department "jurisprudence"
Caspian technologies named after sh. Yessenov
University of engineering and engineering, Aktau
gulzada.shakhayeva@yu.edu.kz

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ЕРКІНДІГІНІҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аннотация

Қорғаудың, қамтамасыз етудің принциптері, әдістері мен формалары, сондай-ақ жеке қарым-қатынаста да, мемлекеттік органдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының қызметінде де сөз бостандығын шектеу талданады. Бұл институтты демократиялық қоғам жағдайында жетілдіру жолдары белгіленген. Мақаланың мақсаты-сөз бостандығының ғылыми негізделген анықтамасын қарастыру, қоғамның дамуындағы сөз бостандығының қажеттілігін, адамның конституциялық және басқа да құқықтарын қамтамасыз етудегі қызметті анықтау, ақпарат бостандығын іске асыруға әсер ететін факторларды көрсету, ақпаратты беру тәсілдерін талдау, Ақпараттық гигиенаның қызметін дәлелдеу, ақпаратты демократиялық қоғамның өлшемі ретінде дұрыс пайдалану.

Түйінді сөздер: сөз бостандығы, ақпарат ағыны, ақпарат беру, ақпараттық гигиена, журналистика.

CONSTITUTIONAL AND LEGAL BASIS OF FREEDOM OF PRESS INFORMATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Abstract

The principles, methods and forms of protection, provision, as well as the restriction of freedom of expression both in personal communication and in the activities of state bodies and the media are analyzed. Ways to improve this institution in the conditions of a democratic society are outlined. The purpose of the article is to consider a scientifically substantiated definition of freedom of speech, to identify the need for freedom of speech in the development of society, activities in ensuring constitutional and other human rights, to indicate factors affecting the implementation of freedom of information, to analyze methods of information transmission, to prove the function of information hygiene, to correctly use information as a criterion of a democratic society.

Key words: freedom of expression, information flow, information transmission, information hygiene, journalism.

Бұқаралық ақпарат құралдарының еркіндігі адам бостандығының маңызды алғы шарты болып табылады. Мемлекеттің алтыншы Евразиялық медиа-форумда сөйлеген сөзін басшылыққа ала отырып: «...тұрақты демократия болуы үшін адамдардың тұрақты дамуы және өзара бейбітшілікте болуы қажет. Бұл жерде, сөз еркіндігі жауаптылық бостандығын

білдірмеуі тиіс»¹. Бұқаралық ақпарат құралдарының еркіндігі Қазақстан Республикасында демократиялық институттарды және адам мен азамат құқықтары мен бостандықтарын жоғары қоятын азаматтық қоғамды қалыптастыратын маңызды күрделі құрал болып табылады. Бұқаралық ақпарат еркіндігінсіз, яғни сөз еркіндігінсіз азаматтық қоғамды елестету мүмкін емес.

Ақпарат (әлеуметтік тұрғыда) – қоғамдық тұрмыс процесін барабар бейнелейтін мәліметтер жиынтығы. Осы анықтаманы қарастыруда, бірнеше мәселелерге көңіл аударуымыз қажет. Біріншіден, ақпарат – мәліметтер жиынтығы ретінде баспа, аудио, аудиовизуалдық өнім түрінде рәсімделген материалдар, жаңалық хабарлар ретінде түсіндіріледі. Екіншіден, мәлімет қоғамдық тұрмыс процесін бейнелейді. Әрине, бұл жерде қоғамдық тұрмыс процесінің өзі мәліметтердің пайда болуының қайнар көзі болып табылады. Бұл жерде мәлімет адамның қабылдауы үшін бейімделген шынайы оқиғаны бейнелеуі тиіс. Үшіншіден, адамның қабылдау нысаны үшін бейімделген қоғамдық тұрмыс процесінің бейнесі барабар болуы тиіс, яғни тұлға (әрбір адам) шынайы шындыққа сай болатын ақпаратты иемденуі қажет. Қазақстан Республикасының ақпараттық туралы заңында былай делінген: ақпарат дегеніміз – оны ұсыну нысанына қарамастан тұлға, зат, оқиға, құбылыс туралы мәліметтер болып табылады.

«Ақпарат» ұғымын зерттей отырып, міндетті түрде «бұқаралық ақпарат» ұғымын байымдауымыз қажет. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23-шілдедегі «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңының 1-бабы бойынша², бұқаралық ақпарат-тұлғалардың шектеусіз топтарына арналған баспа, дыбыс-бейне және өзге де хабарлар мен материалдар болып табылады. Бірақ бұл анықтаманы толық деуге болмайды, өйткені онда бұқаралық ақпаратты тарату тәсілдері мен құралдары толық ескерілмеген. Сондықтан бұқаралық ақпарат-арнайы техникалық жүйе мен құрылымдар көмегі арқылы бұқаралық ақпарат құралдарымен таратылатын, шектелмеген тұлғалар шегі үшін тағайындалған, адекватты түрде қоғамдық тұрмыс процесін бейнелейтін мәліметтер жиынтығын білдіреді. Осы анықтаманы жеке-жеке талдай отырып, «бұқаралық ақпарат» ұғымы ғылыми байымдау ретінде үш құрылымнан тұратын күрделі жүйені құрайды: коммуникативтік (ақпараттық), институционалдық (бұқаралық ақпарат құралдарды тарату нысаны ретінде) және техникалық (типографиялар).

XX ғасырдың басында атақты философ және тарихшы Н.Л. Бердяев былай деген еді: «кеңістікте күшті орталықтандырылған мемлекеттік билік орын алды, барлық өмір мемлекеттік мүддеге бағындырылып, жеке және қоғамдық күштердің еркіндігі аяқ асты болды. Адамдардың өзінің жеке құқықтарын сезінуі әлсіз болды және топтар мен таптардың жеке істері дамыады»³. Теңсіздіктің, тұлғаның құқық еркіндігінің аяқ асты болуы, құқықтық сананың төменгі деңгейі күнде біздің қоғамымызда да орын алып отыр. Сөз еркіндігі, өзінің жеке пікірін білдіру, жеке басы және тұрғын үйге қол сұқпаушылық мәселелері мемлекет немесе адамзат мүддесіне қатысты шешілді ме деген сұрақ туындайды. Міне, осы мәселені зертеу кезінде атақты декабрист А.А. Бестужев сөз еркіндігі мәселесін Наполеонның жаулап алуымен байланыстырады, «тұңғыш рет халық өзінің күшін сезінгенде, олардың жүрегінде тәуелсіздік сезімі оянды, алдымен саяси, соңынан халықтық. Бұл әрине, сөз еркіндігінің бастауы болды...»⁴. Тарих бетіне қарап отырсақ, адамзат баласы сөз еркіндігін беруді талап етуден жалыққан емес, оның салдары мемлекеттік билік тарапынан қудалауға әкеп отырғаны бәрімізге мәлім жайт.

¹ Қазақстан Республикасы «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» 1999жыл 23 шілдедегі заңы (2006жыл 5-шілдедегі өзгертулер мен толықтыруларды қоса)// Егемен Қазақстан. -2023. -5 шілде.

² Бердяев Н.Л. Судьба России. – М.,1990. -666.

³ Избранные социально-политические философские произведения декабристов. –М., 1951. Т.1. -189б.

⁴ Қазақстан Республикасы Конституциясы. Алматы, 2023ж.

Елімізде ақпарат құқығы толық көлемде адам және азамат құқықтары мен бостандығы туралы Декларация қабылданғаннан кейін, конституциялы түрде тіркелді және Қазақстан Республикасы Конституциясында ақпарат құқығы туралы арнайы қалып орын алды. 20-баптың 2-тармағында былай делінген: «әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және тартуға құқығы бар». Осы арада тағы бір маңызды қалып көзделген, 20 – баптың 1-тармағында бұқаралық ақпарат еркіндігіне кепілдік беріледі және цензураға тыйым салынады. Сонымен қатар, мемлекеттік құпияға қатысты мәліметтер еркіндігіне толық негізделген шектеулер белгіленген. Яғни, Қазақстан Республикасы Конституциясының 20-бабы 3-тармағында, «Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді», - делінген[5].

Ақпарат құқығын конституциялық рәсімдеудің демократиялық негізі мына құжаттарда: адам құқығы Декларациясымен және Қазақстан Республикасы Конституциясымен қамтиды. Міне, осы заңнамаларға жүгінсек, баспасөз еркіндігі үш компонентке бөлінеді. Олар: бұқаралық ақпарат құралдарының еркіндігі, азаматтардың бұқаралық ақпарат құралдарында сөз еркіндігі құқығы және цензураға жол берілмеуі. «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақстан Республикасы заңының негізгі бағыты-бұқаралық ақпарат құралдары тәуелсіздігінің кепілдігі, цензураның жойылуы, журналистердің мемлекеттен ақпараттарды алу құқығының қамтамасыз етілуі болып табылады. Осы заңға орай, Қазақстан Республикасында бұқаралық ақпарат еркіндігіне мыналар жатады: бұқаралық ақпараттарды іздеуге, алуға, таратуға; бұқаралық ақпарат құралдарын құруға, иеленуге, пайдалануға және оны таратуға; бұқаралық ақпарат құралдар өнімдерін тудыру және тарату үшін тағайындалған құрал-жабдықтарды, шикізаттар мен материалдарды және техникалық құралдарды дайындауға, иемденуге, сақтауға және қолдануға шектеу қойылмайды. Жоғарыда аталған жалпы ережелер азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактінің қалыптарына сай болуы тиіс. Міне, бұл ережелер тек заңмен ғана белгіленеді және мемлекет қауіпсіздігін, қоғамдық тәртіпті, халықтың денсаулығын қорғану үшін өзге тұлғалардың құқығы мен ар-ожданын сыйлау үшін қажет.

Бұқаралық ақпарат құралдары және азамат арасындағы қарым-қатынас жүйесін белгілеуде, азаматтың құқығының шегін анықтауымыз қажет. Олар төмендегідей құқықтармен теңестіріледі: өзіндік бұқаралық ақпарат құралдарын құрау, пайдалану және тарату құқығы. Әрине, бұл құқық шегі сөз және ой бостандығынан көлемді екені сөзсіз. Азаматтың жеке меншік құқығындағы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ақпараттарды іздеу, өндіру және тарату құқығы; осы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы объективті шынайы ақпараттарды алу құқығы. Міне, осы аталған құқық шектері цензураға тыйым салумен қатар Конституцияда көрініс алуы тиіс деп ойлаймын. Қазақстан Республикасы Конституциясының тиісті бабында азаматтардың осы конституциялық құқығын жүзеге асыру механизмін бейнелейтін арнайы заңға сілтеме жасалуы қажет.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 20-бабында көзделген өзгеде қалыптар ақпарат еркіндігінің мазмұнын молайтады. Яғни, бірінші тармақта, сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік берілсе, екінші тармақта – заңды түрде кез келген тәсілмен ақпарат алуға, беруге және таратуға құқық берілген. Сонымен, біріншіден, осы еркіндік заңмен нақтыланған болса, екіншіден, оның терең генетикалық ара-қатынасы сипатталынып отыр.

Мемлекет тарапынан бұқаралық ақпарат еркіндігінің конституциялық кепілдігі ретінде төмендегідей ережелерді атауға болады: лауазымды тұлғалардың мән-жайларды жасырғаны үшін жауапкершілігі, Парламент палаталары отырысының жариялылығы, сот өндірісінің жариялылығы және тағы басқа ақпарат еркіндігі үкімет қызметі туралы ақпаратқа шешімдер қабылдау үдерісіне қатыса алу үшін жұртшылықтың құқығын қамтиды. Сондықтан ақпарат еркіндігі саласындағы заңнама билік органдарының барлық мәжілістері азаматтар үшін

ашық болып табылады деген жалпы ережені белгілеуі тиіс. Осы мәтіндегі «билік органдарына» ұсынымдық сипаттағы шешімдерді шығаратын органдар емес, керісінше міндетті күші бар ақпаратқа шешімдер қабылдау өкілеттілігіне ие органдар жатады. Саяси бірлестіктер, яғни бір саяси партияның мүшелерінің съездері билік органдары болып есептелінбейді. Екінші жағынан сайланбалы органдар мен комитеттерінің мәжілістері жоспарлау және аумақтық алқалардың халыққа білім беру бөлімдерінің, өнеркәсіпті дамыту бөлімдерінің мәжілістері «билік органдары мәжілістерінің» санатына енгізілуі тиіс. Мәжіліс туралы хабар жұртшылықтың оған қатысуға шынайы мүмкіндігінің болуына қажет. Заңда мәжіліске шынайы мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік органдардың мәжілістері туралы алдын ала хабарлауды талап ету ережелері көзделуі тиіс сияқты.

Бұқаралық ақпарат еркіндігі ұғымын талқылаудан бұрын, осы құбылыстың тарихына қысқаша тоқтала кеткен жөн. Сөзсіз, жаңа тарихтың ерте кезеңінде бұқаралық ақпарат баспасөз құралы арқылы ғана таратылды, өйткені өзге бұқаралық құралдарының (радионың, теледидардың) пайда болуы үшін ғылыми жаңалық ашу керек еді. Баспасөз еркіндігі туралы мәселе оның мемлекеттен немесе шіркеуден тәуелсіздігі туралы мәселеге келіп тіркелген. Д. Кин өзінің «Бұқаралық ақпарат құралдары және демократия» атты еңбегінде былай дейді. «Баспасөз еркіндігінің классикалық концепциясын қайта қарау және XX ғасырдың аяғындағы бұқаралық ақпарат құралдарының даму ерекшелігін бейнелеуге қабілетті ақпарат еркіндігінің жаңа теориясын қалыптастыруымыз қажет». Сонымен, қорыта келе, бұқаралық ақпарат еркіндігі - тұлғалардың шектеусіз топтарына арналған қоғамдық тұрмыс процесін бейнелейтін адекватты хабарларды, мәліметтерді арнайы жүйемен және құрылымдардың көмегі арқылы бұқаралық ақпарат құралдарын кедергісіз тарату мүмкіндігі болып табылады. Ең алдымен, мына мәселелерге көңіл бөлуге тиіспіз: бұқаралық ақпарат еркіндігін жүзеге асыру үшін бұқаралық ақпарат құралдарын құру, иелену, пайдалану және билік ету шектелмеуі тиіс. Бұқаралық ақпарат құралдары мемлекетке тәуелді болмауы, саяси жүйенің жеке институты ретінде қызмет етуі тиіс. Бұқаралық ақпарат құралдары мемлекетпен, қандайда бір мемлекеттік билікпен, ірі коммерциялық құрылымдармен, саяси партиялармен монополияланбауы тиіс. Сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ақпаратты іздеуге, алуға, өндіруге және таратуға шектеу қойылмауы тиіс.

Библиографиялық тізім

1. Қазақстан Республикасы «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» 1999жыл 23 шілдедегі заңы (2006жыл 5-шілдедегі өзгертулер мен толықтыруларды қоса)// Егемен Қазақстан. -2023. -5 шілде.
2. Бердяев Н.Л. Судьба России. – М.,1990. -666.
3. Избранные социально-политические философские произведения декабристов. –М., 1951. Т.1. -189б.
4. Қазақстан Республикасы Конституциясы. Алматы, 2023ж.